

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Южно-Казахстанская область

Аким Малахат	3
Алпысбаева Асылай	6
Алтынбек Назгүл	9
Аманбек Ақерке	12
Амандықова Айдана	16
Әбдеш Дана	18
Әкімбек Жанель	20
Бабаханова Дилдора	23
Бекен Ақбаян	26
Дархан Аружан	28
Ержанов Әли	32
Жамалхан Гүлнұр	34
Қабдыш Айдана	38
Қалдыбай Айзада	40
Қалибек Аружан	43
Кенжетай Айнұр	45
Қосан Сәния	48
Құрманғазыұлы Әшірхан	51
Мәрімбай Ақниет	54
Мәркібай Жанерке	58
Мәулен Ақниет	62
Мұратбекова Сандуғаш	66
Мусаев Данияр	68
Надирова Оғилжан	70
Ниязбеков Асқарбек	73
Равшанбекова Парвина	75
Рахман Мереке	78
Садық Алуа	81
Салыбаева Маржан	85
Сартбай Қарақат	89

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Серікбай Үміт.....	92
Сиддикова Нилуфар	95
Сыбанбай Дәурен	99
Тораханов Т.	102
Төлеген Жанпейіс	105
Тұрлыбек Жазира	108
Тұрсынбай Меруерт	111
Тұрсынғали Гүлзат	113
Ұлмаханова Қымбат	115
Хасанова Жамила	118
Хасанов Суннатұлла.....	120
Шаншархан Бейбарыс.....	121
Шаханова Мадина	123
Эргешова Шахсанам.....	125

Аким Малахат

«Шорнақ» жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы
Жетекшісі: Р.Жұмағұлова

Бейбіт күн жасасын әлемде!

Жерге терінді төксең,
Жеміске кенелесің.
Халқың үшін қаныңды төксең,
Абыройға кенелесің
Бауыржан Момышұлы

9 мамыр-баршамыз үшін қасиетті де қастерлі күн. Өйткені, 9 мамыр - фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні – Ұлы Жеңіс күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 71 жыл бұрынғыдай сыздайды. Ол күні жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады. Әлемді бақытқа бөлеген бұл қуанышты күн миллиондаған бабаларымыз бен аналарымыздың қасиетті қанымен келді. Біздің бақытты болашағымыз үшін қасық қаны қалғанша күрескен жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен жақындатқан аталарымыздың ерен еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жері бүгінгі күн дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы – біз үшін үлкен мақтаныш, мол жетістік. Қазір Республикамыз дүние жүзіндегі алдыңғы қатадың мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды саясатының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында.

Тарихи деректерге сүйенсек, Түркістан ауданы бойынша Ұлы Отан соғысына 18500 адам шақырылған Түркістандықтар ел басына күн туған алғашқы күннен бастап Отан қорғауға аттанып, Жеңіс тойын Берлинде тойлауға дейін қатысқан. Майдан шебінде жаумен шайқаста көрсеткен жанқиярлық ерліктері үшін төрт жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Атап айтсақ, Абдулла Үсенов, Құрманбай Ырысбеков, Файзулла Юлдашев, Расул Есетовтер. Құрманбай Ырысбеков туып - өскен Шорақ ауылындағы мектеп – интернат Батыр ағаның есімімен аталады . 2010 жылы Ұлы Жеңістің 65 жылдағы мерекесіне байланысты «Шорнақ» орта мектебі алдына Шорнақ елді мекенінен Отан қорғауға аттанып, ел бейбітшілігі үшін ерлікпен шайқасқан азаматтарға мың алғыс айтып, үлкен ескерткіш тақтаға есімдерін жазды. Алайда жеңісті жақындату үшін соғыста өртке оранып, жаумен бетпе-бет шайқасқан бабалардың орны ешқашан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

толмас. Келешек ұрпаққа, яғни бізге бақытты өмір сыйлаған батырлар есімі мәңгі ұмытылмайды. Олардың есімін мақтанышпен атай отырып, рухына тағзым етеміз.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деп Ілияс Жансүгіров жырлағандай, Ұлы Жеңістің 71 жылдық тойында «Шорнақ» ауылы соғыс ардагерлерінің есімін құрметпен атауды жөн көрдім. "Шорнақ" ауыл округінен 288 азамат Ұлы Отан соғысына аттанған. Оның 190-ы майдан шебінде қайтыс болған. Елге Жеңіс туын желбіретіп 98 майдангер оралған. Олардың бірі Абулқасимов Ғайбулла, Атанов Абдуманнап, Саржанов Мұстафа, Сарымсақов Ғани, Сейдуллаев Атажан, Сейітбеков Айтуар, Убаев Хаджимурат, Юсупов Абдуғани, Шорнақ ауыл округінде ерекше көзге көрінген. Ол Құрбанбай Ырысбеков соғыста ерекше ерлік көрсеткен азамат. Ол 1922 жылы "Шорнақ" селосында туған. Қызыл Армия қатарына шақырылғанға дейін мектепте тарих және география пәндерінің мұғалімі болған. 1937 жылдан комсомол мүшесі Құрбанбай Ұлы Отан соғысына 1942 жылы көктемде аттанды. Неміс басқыншыларымен күресте шыныққан ер жүрек жас әскер іс - қимылды тез әрі терең меңгерумен, біліктілігімен және ержүректілігімен көзге түсіп кіші лейтенант - атқыштар взводының командирлігіне дейін көтерілді және Днепр үшін болған ұлы шайқаста өз атын өшпес даңққа бөледі.

Қазіргі кезде біздің «Шорнақ» жалпы орта мектебінде Құрбанбай Ырысбековтың немересі бізде 11-сыныпта физика пәнінен сабақ береді. Ол ағайды біз қатты құрметтейміз. Құрбанбай Рысбеков ағайымыз былтыр соғыстың 70 жылдығында Украинаға барып келді. Сонымен қатар мен Әкім Малахат Бахтиярқызы 11-сыныпта білім алып жүрмін. Менің де атам Бабаханов Әкім соғысқа қатысқан, соғыс ардагері, жеңістің жақындауына өз үлесін қосқан.

Бабаханов Әкім 1925 жылы 25 қаңтарда дүниеге келген. Соғысқа дейін колхозда тракторшы болып жұмыс істеген. Майданға 1943 жылы аттанған. Украинаны, Латвияны, Литваны, Эстонияны азат етуге қатысып, Жеңісті Германияда қарсы алған. Соғыста қолына оқ тиіп жарақаттанған. Сонда да жауға қарсы күрескен. Бейбіт өмірде колхозда еңбек еткен. Қазіргі кезде 3 ұл, 2 қызы бар. Олар: Бахтияр, Құрбанәлі, Мирзакарім. Қыздары: Инабат, Мухаббат 12 немересі бар. Атамның ерлігін мен мақтанышпен айта аламын. Мен де атам сияқты өз еліме еңбек етіп өз үлесімді қоссам деймін.

Ұлы Жеңіс-тарихта айрықша орын алатын, талай боздақтарымызды жалмаған соғыста жаудың тізе бүккені, жауынгерлеріміздің қаһармандық ерлігінің арқасында келген мерейіміз. Жанын аямай Отанымызды жау табанына таптатпағаны үшін де біз оларға тағзым етіп бас иеміз. Ендігі тілегіміз Егемен елімізде мұндай алапат соғыс ешқашан орын алмасын, аспанымыз ашық, бейбітшілік пен тыныштық болсын!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Елбасымыз Н.Ә Назарбаевтің дана саясаты,кемеңгер басшылығының арқасында асулардан асып, өркениетті елдердің қатарына қосылу жолындағы ұланғайыр еңбекке біз де лайықты үлесімізді қоса береміз! Бейбіт аспанымызды ешқашан да бұлт шалмай, ашық аспанымыз адамдардың бойына әрдайым ізгілік нұрын дарыта берсін!

Ұлы Жеңістің 71 жылдық мерекесі құтты болсын!.

Алпысбаева Асылай

10 сынып Ж. Еділбаев атындағы
№18 мектеп-гимназия ОҚО Түркістан қаласы
Жетекшісі: Ауезова Майра

Мәңгілік өшпес отты жылдар

1941 жылдың 22-маусымында қанқұйлы фашизмнің қара бұлттай қаптаған қолы Кеңес Одағына соғыс ашты. Бұл соғысқа Қазақстаннан 1млн 196 164 адам қатысты. 12-атқыштар дивизиясы, 4-ұлттық әскери дивизиясы, 7-атқыштар бригадасы, 50-ге жуық полк пен батальон құрылып майданға аттанды. Тарихта теңдесі жоқ қаһармандық көрсеткен Брест қорғаушыларының қатарында 3 мыңдай Қазақстандық қатысты.

8-гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында 28 панфиловшы батыр Мәскеу түбінде бүкіл дүние жүзін таң қалдырған ерлік жасады. Қазақстандықтар София мен Варшаваны, Бухарест пен Белградты, Будапешт пен Венаны, Праганы, жүздеген, мыңдаған қалалар мен селоларды азат етуге қатысты. Қазақ жауынгерлерінің майдандағы ерлігі мен тапқырлығы, жауынан тайсалмайтындығы мен сұстылығы достарымызды сүйсіндіріп, дұшпандарымызды күйіндірді. Қазақтар шын мәнінде жаратылысы батыр, ерлік дәстүрі қалыптасқан ержүрек халық екенін дәлелдеді.

Мәскеу түбіндегі шайқаста саяси В.Г.Клочков басқарған бөлімше 28 панфиловшылар жаудың 50 танкісіне тойтарыс беріп асқан ерлік көрсетті. 1941 жылы 17-қарашада дивизияға «8-гвардиялық» деген атақ беріліп, кейінірек «ҚызылТу», «Ленин» ордендерімен, ал Риганы жаудан азат еткені үшін «Екінші дәрежелі Суворов» орденімен марапатталды. Бұл шайқаста ерлік танытқан 28 жауынгер «Кеңес Одағының Батыры» атағын иеленді. Сонымен бірге Волоколамск түбінде үлкен ерлік көрсетіп қаза тапқан талантты қолбасшы, қаһарман командир И.В.Панфиловке «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

1942 жылы ауқымы жағынан адамзат тарихында болып көрмеген Сталинград шайқасының отты жалыны қазақ даласын да шарпыды. Полковник Ғани Сафиулин басқарған 73-гвардиялық дивизияның өзі жаудың 120 танкісін, 800 автомашинасын жойды. Сталинград майданында шайқасқан 29 және Алматының 38-атқыштар дивизияларының даңқы шықты. Қазақстанда жасақталған бөлімдер Мәскеу мен Ленинградты қорғасты, Балтық бойы республикаларының, Украина мен Белоруссияны жаудан тазартты. Днепрде, Одерде ерлік үлгілерін көрсетті, Еуропаны жаудан тазартты. Жау ұясы Берлинге шабуыл жасады.

Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар мен бөлімдердің көбі Совет – Герман майданының аса жауапты учаскелерінде болып, жауынгерлік ерлік пен әскери табандылықтың қатал сындарынан сүрінбей өтті. 470-ке жуық

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Кеңес Одағының Батыры» атағы Қазақстандықтарға берілді, соның 96-сы қазақ болатын. Соғыста ерлермен бірге әйелдер де болды. Олар ұшақпен көкке самғады, танк жүргізді, пулемет арқалады, ұрыс даласында мергендік көрсетті.

Батырлық, ерлік қазақтың қанында бар. «Тегінде бар тек жатпас» деген, сол халықтың ұрпағы ерліктің небір үлгілерін көрсетті. Сұм соғыста жеңіске жету жолында жауға қарсы ұмтылған батырларымыздың есімі мәңгі ұмытылмайды. Олар: Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Н.Әбдіров, Т.Бигелдинов, Қ.Сыпатаев, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова т.б. Түркістандық батыр аталарымыз: Р.Есетов, Н.Шотаев, А.Рисметов, А.Дайрабайұлы.

1942 жылдың 19-желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық Нүркен Әбдіров оқ тиіп өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты.

Панфиловшы аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста өз батальонымен жау қоршауын 3 рет бұзып шықты. Соғысты Бауыржан Момышұлы полковник лауазымымен, 9-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. Белгілі орыс жазушысы А.Бектің «Волоколамское шоссе» повесі Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналады. Сөйтседе Б.Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай тек 1990 жылы еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей араласуымен оған «Кеңес Одағының Батыры» атағы берілді.

Бұл соғыс адамзат баласы үшін өте қырғын майдан болды. Бүгінгі деректерге сүйенсек: бұл соғыста қаза болғандардың 56млн, оның ішінде біздің отандастарымыз 20млн астам құрбан болған дерек бар. Соғыс тек қана қасірет әкелді.

Бізге соғыстың керегі жоқ. Біз бейбітшілікті сүйеміз.

1945 жылдың 9-мамырында бүкіл адамзат аңсаған 1418 күнге созылған соғыс Жеңіспен бітті. Сұрапыл соғыс адамдардың жүрегіне жазылмастай жара салды. Қаншама ошақтың отын өшірді, қаншама орман өртеніп, қаншама қала күлге айналды. Қаншама әйел «қара қағаз» алып жесір атанса, балалар әкелерінен айырылып жетім атанды.

Кеңес адамдары мылтықты да, мылтықсыз да майданда бірдей арпалысып жеңіп шықты. Күйзелген көңілдер, жүдеген жандар Жеңістен жұбаныш тапты. Жеңіске қолымыз жетті. Қандай құдіретті сөз еді бұл. Сол кезде Рейхстагқа туды 22 жасар қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев тікті.

Содан бері 71 бейбіт жыл артта қалды. 1945 жылы Берлинде фашистік Германия жеңілгенін мойындап қол қойды. Ал 9-мамыр күні 1000 зең-біректен бұрын-соңды болмаған 30 дүркін салют атылды. Міне, Жеңіс күні осылай келген еді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ССРО-Германия соғысында ерлік көрсеткен қазақстандық батырлар жайлы терең білдік. Биыл Жеңіске 71 жыл толып отыр. Әрдайым аспанымыз ашық, еліміз тыныштықта өмір сүрсін. Бүгінде Қазақстанды әлем тануда. Жаңа дүние, жаңа қоғамға бет бұрдық. Елбасымыз Нұрсұлтанның нұрлы жолымен болашаққа нық басайық.

1941-1945 жылдардағы соғыстың ерлікке толы қаһарлы жылдары барған сайын бізден алыстап тарихқа кетіп барады. Бірақ сол бір естен кетпес жылдар бізден неғұрлым алыстаған сайын Кеңес халқының ғажайып ерлігі соғұрлым ұлы болып көрінеді. Халықтарды езіп-жаншудан өз қанын төгумен аман сақтап қалғандарды адамзат баласы ешқашан ұмытпас. Соғыс жалыны басылғанына 71 жыл өтсе де оның өртінің лебі әлі сезіледі. Жеңіс күні бізге ең алдымен бейбітшіліктің бағасын ұқтырды. Қасіретті жылдар бізден алыстаған сайын қан майданға қатысып қанын төккен аяулы ата-әжелеріміздің есімдері тарих төрінде айшықтала түсуде. Олар бізге соншалықты қымбатқа түскен жеңістің қадірін ұғындырады. Миллиондаған адамның өмірімен қолымызға тиген 1945жылғы Жеңіс күні бізге қымбат.

Біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ ата-әжелеріміздің әңгімелерінен соғыстың не екенін түйсініп жанымыз түршігеді. Болашақ өмір, ұрпақ үшін жанын қиған ата-бабамыздың ерліктері ғасырлар өтсе де ұмытылмастай тарихта қалды. Соғыс ұлы сын мектебі, ерліктің, батырлықтың мектебі болды, соғысқандар үшін ғана емес, соңғы келер буындар үшін де мектеп. Соғыс кезіндегі Кеңес адамдарының сан қилы ерліктері – жас жүректерді шыңдайтын тәрбие мектебі. Қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батырлардың рухына мәңгілік тағзым етеміз.

Ағалар саптан шықпасын,
Аналар қабақ шытпасын.
Бақытқа жетіп бар адам,
Сәбилер тыныш ұйықтасын.

Алтынбек Назгүл

«Шарбұлақ» жалпы орта мектебі 7 сынып
Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы
Жетекшісі: Қалауова Ағира

Естен кетпес мәңгілік

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия соғыс жарияламастан жасалған келісімді бұзып КСРО аумағына басып кірді.

Германияның билеушілері КСРО-ны көп ұлттың өкілдері бұлар тұрақсыз, бірлігі жоқ ел деп білді. «Ғылыми-зерттеу институты» деп аталған «Арбайтегемайншафт Түркістан» атты жоғары барлау мектебі құрылып, болашақтағы «Үлкен Түркістан» картасын әзірлеген екен. Орта Азия мен Қазақстанды Ұлы Герман империясы үшін қуатты шикізат және азық-түлік базасын құру белгіленген.

Гитлершілдердің басты мақсаты Кеңес елін отарға айналдыру, халықты құлдықта ұстап дүниежүзіне үстемдік орнату болған. Мұның барлығын алдын-ала терең ойластырып фашист идеологтары кеңес адамдарын аяусыз қинап – өлтірудің кең көлемді бағдарламасын жасаған.

Бірақта КСРО азаматтары бұл жоспарды жүзеге асырмады. Зұлымдық ойдың тас-талқаны шықты.

Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Бүкіл елдің адамдары міндетті әскери даярлықтан өткен. Майданға Қызыл Армия қатарына 1200000 жуық қазақстандық аттанды. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еріктерімен жазыла бастады.

Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды.

1941-1945 жылдардағы адамзат тарихында бұған дейін болмаған алапат соғыста бірлік, достық жолында қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзатты қорғап, ерекше ерлік көрсетті. Жүзге тарта қазақ қаһармандарына Кеңес Одағының батыры деген абыройлы атақ берілді.

Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап-ақ қатарында мыңдаған қазақстандықтар шайқасқан кеңес жауынгерлері барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы кескілескен ұрыс жүргізді. Майдан даласында ұрыс салған мыңдаған қазақстандықтар отаншылдық пен ерліктің үлгісін көрсеткен. В.Г.Клочковтың: «Ресей кең байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ, артымызда Мәскеу», - деген жалынды сөзі бүкіл майданда ұранға айналған.

Мәскеу үшін болған шайқастарды еске ала келіп, Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, белгілі жазушысы Бауыржан Момышұлы былай деп жазады: «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темір болса да ерітіп, күйдіріп жібере

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік».

Сонымен Қазақстанда құралған әскер бөлімшелерінің үштен бірі Ленинград түбінде соғысты. Балтық флотындағы қызыл тулы «Киров» крейсерінде ғана 156 қазақстандықтар жауынгерлік сапта тұрған.

1941 жылы қазақтың халық ақыны Ж.Жабаев ленинградтықтарға «Ленинградтық өренім!» деген жырын арнады.

20-25 миллионнан астам ержүрек ұлдары мен қыздары құрбан болды. Бұл соғыста миллиондаған әйелдер жесір, балалар жетім, апалар ұлдарынан айырылды, соғыстың қайғысы өзегін өртемеген, оның құрбандығына шалынбаған отбасы қалмады.

Ұлы Жеңіске ат салысуда тылдағы еңбекте апаларымыз бен аналарымыз әкелерімізден кем түскен жоқ. Уақытпен санаспай, ыстыққа күйіп, суыққа тоңып Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосқан. Жауға атылған оқтың екеуі Қазақстанда жасалды. Бұл Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ.

Ұлы Отан соғысы халық үшін ауыр кезең болған. Отанды қорғау үшін еліміздің көптеген азаматтары майданға аттанса «Бәрі де майдан үшін» деп еңкейген кәрі, еңбектеген балаға дейін елін, жерін қорғап қалу үшін аянбай арпалысты. Халық тыныштық үшін, бақытты өмір үшін күресті. Сондықтан да әділетсіз соғысты бастаған фашистік Германияны жеңіп шықты.

Жоқ болмайды, мен өлмен,
Өшпес менде өмір бар.
Өлім мен өмір күресте
Өлімді өмір жеңе алар.

Біз алмастай қамал жоқ
Дүлей дауыл соқса да.
Жеңбестей еш күш жоқ
Алысса да, атса да.

Жеңіс! Қандай құдіретті сөз еді бұл! Осы бір сөзге төрт жылдай теңселген дүниенің қайғы-қасіреті, ащы азабы, тәтті арманы, ой-қиялы сыйып жатыр.

Ұлы Отан соғысы 1418 күн мен түнге созылды. Осы соғыста Кеңес Одағының 27 миллион адамы құрбан болды. Бұл деректің барлығы Ұлы Отан соғысының тарихында алтын әріппен жазылған.

Міне, осынау қан майданда жаумен жан қия айқасқан батыр ата-апаларымыздың рухына бас ие отырып, ол кісілердің бүгінгі ұрпаққа қалдырған кең байтақ азат елін, жерін қорғау, күту болашақ мына біздің қолымызда. Еліміз үшін, жеріміз үшін құрбан болған батырларымызға мың тағзым!

Жиырма миллион солдаттар жоқ тізімде,
Жиырма миллион жұлдыз жоқ көк жүзінде.
Олар қалды Сталинград биігінде, Курск иінінде!
Жиырма миллион бастарын тікті өлімге

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Олар қалды теңіздің түкпірінде.
Алтын ошақ көре алмай мекендерін,
Олар қалды жерінде шет елдердің.
Олар қалды Освенциум түрмесінде,
Олар қалды Берлиннің іргесінде...

Жиырма миллионды еске алсам «Мен соғысты жек көрем!»

Көкем айтып отырса,
Кім қасірет шекпеген.
Кім көз жасын төкпеген!
Талай өткен ғасырлар,
Еш соғыссыз өтпеген.

Мен соғысты жек көрем!
Күні ертең-ақ ер жетем!
Қиялымды өрлетем!
Туған жерді әлпештеп,
Кірпік ілмей тербетем!

Аманбек Ақерке

10 сынып Ғ.Мұратбаев атындағы шағын жинақты жалпы мектеп
Оңтүстік Қазақстан обл.,Отырар ауданы
Жетекшісі: Омарова Рабига Темирхановна

Бейбіт күн жасасын әлемде

Осыдан 71 жыл бұрын, дәл осы күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық-шекарашылар болды. Атақты Брест гарнизонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған және олардың көбісінің сүйегі беларусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындап шығарған.

Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, энеки, жағада тұр, -

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамyzдың торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

Иә, оны сан миллиондаған адамдар төрт жыл бойы минуттап, сағаттап сарыла күтті. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Кеңес халқы жан-тәнімен Отанын қорғады. Әрбір село, әрбір қала үшін кескілескен ұрыс болды. Қанішер неміс басқыншыларымен Кеңес азаматтары аянбай шайқасты. Ақыры олардың үміті мен сенімі ақталып армандары орындалды. Бірақ ол Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Жеңіс жолында да Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала ата-анасын жоғалтып жетім атанды. Фашистердің тұтқын лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азаптап өлтірілді. Ал, тылда қалған қарт аналар бесіктен белі шықпаған балалар соғыстың қайғы қасіретін арқалай жүріп тынбай еңбек етті.

Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі, қолына қару алып сапта тұрған көптеген ұлт өкілдерінің тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті. Сұрқия соғыс біздің Қазақстаннан да аттап өтпеді. Жүз мыңдаған отандастарымыз соғыстың алғашқы сәтінде—ақ майданға аттанды. Жауға атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды.

Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына, бүгін арамызда биік шындай болып жүрген аталарымызға басымызды иіп тағзым етуіміз керек. Олардың саны күннен –күнге азаюда . Сұрапыл соғыста «ел басына күн туғанда, етегімен су кешкен» ерлер мен бірге қолдарына қару алып, Әлия мен Мәншүк апамыз да асқан ерлікпен қаза тапты. Қасиетті жеріміз, бейбіт жатқан еліміз, құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің жауынгерлері қасық қаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 27 млн адамның өмірін жалмады. Міне осынау елімізге лаң салған алапаттың жеңіспен аяқталғанына биыл 71 жыл толып отыр. Ешкім де, ешқашан да ұмытылмақ емес. Осы намысқой қазақтың көксегені бүгін де орындалды деп ойлаймын. Ендеше, бүгінгі ұрпақ бақытты ұрпақ. Қазақ болып туғандарыңды мақтан етумен қатар, ұлты үшін намыс пен күш-жігерін арнайтын, арлы жас болып өсу бақытын тілеймін.

Сонымен, ардагерлер, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар, Ұлы Жеңістің 71 жылдық мерекесі құтты болсын!

Нық басайық анағырақ табанды,
Тең ұстайық ,ширақ аттап қадамды.
Кетер есе, құрыш білек жауынгер,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Рухты бол жеңілмейтін табанды!

Мектеп қабырғасынан алған білімді тиянақты да сапалы ету өз қолымда екенін де білемін. Егемендігімізді бойтұмардай сақтауды да ана тілімізді дәріптеуді де, тарихымызды бағалауды естен шығармаймын. Мен сенің атыңды жер бетіне жар салар перзентіңмін, Тәуелсіздікті мықтап қолға ұстайтын балаңмын деп сеніммен айтқым келеді.

Мен тәуелсіз елімнің гүлденіп,көркейе беруіне өз үлесімді қосамын. Халқымның жарқын болашағына сенемін.

Амандықова Айдана

7 сынып № 5 Абай атындағы ЖОМ

ОҚО Кентау қаласы

Жетекшісі: Туребекова Анаркуль Зархановна

Ұлы Отан соғысы

Біздің жүрегіміз темір емес. Міне, соғыстың біткеніне 71 жыл болды. Ата-баба қалдырған өнеге-үлгіні құрмет тұтып, оны қастерлеп жалғастыру жас ұрпаққа аманат. Әрбір адам елі үшін талмай қызмет етіп, халқының көркейіп өсуіне еңбек сіңіргенде ғана артына өшпестей із қалдырып, ұрпаққа ұлағатты өмір үлгісін тарту ете алады. Біздің ата-бабаларымыз болмаса, біз қазір тірі боламыз ба, болмаймыз ба енді бұл бір Құдайға аян. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол-отанға сүйіспеншілік. Ардагерлеріміз мылтықтың оғын босқа ұшырмай, өлім мен өмір алысты. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізде мақтаныш сезімін ұялатады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз – Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен-өзге ұлттарды құрметтейтін, өз ұлтын сүюші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар.

1941 жылы 22 маусымда – тарихта мәңгі қалатын қасірет күні. Жетпіс бір жыл бұрын осы күні Ұлы Отан соғысы басталды. Бүгін соғыс және еңбек ардагерлері, облыс орталығындағы кәсіпорындары мен ұйымдардың өкілдері, студенттері елі мен жері үшін өмірін қиып,

туған жерге оралмаған қаһар мен ерлерді еске алып, рухтарына тағзым етті. Қырық бірінші жыл жиырма екінші маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Гитлерліктер КСРО – ның батыс аудандарын басып алғаннан кейін, Сібір мен Қазақстанның ел эканомикасында маңызы күрт артқан. Жаудың қолына бермеу үшін соғыстың алғашқы айларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріле бастады. Қысқа мерзімнің ішінде Қазақстанның аумағына 142 кәсіпорын жайғастырылды, 532506 адам көшірілді. «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде. Тарихтың түкпіріне сөз келгенде – 1990 жылы кеш те болмаса тағзым ететін күн емес пе? «Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл – қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, құшақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өтетін болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де, бірегейі – Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болады деп санаймын. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3000 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест қамалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар ағылып жатты. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам Қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Міне, Кеңес Одағының батырлары мен ата-әже ардагерлерімізді сыйлап, құрметтеу біздің міндетіміз.

Әбдеш Дана

6-сынып «Қызыл жол» жалпы орта мектебі
Шымкент обл, Түркістан қаласы
Жетекшісі: Төлебаева Айгерім

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы

Міне, сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл. Сол бір кезде батырлық пен төзімділікті паш етіп, тарихта мәңгілік қалатын күн. Сол сұрапыл соғыс 1941-жылы 22-мамыр күні таң алдында басталды. Сол жылдары біздің халқымыз көп қиын күндерді бастарынан өткізді. Барлық соғысқа жарамды ер азаматтар соғысқа аттанды. Ал, әйелдер соғысқа аттанған азаматтардың тамағы мен киімдерін жеткізіп тұрды, ерлердің істейтін ауыр жұмыстарын істеді.

Ұлы Отан соғысының тарихына үңілсек, жеңіске Қазақстанның қосқан үлесі зор екендігін байқаймыз. Майданға Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Соғыстан 394 мың қазақ сарбазы қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы – қасірет әкелмеген отбасы кемде – кем. Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты.

Сұрапыл соғыс 1945-жылдың 9-мамырына дейін жалғасты. Елін, жерін, халқын қорғаған ержүрек батырлардың арқасында біз бейбітшілік заманға жеттік. Фашистік Германия тізе бүкті. 500-ге жуық жерлесіміз батыр атанып, аттары аңызға айналды.

Қазақстандық жауынгерлер рейхстагқа шабул жасауға қатысты. Оның төбесіне Жеңіс туын алғашқы болып қазақ халқының даңқты ұлы - Рақымжан Қошқарбаев тікті.

Ұлы Отан соғысының шежіресіне Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллиннің, Бауыржан Момышұлы мен Талғат Бегильдиновтың және көптеген жерелестеріміздің аттары алтын әріптермен жазылды. Біздер олардың ерліктерін ешқашан ұмытпаймыз! Мен, әрине, соғысты ұнатпаймын, қаншама адам қан төгіп, көз жұмады. Қазіргі таңда еліміздің тыныштығын сарбаздар қорғайды. Еліміз бейбіт, тыныш болсын! Ешқандай соғыс болмасын! Соғыс түгілі, екі баланың төбелесі болмасын!

Ұлы Жеңістің 71 жылдығына

Ержүректік пен төзімдікті паш еткен,
Жүректе мәңгілік бұл қалатын күн.
Таң алдында шықты олар ел қорғауға,
Фашистік Германияны талқандауға.

Рейхстагқа ту тігіп Рақымжан аға,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Пулеметті жауғызды Мәншүк апа.
Қорықпастан талмастан,
Бастарын тік ұстаған,
Жауынгерлер көп болған.

Әлия апа, Талғат ата,
Аттарың жазылады алтында.
Ел қорғадыңдар сендер ғана,
Сіздерге бас иемін тағы да.

Фашистік Германия тізе бүкті,
Халқымыз бейбіт күнге жетті міні.
Қуанды ата – анамыз,
Қуанды ата – бабамыз.

Ерлік жасаған көп батырларға арналған ерлік өлеңі.

Ерлік
Ерлік еткен адамдар,
Ер мінезді болар.
Елі үшін аянбаған,
Қиындыққа шыдаған.
«Қазақстан» деп ұран салған,
Жауға қарай ұмтылған,
Біздің батырлар талмастан

Әкімбек Жанель

Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы,
«Шарбұлақ» жалпы орта мектебінің 7 сынып оқушысы
Жетекшісі: Сүлешова Роза

Ұлы Отан соғысы

Екінші дүние жүзілік соғыс. Бұл соғыс негізінен германияның өкіметіне Адольф Гитлердің фашистік партиясының келуінен туындады. Гитлердің сайлауда жеңуі-оның мақсатына жетуіне көмектесті. Фашистік Германия 1939 жылы 1 қыркүйекте Польшаға шабуыл жасап, екі апта ішінде талқандайды. Осылайша Германия біртіндеп басқа да елдерді бағындыра бастады. Бәрі де осылай кете берер ме еді, бірақ Фашистік Германия енді КСРО-ға көз тіге бастады. Ал КСРО мен Германия арасындағы келісім байынша, Германия КСРО-ға шабуылдамауы керек болатын.

1941-жылдың 22-маусымында таңғы сағат төрттер шамасында Фашистік Германия әскерлері соғысты жарияламастан КСРО жеріне баса-көктеп кіреді. Германия жағында соғысқа Румыния, Италия, Венгрия, Финляндия, Словакия және Хорватия елдері де қатысты. Испания өкіметі кеңес-герман майданына еріктілерден құралған дивизия жібереді. Кеңес Одағына қарсы жүз тоқсан дивизия, оның ішінде. Жүз елу үш неміс дивизиясы, жалпы Герман қарулы күштерінің 80%-ы қатысты. Шығыс майданы Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші майданы болды.

Германия шабуылы Кеңес Одағына өте ауыр тиді. КСРО-ның батыс шекаралық аймақтарында жүз жетпіс дивизия шоғырланған еді. Соғыс қарсаңында қырық мыңнан астам командир мен саяси қызметкерлерді қуғын-сүргінге ұшыратқан болатын. Сөйтіп Қызыл армияның басшылық құрамы қатты әлсірейді. Кеңес одағында арнайы дайындалған әскер, қару-жарақ жеткіліксіз болғандықтан, елдегі 16 жасқа толған еркек кіндікті азаматтардың бәрін соғысқа алып кетуге мәжбүр болды. Сөйтіп елде тек қариялар, әйелдер мен балалар ғана қалады. Бұл соғыста әйелдер де қарап қалған жоқ, өз Отандарын қорғауға олар да барынша үлес қосты.

Фашистік Германия осылайша тыныш, қаннен-қаперсіз жатқан елге қорқынышпен қоса, аса ауыр еңбек, қайғы-қасірет ала келді. Бұл соғыс КСРО жағынан әділетті соғыс болғандықтан, біз оны «Ұлы Отан соғысы» деп атаймыз.

Кей адамдар бұл соғысты «қолдан жасалған соғыс», немесе «Сталин мен Гитлердің арасындағы ғана соғыс» деп те атайды. Қалай болса да сол кездің адамдары өз елін, жерін, Отанын қорғаудың тамаша үлгісін көрсетті.

Соғыс жылдарындағы ҚАЗАҚСТАН. Қазақстан соғыс жылдарында КСРО-ның қару-жарақ, шикізат арсеналына айналды. КСРО сырттан келген жауды қалай да болсын Қазақстанға кіргізбеуге тырысады. Себебі Қазақстан-

Кеңес Одағының орталығында орналасты. Егер жау Қазақстанға кірер болса, онда КСРО шикізат, азық-түлік қоймасынан айырылып, сөзсіз жеңілер еді.

Майданда атылған әр он оқтың тоғызы Шымкент қорғасын зауытында жасалған еді. Сарбаздарға барған азық-түлік те негізінен Қазақстаннан жеткізілетін болған. Ал осыншама өнімді елде қалған балалар, әйелдер мен қарттар өндірді.

Жас балалар таңнан қара кешке дейін тылда жұмыс жасады. Әйелдер ер-азаматтарынан, қарттар ұлдарынан, балалар әкелерінен айырылды. Көптеген үйлерге «қара қағаздар» келіп жатты.

Соғыс жылдарында Қазақстаннан 1,7 млн. адам соғысқа аттанды. Оның көбі елге мүгедек боп оралып жатты. Енді біреулері майданнан оралмай, опат боп жатты. Ал белгісіз боп, із-түзсіз жоғалып кеткендер қаншама... Соғыс жылдары Қазақстанға Кеңес Одағының батыс аудандарындағы көптеген өнеркәсіптік өндірістер көшірілді. Ауыр машина жасау зауыттары, сондай-ақ тоқыма, мақта мата, аяқкиім фабрикалары Қазақстан жерінде өнім беріп, майдан қажетін өтеуге кіріседі.

Соғыс жылдарында Қазақстанда еңбек өнімділігі екі есеге артады. Тіпті кей адамдар ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруден рекордтар орната бастады. Мысалы Ыбырай Жақаев күріш өсіруден, Шығанақ Берсиев тары өндіруден, Жазылбек Қуанышбаев мал төлдерін өсіруден рекордтар жаңартты. Елде қалған, тылда жұмыс істеп жүрген балалар, қарттар мен әйелдер «Бәрі де майдан үшін!» деп ұрандатып жүріп, еңбек етті. Өздері аш болса да, майдандағылардың қамын жасап, соларға азық-түлік жіберумен болады. Соғыс жылдарында ел қатты жүдесе де, қиналса да, жеңіске өздерінің ерен еңбектерімен, атсалысып жүріп жетеді.

КСРО-ның, ҚАЗАҚСТАННЫҢ батырлары. Ұлы Отан соғысында небір батырлар ерлік көрсетті.

Полковник Ғани Сафиулин басқарған 73-гвардиялық дивизиясының өзі ғана жаудың 120 танкісі мен 800 автомашинасын жойды. Сталинград майданында шайқасқан 29- және Алматының 38-атқыштар дивизияларының даңқы шықты. Олардың екеуі де кейін 72- және 73- гвардиялық дивизияларға айналды.

300 фашистің тегеурініне 11 қаһарман төтеп берді. Ержүрек жауынгерлер қорғаған төбе «Шығыстың он бір батырының төбесі» деп аталды. Дон мен Еділ жағасында жаяу топтарын қоршауға алу жөніндегі операция кезінде қазақстандық подполковник Т. С. Позолотин басқарған 17-гвардиялық танк полкі ерекше көзге түсті.

Мыңдаған қазақстандықтар Украинаны, Беларусьті, Балтық бойы елдерін, Молдованы азат ету жолындағы ұрыстарға қатысты. Сталинград қорғанысының батыры, екі Даңқ орденінің иегері І. Айтықовқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Қойгелді Аухадиевте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ол ұрыс кезінде фашистердің 5 танкісін, өздігінен жүретін

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Фердинанд» зеңбірегін, оқ-дәрі тиеген 3 автомашинасын жойды, Днепрден алғашқылардың бірі болып өтіп, қарсы шабуылға шыққан жаудың жолын бөгейді. Днепр үшін болған күрестерде 18 жасар Жәнібек Елеусізов қазақтар арасындағы ең жас Кеңес Одағының Батыры атанды.

1945 жылғы 16 сәуірде кеңес артиллериясының қуатты үні Екінші дүниежүзілік соғыстағы ең ірі операциялардың бірі-Берлин операциясының басталғанын паш етті. 2 мамырда Кеңес армиясы Германияның астанасы Берлинді толық билігіне алды. Берлин операциясына қатысқан Кеңес жауынгерлерімен қоса, қазақстандықтар да ерлікпен шайқасты.

Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға И.Я.Съянов, Х.Қайдауов, З.Тұрарбеков, Т.Бегелдинов, т.б. атақты жерлестеріміз қатысты. Жас офицер Р.Қошқарбаев өзінің досы Г.Булатовпен бірге Рейхстагқа алғашқылардың бірі болып алқызыл Жеңіс туын қадады. Орал өңірінен келген жас офицерлер Қ.Мәденов пен Р.Қараманов 1008-атқыштар полкінің туын Берлин ратушасының төбесіне тікті. Берлинге шабуыл жасауға «Қазақстан комсомолы» танк тізбегінің 3 танкісі қатысты.

1945-жылдың 9-мамырынба Ұлы Отан соғысы аяқталды. Бүкіл Кеңес әскері 4 жыл бойы армандаған жеңіс туы тігілді. Қаншама адам асығып үйлеріне қайтып жатты. Елде қалғандар мәз-мейрам боп, Жеңіс күнін атап өтіп жатты.

...Бірақ қаншама жыл өтсе де соғыс жарасы әлі ұмытылған жоқ. Соғыс қаншама адамның өмірін қиды. Қаншама адам тұтқынға түсті, қаншама адам жоғалып кетті... Сол бұрын майдан даласы болған жерлерден әлі де белгісіз адамдардың сүйектері табылып жатыр...

Мен енді мұндай соғыс болмаса екен деймін. Адамзат тарихында екі дүниежүзілік соғыс болды. Үшіншісі болмағанын тілеймін.

Менің ойымша, Фашистік Германияның жеңілуіне тым асығыс қабылданған шешім, және Гитлердің о баста құрған «Барбаросса» жоспарының мерзімі қысқа (8-10 апта) болуы себеп. Соған сәйкес, азық-түлік қорын да аз қамтығандықтан деп ойлаймын. Әрине, бұл Жеңіске аталарымыздың қосқан үлесі де өте көп.

Бізге осы күнді сыйлаған ардагер аталарыма мың тағзым!!!

Бабаханова Дилдора

ОҚО, Түркістан қаласы, «Шобанақ» жалпы
орта мектебінің 10 сынып оқушысы

Жетекшісі: А.Умаров

Бейбіт күн жасасын әлемде!

Бүгін 9 мамыр - Жеңіс күні. Ерте тұрдым да, таң бозара, сүйікті мектебіме қарай жөнелдім. Көк аспанның астындағы тіршіліктің бәрі жүрекке қонымды, көңілге қуаныш ұялатады. Құстардың әсем әуені, ауыл шетіндегі өзен суының сарылы, шығыстан ескен баяу желдің лебі-бәр-бәрі тыныштық пен бейбіт өмірдің айқын белгісіндей. Осындай сезімдерге бөленіп, «алтын ұяма» қалай жеткенімді байқамаппын. «Поэзия әлемі» үйірмесінің мүшелері үшін бүгін ерекше күн. Себебі біз сахнаға шығып, елі, жері Отаны үшін, бақыт-ты болашақ үшін күрескен жаужүрек, батыр, абзал жандарға - Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, өнерімізді, мерекелік ән-шашуымызды тарту етеміз. Осы оймен үшінші қабатта орналасқан сыныбымызға көтерілдім. Кенет қарлығаштардың шырқылдаған үні естілгендей болды. Ақырын барып қарасам, мектебіміздің «Даңқ бұрышында» екі қарлығаш ұшып жүр. Құстар маған қабырғада ілулі тұрған Б.Момышұлы, Т.Бигельдинов, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова сияқты мыңдаған ержүрек қаһармандарымыздың көкте ұшып жүрген рухтарындай болып көрінді. Нұх пайғамбары кезінде қарлығаш адамзатты жыланға жемтік болудан сақтап қалған болса, батырларымыз бізді неміс фашистерінің шеңгелінен құтқарып қалды. Қарлығаштар шырқылдап маған қарап: «Сен бақыттысың, жас Адам!» - дегендей. Терезені ашып, қарлығаштарға жол бердім. «Даңқ бұрышындағы» суреттерге, экспонаттарға, орден-медальдарға қарап, терең ойға баттым. Көз алдыма осыдан 75 жыл алдын болып өткен оқиғалар елестей бастады.

1941 жыл. 22 шілде фашистік Германия соғыс жарияламастан КСРО аумағыны аяқ астынан басып кірді. Сүттей ұйыған көп ұлтты мемлекетіміздің шырқы бұзылды. Қасым ақын айтқандай:

Өмір гүлін жаншып таптап,
Шаштан сүйреп махаббатты.
Жерімізді жындай қаптап,
Найзаға іліп ар-ұятты
Келе жатты сұм жәндеттер

Жау жүздеген қалаларды, мыңдаған ауылдар мен поселкаларды өртеп тал-қандай бастады. Миллиондаған адамдар фашист жәндеттерінің құрбаны болды. Небір зобалаң заманды бастан кешірген халық енді-енді есін жиып,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

етек-жеңін жинап келе жатқанда, сұм Гитлер тып-тыныш елді өртке орандырды. «Отан үшін отқа түс...» дегендей елді қорғауға ұлтқа бөлінбей, бәрі бір кісідей соғысқа аттанды. Алақандай Шобанақ ауылынан 64 адам фронтқа кетіп, олардың 40 шақтысы қан майданда елі, жері, Отаны үшін арыстандай айқасып, ерлікпен қаза тапты. Қарғыс атқыр соғыс елдің шырқын бұзып, балалар әкесіз жетім қалды, әйелдер ер-азаматынан айрылып жесір қалды. Ақын Қадыр мырза Әли айтқандай:

Бір кісідей соғыстың
Біз де азабын тарттық қой.
Тылда істеген көп істі
Балалық пен қарттық қой.
Бармақтай боп сол күнде
Жатушы едік демалып,
Әр маяның түбінде
Қалды біздің балалық

Тылда қалған қариялар мен әйелдер, қыздар мен өспіріндер түні-күні көз іл-мей, аянбай еңбек етіп, фронтқа азық-түлік, киім-кешек, оқ-снарядтар жеткізіп тұрды. «Барлығы да фронт үшін, барлығы да Жеңіс үшін!» деген сөздер халқымыздың басты ұранына айналды.

Қызыл Армия Москва түбінде гитлерлік басқыншыларды алғаш рет жеңді. Бұл жеңісте қазақстандықтардың үлесі көп болды. Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфилов пен комиссар А.С.Егоров басқарған 316-атқыштар дивизиясы жауға қарсы ең соңғы демі қалғанша шайқасты. Бұл дивизияның политругі В.Г.Клочковтың: «Россия - кең байтақ, бірақ шегінуге жол жоқ, артымызда - Москва», - деген сөзі бүкіл майданға тарады. 28 панфиловшылардың ерлігі аңызға айналды. Б.Момышұлы басқарған батальон жаумен болған шайқаста ерліктің, батырлықтың тамаша үлгісін көрсетті. Москва облысы, Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, жүздеген фашисттің көзін жойған Т.Тоқтаровқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Шығыстың қос шынары: М.Маметова мен Ә.Молдағұлова елі, Отаны үшін жаумен айқасып, ерлікпен қаза тапты. Екеуі де Кеңес Одағының Батыры атанды.

1945 жылы 2 мамырда неміс фашисттері өз ордасы Берлинде толық талқан-далды. Р.Қошқарбаев пен Г.Булатов рейхстаг төбесіне Жеңіс туын тікті. 4 жылға созылған қанды соғысқа 1 миллион 300 мыңға жуық қазақстандық қатысып, олардың 500-іне Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 600000-ға жуық қазақстандық қан майданында шейіт болды. Ұлы Отан соғысында КСРО 27 миллион адамынан айрылды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Кеңес Одағы Ұлы Отан соғысында өз елін және бүкіл адамзатты фашизм шеңгелінен құтқарды. Батыр аталарымыздың ерлігі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Есіме С. Мәуленовтің бір шумақ өлеңі түсті:

Түспесін ауыр басқа күй
Болмасын соғыс – қанды опат
Қалмасын жетім жас сәби
Қалмасын жесір махаббат...
Болмасын соғыс, болмасын!

Қиялымды бөлмеге қайта оралған қарлығаштардың шырқылдаған әуені бөліп жіберді. Олар маған қарап тағы да: «Сен бақыттысың, жас Адам!», дегендей. Иә, мен бақыттымын! Ата-бабаларымыздың ерлігінің арқасында, найзаның ұшымен, білектің күшімен келген тәуелсіз елде, Ақжайық пен Қаратауды қоныс қып, Ұлытау мен Түркістанға туын қадап, Алатауға арқа сүйеген «Ұлы дала елінде» бақытты өмір сүрудемін. Ләйім, осындай бақытты, шуақты күндеріміз мәңгілік, болашағымыз баянды болғай! Ойыма сұрапыл соғысқа қатысқан Қасым Аманжоловтың мына бір өлеңі түсті:

... Неткен байтақ , неткен ұлы жер едің !
Неңдей күнге жүрегімді бөледің!
Сенде тудым, сенде өстім, сенде өлсем,
«Арманым жоқ бұл дүниеде», - дер едім.

Жас жүрегім осындай патриоттық сезімге бөленіп, мектебіміздің мәжіліс залына қарай жөнелдім...

Бекен Ақбаян

10-сынып оқушысы №101 С.Датұлы атындағы жалпы орта мектебі
Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Жаңа жол а/о

Ұлы Жеңіс – ата-бабам ерлігі

Соғыс. Бұл сөзді естісем бойымды қорқыныш билей бастайды. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Қазақстан тарихында да «Ұлы Отан соғысы» деген атпен қалған, 1941 жылы басталған соғыс бүкіл дүние жүзі үшін оңай болған жоқ. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес. Осыдан 75 жыл бұрын жер бетін шарпыған сол сұрапыл соғыста қаншама адам мерт болды. Неміс фашистері 4 жыл бойы Кеңес Одағына өз үстемдігін жүргізбекші болғанымен, күйретпекші болғанымен, елін сүйген ержүрек батырларымыз қажымас ерліктерімен тосқауыл берді. Жерім деп, Отаным деп, ұрпағым деп өз жанын қиюға дейін барған батырлардың ішінде қазақ ұл-қыздары аз болды ма?! «Соғыс» деген сөзді ести салысымен ұл демей, қыз демей барлығы да Отан қорғауға ат салысты. Сол қиын кезеңде соғыс атаулыны жеңу үшін тылдағы халықтың өзі ерлікке, Жеңіске өз үлестерін егіс даласында, зауыт-фабрикаларда, үйде өз үлестерін қосып отырды. Ұлы Отан соғысында атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалып, ұрыс даласына жіберіліп отырды.

Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Қазақ халқының ер мінезді қыздары Отаным деп өз жанын құрбан етуге де дайын болды. Оның бірден-бір дәлелі кешегі жас шағын соғыста, елім, жерім деп өткізген Әлия мен Мәншүк секілді әпкелеріміздің ерлігі айқын дәлел болып отыр. Германияның КСРО-ға жасаған бұл соғысы қаншама ананы баладан, қаншама әйелді ер азаматынан, қаншама баланы әкеден айырды емеспе?! Сұм соғыстың зардабынан қаншама адам азап шеккен еді ғой! Соғыста жан алысып, жан берісіп жатқан қаншама азаматтар Отан алдындағы борышын, ел алдындағы намысын бәрінен биік қойды. Олардың мақсаты болашақ ұрпақ фашизмнің құлы болмау, бейбіт өмір сүру, елге Жеңіспен оралу еді. 28 Панфиловшылар полкі де Алматы қаласында құрылып, оның құрамында даңқты Бауыржан Момышұлы өзінің қол басшылығымен көзге түскен қазақтың ардақты тұлғасы. Р.Қошқарбаев,

Т.Бегелдинов, М.абдуллин секілді батырларымыздың ерлігі арқасында қазіргі тату өмірімізге, бейбіт заманымызға, қуанышты күнімізге қол жеткіздік. Сол сұрапыл сұм соғысқа менің атам Бекен Шүнетұлы 1942 жылы аттанған екен. 1944 жылы жараланып қайта оралған. Ол кісі көзінің тірісінде

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

балаларына бар білгенін, ақылын аямай санасына сіңіруге тырысатын. Бізге ертегі болып көрінетін соғыс жайында сұрағанда, жанарына мұң ұялап, терең күрсініп қоятын еді. Ауылға келген соң да қызу еңбекпен жұмыс жасаған екен. Бірі ауыр жараланып, бірі мүгедек болып елге оралған туған жері үшін өмірін қиған соғыс ардагерлеріне мың алғыс!

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмыр басты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды.

Міне, сұм соғыстың басталғанына да 75 жыл, ал аяқталғанына 71 жыл болыпты. Осы жылдар аралығында қаншама ардагерге құрмет көрсетіліп келеді. Иә, жерін, елін, Отанын қорғаған азаматтарға қанша құрмет көрсетсең де олардың бізге, ұрпағына деген жақсылығын ешқашан өтей алмаймыз. Сұм соғыста жерін қорғап жүрген азаматтарымыз көп болды. Оларға құрмет көрсету жас ұрпақтың міндеті. Ардагерлерге мың алғыс!

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Ол ақшаға сатқан жоқ тізеден кесіп аяғын,
Еріккеннен ұстап та жүрген жоқ,
Қолтықтағы ұзын таяғын.
Кеше елге қатер төнгенде
Ол жауға қарсы шапты.
Бізді жалмамақ болған ажалды
Өр кеудесімен қақты...

– деп майдангер акын ағаларымыз жырлағандай

Ұлы Отан соғысы аяқталып, жеңістің туы желбірегенін әр жылы елімізде, Республика көлемінде тойлануда. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақтың ортақ мерекесі. Бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің туы мәңгілік желбіресін! Соғыс болмасын!

Дархан Аружан

9 сынып "Шарбұлақ" жалпы орта мектебі,
Қазығұрт ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы
Жетекшісі: Сүлешова Роза

Оңтүстік Қазақстаннан шыққан батырлар жайлы деректер

Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінің басында-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Мыңдаған жауынгеріміз жат елде жан тапсырып, ұрыс даласынан жарақатпен оралды. 23 тамыз - Ресей Федерациясы, Тверь облысы, Зубцов қаласының жау қолынан азат етілген күні. Сұрапыл соғыс айналып өтпеген бұл жер 1941 жылдың күзі мен 1942 жылдың жазында қарсылас қос елдің шабуылдары қызған жер. Елін қорғаймын деп жырақта қаншама жауынгер жер жастанса, олардың арасында белгісіздер тізімін толтырғаны қаншама. Биыл міне, 50-ге жуық боздақтың аты-жөндері анықталып отыр. Олардың арасында Қазақстаннан майдан даласына кеткен 6 азаматтың, 2-уі оңтүстікте туылғандар. Майданға аттанған күннен бері хабар-ошарсыз болған Байназаров Қайнарбұлақ ауылында туған. Арнайы топтар оның сүйегін тапты. Ал, өз кезегінде топ басшысына делегация ақсақалы Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының хатшысы Қ.Ержанның арнайы сияпатын туыстарына табыс етті. Жарты ғасырдан кейін жақынын тапқан жанның бірі - Салқынбек Қалдаров. Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданында туылған қария ұрыс даласында белгісіз кеткен әкесін сабыла 76 жыл іздейді. Тек, Ұлы Жеңістің 68-жылдығы қарсаңында ғаламтор арқылы асқар тауы әкесі Қалдар Байбағысовтың қай жерде қаза тапқандығын естіп, ақтық демі таусылған жерге баруды ұйғарады. Жат жерде жатқан боздақтың есімі құлыптасқа қашалып жазылып, жауынгердің туған ауылынан бір уыс топырақ алынды. Соғыста қаза тапқан майдангер аталған ауылдан 5 шақырым жерде орналасқан Гнилева деревнясындағы бауырластар зиратында жерленген. Ну орманның ортасындағы елдімекен картада болғанмен, бүгінде ол жерді тірі жан мекен етпейді екен. Тек Успенское поселкалық билігінің көмегі арқасында бауырластар зиратына барып, Салқынбек Қалдаров әкесінің басына құлыптасты арулап қойды. Осылайша елін, жерін жаудан қорғап, жат жерде қаза тапқан боздаққа туған жердің бір уыс топырағы 76 жылдан кейін бұырды.

Отаннан жырақта қалған батырларымыздың бірі - Мұхамедкүл Исламқұлов. Ол 1906 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында туып, 1929 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіреді. «Социалистік Қазақстан»

газетінде жұмыс істеп жүрген қарымды журналист кітап жазуды ойға алғанымен мақсатына жете алмайды. 1941 жылы Мұхамедкұл Исламқұлов майданға аттанады. Қаламдас достары Қасым Аманжолов, Әзілхан Нұршайықов, Мәлік Ғабдуллинмен бірге Отанды қорғау үшін қан майданға кіргенде, орда бұзар 35 жаста болатын. Панфилов дивизиясының құрамында жүріп, Бауыржан Момышұлының мақтауына ие болған жауынгер кіші лейтенант шеніндегі батальон командирі еді. «Батальонға басшы майор не полковник шеніндегі адам болуы керек. Дегенмен, бәрібір мен батальонды 6-шы ротаның взвод командирі, партия қатарында жоқ, кіші лейтенант Мұхамедкұл Исламқұловқа тапсыруға шешім қабылдадым. Ол бұрынғы болыстың баласы, әкесі 25 жыл болыс болған, бейбіт уақытта мұны да қудалаған. Өте ақылды, жүрек жұтқан батыр командир болатын. Кіші лейтенант болса да оны батальон командирі етіп тағайындадым», -деп жазады Бауыржан Момышұлы. Қас батыр Төлеген Тоқтаровпен майдандас болған Мұхамедкұл Исламқұлов секілді абзал аза-маттар ұмытылмайды. Есімдері ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Айта кетейік, Старая Русса қаласының айналасында соғысқан, ОҚО Түлкібас ауданының тағы бір тумасы бар. Ол - Лештай Демеуішов. Ауыр да сындарлы күндерді өткізіп, қаза тапқан қазағымыздың сүйегі бауырластар зиратының бірінде жатыр. Батыр бабамыз Мұхамедкұл Исламқұлов кезінде екі рет Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған еді. Өкініштісі, түрлі себептермен батырға бұл атақ берілмеді. Сталинград майданында қазақстандық сұңқарлар мәңгі өшпес ерлік көрсетті. Қазақтың мәңгі қаһарман ұлы 1942 жылы 19 желтоқсанда 17-ші жауынгерлік сапарында ИЛ-2 ұшқыштар звеносын басқарып шығып, жаудың Боков-Пономаревка ауданындағы бекінісінде шоғырланған техникаларын жоюға аттанды. Сол сапарында өрт шалған ұшағын жау техникасы шоғырланған жерге бағыттап, қаһармандықпен қаза табады.

1931 жылы 31 наурызда Нүркен Әбдіровке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Асыл азаматтың сүйегі Ростов на Донуға жатыр. Боков ауданы, Коньков хуторының шет жағасындағы бейітте орыс, украин, белорусь және өзге де ұлттың баһадүрлері жатыр. Сталинград майданы Қазақстанға ең жақын жер болатын. Сондықтан, бұл маңда күрескен қазақстандықтар артқа бір қадам шегінбестен, қамалды қорғады. Қазақстаннан көптеген техникалар, қажетті заттар жіберуде тылдағылар аянбады. Соның бірі облыстық ата-аналар комитетінің төрағасы Әнуарбек Бейсенің әкесі, Шаян ауданы, Ақбастау колхозын 28 жыл басқарған Бейсе Беласаров өз қаражаты есебінен Сталинград майданына танк сыйлаған болатын. Осы ісі үшін Ұлы қолбасшысы Сталиннің қолынан алғыс хат алды. Батыр қаланың әрбір кірпі үшін соғысып, жаудың жеңгендерінің бірі «Павлов үйін» қорғаған кіші гарнизон азаматтары. Әр ұлттың өкілдерінен құралған жауынгерлер осы үйді азат етіп, қорғап қалу үшін барын салған. Соның ортасында тек бір қазақ болыпты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ол - Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Бадам елдімекенінің тумасы, жерлесіміз – Тәлібай Мырзаев. Жаудың оғынан «Павлов үйін» қорғап, ерлік көрсеткен ердің есімі үйдің қабырғасындағы мемориалды тақтада жазулы тұр. Қарсыбай Спатаев 1918 жылы Ордабасы ауданына қарасты Төрткүл ауылында дүниеге келген. Мектепте орта білім алғаннан соң 1931 жылдан соғысқа дейінгі кезеңде өзінің туған ауылы қазіргі Бәйдібек ауданы «Көктөбе» колхозында есепші болып жұмыс жасайды. Ел басына қауіп төнген шақта, батырдың Түгелбай, Сапарбай және Базарбай есімді бауырлары майданға аттанған. Артынша 1942 жылдың наурызында әскери комиссариатқа өтініш жазып, өз еркімен әскер қатарына алынады. Тұңғыш рет ұрысқа кіргеннің өзінде миномет оғымен жаяу әскерінің бір взводуна дейін жойып дібереді. Сталинград майданының оңтүстік батыс жағалауындағы Барманцак және Цаца көлдерінің аралығындағы майдан шебіндегі ұрыста ерекше ерлік жасайды. Қазіргі Ресей Федерациясы құрамындағы Қалмақ Республикасы, Шарнұт елді-мекенінде 1942 жылдың қыс айында стратегиялық маңызы зор кескілескен ұрыс басталады. Спатаев 13-ші жеке атты-артиллериялық дивизионы 61-ші атты әскери дивизияның 4-ші корпусы құрамында болды. Аталған корпус Сталинград қоршауы басталғанға дейін Ортаазиялық әскери аймақтан темір жол арқылы қаланың оңтүстігіне қарай орналасқан ауданға шұғыл түрде жіберілген еді. 1942 жылдың 26-шы қарашасында Сталинград түбінде өткен қиян-кескі шайқаста Кеңес әскерлерін жаудың 36 танкісі үш жақтан қоршайды. Қарсыбай Спатаев танкілермен келе жатқан жаяу әскерді қопарғыш минометпен дәл көздей отырып, атқылап тоқтады. Ол шешуші сәтте Отан алдындағы парызын бәрінен биік санап, қолындағы қопарғыш затпен шынжыр табанды танкінің астына түсіп, жарып жібереді. Батырға қаза болғаннан кейін, 5 айдан соң 1943 жылдың 17 сәуірінде Кеңес Одағының Батыр атағы беріледі. Волгоград қаласынан 200 шақырым қашықтықта жатқан, Шарнұт елді-мекенінде батырға арнап мүсін орнатылғанымен есімі бұған дейін жазылмаған болатын. Бауырластар зиратында Кеңес Одағының Батыры Орман Түктібаевтің денесі жатыр. Қызылорда облысы, Қазалы ауданында алынып, 391-атқыштар дивизиясының құрамына қабылданды.

Пулемет бөлімшесінің командирі ретінде Прибалтика майданында болған қызу шайқаста ерлік көрсетеді. 1944 жылы жаудың 20 әскерімен жеке айқасып, бір өзі бірнеше неміс солдатын жайпайды. Алайда, фашистің атқан оғынан опат болады. 70 жыл бойына ну ормандағы окопта ескерусіз қалған батырдың сүйегін Латвия Республикасында жасақталған «Легенда» іздестіру тобының ізкесушісі Ральфс Капачс тапқан. Ол 1944 жылы ерлікпен қаза тапты. Бір өкініштісі, олардың санын дөп басып айту қиын. Ескерткіш тақтайшаға соғыс кезінде қаза тапқандар толық жазылмаған. Олардың арасында қазақ бауырларымыздың басым екенін аңғаруға болады. Қазығұрт тауының етегіндегі Қарақия елді мекенінен 60-қа жуық азамат шақырту

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

алып, майдан шебіне аттанса, тең жартысы туған жерге оралмады. Из-түссіз кеткендердің бірі - Қасымбек Нұрсейітов.

Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, хабарсыз кеткен жауынгерлердің сүйегі әлі де табылуы мүмкін екен. Өйткені, зерттеу жұмысы толық жүргізілмеген. Сондай-ақ, табылған жауынгерлердің аты-жөнін анықтаудың өзі қиынға соғып тұр. Ал, Латвиялық іздестіру жасағы қандасымыз Қасымбек Нұрсейітовтың іс-әрекеті тыянақты адам болғандығын алға тартып отыр. Себебі, сүйегінің жанында өзі қолданылған алюминий тарағы табылған. Онда «11.06.1944. Нұрсейітов Қасымбек» деген жазу сол күйде сақтаулы. Ауце уезінде ұрысқа түсіп жау қолынан қаза болған хас батырдың орны бөлек. Себебі, сұм соғыс кезеңін кешіріп, тепсе темір үзетін жастық шағында көз жұмды. Елі үшін туып, елі үшін өлген Қасымбек Нұрсейітов қаза тапқан. Минскіден бастап Брест, Гомель, Витебск, Могилев сынды қалалары жермен жексен ете бомбылаған. Сол жылдары 2 млн 230 мың адамынан айырылса, 240 мыңы Германияға құлдыққа айдалды.

Ержанов Әли

6 сынып Шеңгелді негізгі ортамектебі
Шығыс Қазақстан обл, Күршім ауданы
Жетекшісі: Жүмекенова Назгүл Қахармановна

Жеңіс туы желбіресін мәңгілік!

«Екінші дүниежүзілік, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті... Осы соғыста ата-бабаларымыз ерлік көрсетіп, Отанымызды жау қолынан қорғап қалды. Әлемді оқ пен отқа ораған бұл соғыс адамзат жүрегіне жазылмас жара салды. Бұл шайқаста ажалдан тайсалмай жауға ұмтылған ерлер есімі тарих беттерінде мәңгіге жазылып қалды. Бұл жеңіс осы күнге жетпей қыршынынан қиылған сан мыңдаған боздақтардың аманаты еді. Бес жылға созылған соғыстың аяқталуын зарыға күткен халық арманының орындалғанын, қанды қырғынның аяқталғанын білдіретін соңғы нүкте ол – Жеңіс еді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ел басына төнген қаһарлы қатер миллиондаған кеңес адамдарын басқыншыларға қарсы күреске жұмылдырды. Қазақстан өзінің барлық мүмкіндіктерін – адамдар, өндірістік қуаттар, табиғат байлығы мен рухани қорын майдан талабына бағындырды. Майданға Қазақстанның әрбір төртінші азаматы аттанды. Фашистик Германиямен соғыста 55 миллион боздақ құрбан болды. Әсіресе, Кеңестер Одағы халықтары орны толмас адам шығынын тартты. Майдан даласында 8668,4 мың офицер мен жауынгерлерден айырылды, уақытша басып алынған аумақтарда, концлагерлер мен каторгалық жұмыстарда 18 миллион бейбіт тұрғындар жау қолында қаза тапты. Біздің Республикамыздың да адам шығыны зор болды. Бұл соғыста Қазақстан 602 939 адамнан айырылды. Әрбір екінші қазақстандық майдан даласынан қайтып оралмады. 98 адам Кеңестер Одағы Батыры атағына ие болды.

Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы халықтарының ерлік көрсеткен жылдары уақыт озған сайын алыстап барады. Бірақ, адамзат жадынан әлемді фашистик езгіден құтқарған халық ерлігі ешқашан өшпек емес. Көпұлтты Қазақстанның жауынгерлері соғыста жанқиярлықпен ерлік көрсетсе, тылдағы еңбеккерлер жанкештілікпен еңбек етті. Бесіктегі баладан еңкейген қартқа дейін дамыл таппай, барлығы да жеңіске жетуді армандады.

Бұл соғыста ерлік көрсеткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк апаларымызды, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбайұлы сынды тағы да басқа батырларымызды атап өтуге болады. Қаһарлы соғыстың жүктеген ауыр міндетін халық қасқайып күтіп алды. Ер-азаматтар майданға аттанып жатты, ал елде қалған кәрі-құртаң, бала-шаға қара жұмысқа жегіліп, солардың тілеуін тілеп қала берді, соғыстың елімізге төндірген ауыр қайғысын, азабын

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

суреттеген қаламгерлер туындыларын оқысаң жүрегің ауырады. Бауыржан Момышұлы «Москва үшін шайқас», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты», М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» сияқты шығармаларынан соғыстың адамзат басына қаншалықты қасірет түскенін білесің.

О, Жеңіс! Сенің жүректі өрекің қандай күдіретің бар екенін кім тәппіштеп түсіндіре алар?!

Осылай 5 жыл бойы қысы-жазы қайнаған ыстық күндерде де, қақаған аяз бен қарлы боранда да біздің аталарымыз «Отан үшін» - деген ұранмен айбаттана шайқасты. «Соғыс» - деген сөздің өзі әр адамның бойында үрей туғызады. Бірден көз алдыға қирап жатқан қала мен ауылдар, өрт жалыны, өлім елестейді. Аналардың қайғысы мен балалардың көз жасы, Жер-Ананың ойрандалуын елестетсем, жаным түршігеді. Әр адамның сүйікті Отанынан, туған жерінен қымбат ешнәрсе жоқ. Батыр бабаларымыз ұлан байтақ жерімізді, азатығымызды, ғасырлар бойы соңғы демдері біткенше қорғап өтті. Ата- бабаларымыздың өшпес ерліктері Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде жалғасын тапты. Қазақстанның қаншама ұл-қызы қанды майданға аттанды. Отанға деген сүйіспеншілік оларға рух беріп, жеңіске жетеледі. Бүгінгі уақытта әрбір бейбіт күніміз үшін, қатары сиреп бара жатқан ардагерлерімізді қадірлеп, бас иіп жүру - парызымыз. Мен жер бетінде ешқашан соғыс болмаса екен деп тілеймін. Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген. Мен соғысты жек көремін...

Адамзаттың аузында тек «Бейбітшілік» деген сөз болса екен» Қазақстан халқы аман, еліміз тыныш көк туымыз, жеңіс туы желбіресін мәңгілік!!!

Жамалхан Гүлнұр

7 сынып оқушысы Оңтүстік Қазақстан облысы
Шымкент қаласы Ораз Жандосов атындағы №30 жалпы орта мектеп
Жетекшісі: Оспанова Қалима Абдикаримовна

Ешкім де ,ешнәрсе ұмытылмақ емес!

Ел қасиеті-ер қасиеті
Тахауи Ахтанов

Соғыс күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізеді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... Бұл соғыс кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеге жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне
Бірі күтіп әнекей жағада тұр,

-деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыз қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн - Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да ,туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарың аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап ,қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарихта ұмытылмайды. Ол - өмір заңы.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш әрине "бірлік". Қаншама халық бір тудың астында бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы болды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Москва, сенің іргеңді
Ел,ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін,
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде,
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы,
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

-деп Нұрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап , жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті.

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді.

Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдың жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол , өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш, Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі - ел есінде",- демекші, бізге жарқын болашақ , бақытты ғұмыр сыйлаған аталар , апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Қасиетім менің,

Адалдығым менен ақтығым.

Жаныма қуат

Жүрегімнің таза пәктігі.

Тәңірімнен күнде

Көз жасыммен тілеймін

Өтсем екен деп

Тірі жанға болмай жаттығым,

- деп ақын Әбділлә Тәжібаев жырлағандай парасаттылық, адалдық,

жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. "Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махабатты бізде өлшеуге болмайды", - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесін Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді.

Қазақ деген - батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, Тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. "Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиістісің!" деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақта өз Отанымызды сүйіп, еліміздің, жеріміздің адал патриоттары болу. Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды тактикасының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Бүгінгі бақытты ұрпағымыз бен Тәуелсіз еліміздің бейбітті өмір кешуі

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

үшін жауынгер батырларымыз екінші дүние жүзілік Ұлы Отан соғысында аса үлкен ерлікпен шайқасады. Апаларымыз бен аталарымыздың Отан үшін от кешкені ешқашан ұмытылмай, біздің жадымызда мәңгі сақталып қалады. Олардың біздің болашағымыз үшін жасаған ерлігін біз құрметтеп, дәріптейміз. Ұлы Отан соғысына қатысқан аталарымыз бен апаларымыздың жасаған ерліктерінен үлгі аламыз. Біз жауынгерлерімізбен мақтанамыз!

Отан сүйер ұлан боламыз!
Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,
Арым бар, намысым бар жан тербеткен
Қазақтың қарапайым бір ұлымын
Жанымды арым үшін құрбан еткен.
Жарқылдап жау үстінде қаруларың,
Көтерсін қазекеннің аруағын,
Білсін жау бір ел барын қазақ деген,
Ашынса көрсетпейтін жауына күн!
Қалижан Бекхожин.

Қабдыш Айдана

8 сынып Абай атындағы №5 ЖОМ
Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы
Жетекшісі: Жармуханбетова Жұпар Сертаевна

Ұлы Отан соғысы

Соғыс. Осы бір ауыз суық сөзді естігенде түршікпеген жан қалмас. Себебі, барша халықтың тыныштығын бұзып, қаншама жұрт жақынынан айырылды. Сұм соғысты "жер дүниенің билеушісі боламын" деген арам пиғылмен бастаған Гитлер 1941 жылы 22 маусымда бейбіт жатқан елге тұтқиылдан шабуыл жасады. Сол кезде КСРО ұйымшылдық танытып, 18 жастан асқан ер азаматтарды соғысқа жіберді. Олардың қаншамасы елге оралмады. Болашақ ұрпақтың бейбіт өмірі үшін жанын берді. Олардың ішінде жігіттермен қоса қыздар да ерлермен қатар жүріп, ерлік көрсетті.

Ұлы Отан соғысы - сол уақыттағы ата-бабаларымыздың қайраттылығы мен батылдығын, еліне, жеріне деген ыстық махаббатын көрсететін, жадымызда мәңгі қалатын сұрапыл соғыс. Соғыста ерлік көрсетіп, батылдығымен, ержүректілігімен көзге түскен батыр бабаларымыз әрдайым халық жадында.

Соғыстың терең тарихына үңілсек, Кеңес Одағының жауды талқандап, үлкен жеңіске жету ісіне Қазақ халқы зор үлес қосты. Ұлы жеңіске жетудің тағы бір себебі: қаншама халықтың бір тудың астына жиналып, күш біріктіруі. «Бірлік» нәтижесі қашанда - жеңіс.

Фашистердің басты мақсаты-жер бетін отарлап, өз билігін орнату еді. Тыныш жатқан халықтың берекесін алып, жоспарлары іске аспай қалған фашистер соғыс зардабын өздері тартты. Неміс фашистерінің аңсаған арманына қазақ батырлары тосқауыл берді. Соғыс кезінде қасық қаны қалғанша аянбай соғысқан батырлардың қатарында: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды қазақтың батыр ұл-қыздары болды.

1941-1945 жылдары болған бұл соғыс өткелі жарты ғасыр уақыт өтсе де, бұл соғыс әлі де ұмытылмақ емес. Бұл күн соғыста ерен ерлік көрсеткен ардагерлердің күні. Қазіргі біздің бейбіт, тәуелсіз күнімізге жету-сол ардагерлердің талмай күресуінің нәтижесі.

Соғыс жалмап бейбіт жатқан елімді,
Жазықсыздан қаншама қан төгілді.
Көкті бүркеп, тұнығымды лайлады
Аққу қонған айдын шалқар көлімді.

Аямады сәбиді де, қартты да

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Тұтқиылдан соғыс өртін жақты да
Жесір болып шыға келді жас келін
Қайғы жұтып, қара жаулық тақты да.

Ұмыта алман фасист салған жараны
Аяқ қолсыз батырды еске салады
Олар лайық барша сыйлық құрметке
Майдангерлер тым азайып барады.

Әсем әуен тыңдағанда тәтті күй
Жүрегіңнің түкпіріне оны түй.
Алшаң басып жүргеніңді соны ойла
Әр тәттіні жеген сайын басыңды и!

Қалдыбай Айзада

9-сынып "Түркістан" жалпы орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесі Оңтүстік Қазақстан облысы
Мақтарал ауданы, Қазыбек би ауылы, Ж.Аманқұлова көшесі
Жетекшісі: Сулейменова Ақмарал Жанібекқызы

Ерлік-ұрпаққа ұран

Отан үшін күрес - елге жасаған үлес
Халық даналығы

Ерлік деген ұғымның қаншалықты қастерлі, қаншалықты қымбат екенін Ұлы Отан соғысында қан кешкен аталарымыздың майдан жорығындағы қаһармандық іс-әрекеттерін естігенде, солар суреттеген оқиғалардың көрінісін соғыс жайлы кинофильмдерден көргенімізде жан дүниеміз шымырлап, тебіреніске түсе отырып сезінеміз. Ұлы Жеңіс күні - бейбітшілікті жанымен қорғаған жаужүрек аға буынның ерлігі мен қаһармандығы алдында бас иіп, тағзым ететін қастерлі күн. Ел еркіндігі үшін қыршын кеткен боздақтардың рухын, майдангерлердің сұрапыл соғыс кезіндегі қайсарлығы мен ерлігін, тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегін халық жадында мәңгі сақтау-біздің басты қасиетті парызымыз.

Ұлы Отан соғысына Оңтүстік Қазақстаннан 140 мыңнан астам адам аттанып, жартысына жуығы елге оралмапты. Жанқиярлық ерлік көрсеткен оңтүстікқазақстандық 51 азаматқа Кеңес Одағының Батыры атағы берілсе, 8 жерлесіміз "Даңқ" орденінің толық иегері атанды. Бүгінде от пен оқтың арасынан елге оралған соғыс ардагерлері мен тылда тынымсыз тірлік жасаған еңбеккер ардагерлеріміз сиреп бара жатыр. Ел басына күн туған жылдары Ұлы Отан соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлері қазақ халқының өр рухын танытып, азаттыққа деген арманды ақиқатқа айналдырды. Әділдік пен зұлымдықтың арпалысы деп бағаланған сұрапыл соғыстағы ерліктері біз үшін нағыз отансүйгіштіктің теңдессіз үлгісі болып қала бермек.

Ел басына күн туғанда ерлер "етігімен су кешіп", қасық қандары төгілгенше жаумен жағаласқан. Сол сын сәттерде бабаларымыз кейінгі ұрпағына елдік пен ерліктің өнегесін көрсетіп, қазақ тарихында өшпестей таңбаланып қалды.

Көне тарихтың тым тереңіне бармай-ақ жүзжылдық қазақ-жоңғар соғысынан бері қайтайық. Ел басына қара бұлт үйіріліп, "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" шақ туғанда Қазыбек би, Төле би, Әйтеке бидей кемеңгерлеріміз бастап, Әбілхайыр хандай ержүрек қолбасшы, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Райымбек батырларымыз бен жаужүрек, данышпан Абылай хан атойлап шықпап па еді?! Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен елін қорғаған оларды халық қалай ұмытсын, тарих қалай

шеттетсін! "Әскербасы алғыр болса, дұшпанның да басы аспанға ұшар" деген сөз солардан қалған.

"Сарбаз болсаң - шерудің басында бол" деп рухтандырған да сол ғасыр бабалары еді. Дұшпан атының тұяғына жерімізді таптатпаған дарабоз бабаларымыздың ерлік күдіреті, елдік қасиеті кейінгі ұрпағына өнеге, жұғысты болғандығы өткен дәуірлерде арыстандай айбарлы саналатын қазақтарды Ұлы Отан соғысында өз әскерінің сапына жайдан-жай алмағаны болар. Екінші дүниежүзілік соғыста алып елдің айбынды армиясының қатарында қазақтардың ерен ерлігін танытқан батыр жауынгерлер көп болды.

Олардың ерлігі ұрпаққа мәңгі өнеге, ұран болып қала бермек. Атап айтсақ, Сабыр Рахымов пен полковник Бауыржын Момышұлы дивизияға қолбасшылық етті. Даңқтары алысқа естілді. Талғат Бигелдинов екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Қасым Қайсенов, рейхстаққа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ержүрек батыр қыздарымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметовалардың есімі аңызға айналды. Еліміз бойынша Батыр атанғандары жүзге де жетіп, "Даңқ" орденін алған ерлеріміз де онға жуықтайды. Құйтырқы саясаттың лебімен батыр атанбай қалған ержүрек ата-апаларымыз қаншама?

Сұрапыл соғыс жылдарында ерлік көрсеткен дара тұлғаларымыз көп-ақ. Олар туралы жетпіс жылдан аса жазылып келеді, жазыла бермек.

Тарихта екінші дүниежүзілік соғыс атанып, әлем халықтарының 80 пайызы қатысқан бұл сұрапылға 61 мемлекет араласты. Адамзат үшін фашизмнің қаншалықты тажал төндіргенін ұрпақтар жетік білуі тиіс.

Кеңес Одағына тұтқиылдан соғыс ашқан фашизм басқыншылары өздерінің зұлымдыққа толы бас жоспарында миллиондаған адамды қырып, қалғандарын құлақкесті құл ретінде пайдалануды мақсат тұтқан, мақсатына жете алмады. Міне, өзге ұлттарға деген осындай жиіркенішті пиғылмен шабуыл жасаған гитлершілдерді өз апанында тұншықтырған жауынгерлеріміздің ерлігін бұл күнде қалай дәріптесек те артықтық етпесі анық.

Жетпіс бес жылдықты арқау ете отырып, ұрпақтар сабақтастығын тереңдетіп, Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайта түсуге, "Қазақстан-2050" стратегиялық бағдарламасында айтылғандай, жаңа қазақстандық патриотизмді ту етіп көтеруге ұмтылуымыз қажет. Ардагерлерімізге қандай құрмет көрсетсек те әбден лайық. Себебі, жалындаған жастық шағын майдан даласында қалдырып, қаншама боздақтар елге қайтып оралмады. Қара жолдың бойында баласын күтіп сарыла қараған аналарымыз қаншама еді. Елдігіміз өксімен күн кешсе, майдандағы жауынгерлеріміз соғыс даласында туған жерін аңсаумен, сағынумен елге, ата-анасына, сүйген жарына үмітін үкілеп хат жөнелтіп жатты. Ең қасіреттісі сол-миллиондаған жауынгер сол хаттарының еліне, ата-анасына, сүйгеніне деген соңғы тілегі екенін сезбеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Иә, бұл күнде сол соғыс шейіт болған боздақтар жете алмаған бейбіт күннің иесі- біз,бүгінгі бақытты ұрпақ! Олай болса, бүгінгі көзі тірі ұрпақтардың соғыс қасіретін ұмытуға құқы жоқ.

Сөзімді қорыта келе, ұлыстың ұйытқысы атанған Қазақ елі Елбасы айтқандай, "Үдеудің сыры-бірлікте, жүдеудің сыры-алауыздықта" екенін жақсы түсінеді. Елдік мұрат жолындағы ұлы ерлікті аманат еткен ата-бабалар өсиетіне адал болайық. Бүгінгі Жеңіс мерекесі жауынгер сол аталарымыздың айбынды мінезімен, аталарымыздың қанымен, қайсар мінезімен қастерлі.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтары үшін аса үлкен сын болғаны рас. Бұл майдан Кеңес жауынгерлерінің Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің айқын дәлелі.

Сондықтан, сол соғыста өз өмірін аямай Отан қорғауда қызмет еткен әрбір азамат пен қазақтардың жанқиярлық ерлігі қазақ елінің тарихында алтын әріптермен жазылуы да мәңгі есте қалады,елдің кейінгі ұрпағы мәңгі есте сақтайды, рухтанады.

Қалибек Аружан

5-сынып, Қ. Рысқұлбеков орта мектебі

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы.

Жетекшісі: Алимкулова Айгүл Бахытханқызы

Естен кетпес отты жылдар

«Қажеті жоқ... Соғыстың қажеті жоқ!

Дұрысы тірлік қылып, ізденейік. Шынайы

даңқ - еңбекпен келген атақ. Соғыс

жабайылардың еншісіне қалсын».

Ги де Мопассан

Совет үкіметі орнағалы ауырлықтан бойын жаза алмаған ел үшін Ұлы Отан соғысының басталуы қиындықты тағы да еселей түсті. Совет халқы төңкерісті, одан кейінгі Азамат соғысын, аштықты, колхоздастыруды, саяси қуғын-сүргінді басынан өткізіп, енді ғана бойын тіктеп, біршама жақсы өмір сүре бастаған кезде басталған соғыс, әрбір шаңыраққа қиындықтармен бірге қайғысын қоса әкелді. 1941-ші жылдың 22-ші маусым күні таңғы сағат 4-те опасыздықпен совет мемлекетінің бүкіл шекара бойында соғыс өртін тұтатқан неміс фашистеріне айтылған лағынет шексіз еді. Соғыс басталған күні және одан кейінгі 20 күн бойы Жамбыл облысының бүкіл елді мекендерінде, мекеме мен ұйымдарында, партия, совет және комсомол ұйымдарында митингілер өтіп, санаулы күндерден кейін фашистерді совет жерінен қуып шығатындарына сенген, әрі сендірген жалынды сөздер, Ұлы қолбасшы Сталиннің ақ гвардияшыларды Азамат соғысы жылдарында күл талқан еткендей, фашистерді де жеңетініне ұрандаған сөздер барлық жерден естіліп жатты.

1942-ші жылдың алғашқы күндерінен бастап, «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін» ұраны бойынша еңбек ету өріс алған. Майданға киім-кешек, азық-түлік жинау жүйелі түрде жүргізілген. Сонымен бірге, бүкіл совет елінде сияқты Жамбыл жерінде де әскерлерді өз қаржылары есебінен жарақтандыруға бағытталған жекелеген азаматтардың бастама көтеруі жиілей түскен. Соғыс басталған күннен бастап, облыстың тыныс-тіршілігі соғыс жағдайына көшірілді. 3-шілде күні Сталин радио арқылы сөйледі. Осы сөзден кейін есеңгіреп қалған халық бір мақсатта - тек Жеңіс үшін еңбек етуге жұмылдырылды. Барлық жұмыс орындарында, ұйымдар мен мекемелерде алда тұрған істер белгіленіп, көтеріңкі міндеттемелер қабылданды. Ендігі жағдайда жоспарды орындамау қылмыспен тең екендігін әрбір адам жете сезінді. Бұғанасы қатпаған жас бала да, буындары сырқырап жүре алмайтын қария да майдан үшін еңбек етті.

Ұлы Отан соғысының алғашқы жылы майданда да, тылда да өте қауырт, әрі күрделі болды. Соғыстың алғашқы айларында митингілер мен жиналыстар жиі өтіп, жауды тез арада талқандайтындарына сенімдері мол болған совет халқы бірте-бірте жеңісті –майданда ерлік, тылда еселі еңбек қана жақындататынын түсінді. Осы бағытта саяси қызметкерлер де, тылда белсенділер де әркімнің Жеңіс үшін, Отан үшін шайқасуын және еңбек етуін талап етті. Соған бағытталған ұйымдастыру жұмысын жүргізе білді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халқымен бірге жамбылдықтар да қаһарланды, айбаттанды. Майданда да, тылда да соғыстың алғашқы жылдары ауыр күндерді бастан өткізіп, қайғылары еселенді. Талай боздақтардан айырылды. Талай сәби дүние есігін аша алмай қалды. Халқымыз көбейе алмай азайды. Соғыс адам өмірімен бірге адамның жан-тәніне, яғни, болмысына үлкен өзгерістер әкелді.Ең ауыр күндерде қабырғасы сөгілмей, бауыры бүтін болған совет халқының тылдағы жан қиярлық еңбегінің ауыртпалдығын енді халқымыздың басына бермесін. Қанша ауыр болғанымен сол жылдардың тағылымы мол. Қиын сәттерден тек бірлік, ынтымақ, төзімділік пен ерен еңбек алып шығатынын, қиялап шықса биікке көтерілетіндігін көрсетті.Барша совет халқы сияқты жамбылдықтар астық, қызылша мен мақта алқаптарында, қой отарларында, сиыр табындарында, жылқы үйірлерінде талмай-қажымай еңбек етті. Еңбегін міндет етіп, пұлдап ақы сұрамады. Тек қана Жеңіс үшін майдан даласындағы жақындарының, отбасының аман-есен оралуы үшін олар өздерінің жанын қиюға дайын болды. Отансүйгіштікпен бірге биліктің аса қаталдығынан қорқып та еңбек еткенімен, өмір сүргенімен түпкі арман-мақсаттарына жетті. Биліктің айтқанына көніп, айдауында жүрген тыл еңбеккерлерінің төзімділігі сол бір кездері адами болмыстың шыңырау шыңы еді. Міне, тәуелсіз алғаныма 25 жыл болды. Бұл халқымыздың ұлы қасиеттерінің және сол қасиеттерді бір мақсатпен бір мүддеге тоғыстыра білген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының жемісі. Халқымыздың әл-қуаты, тұрмысы жылдан-жылға жақсара түсіп, ана тіліміз елдігіміздің мерейін өсіруде. Біріктіруші және жұмылдырушы күшке айналды. Елбасы жыл сайынғы жолдауларында халықтың әл-ауқатын, білімі мен денсаулығын жақсартуға ерекше назар аударып, жаңа міндеттер белгілеуі халқымызды жаңа биіктерге бастауда. Қазір кеңестік кезеңде екінші қатарға ысырылған халық мүддесі елімізде алдыңғы қатарға, күн сайынғы басты міндетке шығарылды. Бұдан 71 жыл бұрын басталған Ұлы Отан соғысының ауыртпалығы, қайғысы мен қасіреті, халқымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Кенжетай Айнұр

10 сынып. №103 жалпы орта мектебі
Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қ.
Жетекшісі: Сералиева Айжамила

Ұлы жеңіске – 71 жыл

Кім Отанын шексіз сүйсе қаншама,
Оның тартар азабы да соншама
М.Шаханов

Қазақ халқы өзінің басынан талай-талай сұрапыл күндерді өткізген. Елім деп еңіреген ұлдары тәуелсіздік үшін жандарын қиған. Желмаясына мініп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманды іздеп ел кезсе, еліміздің маңдайына біткен біртуар ұлдары қайтсек халықты білімді, озық етеміз деп түн қатты. А.Байтұрсынов ұйқыдағы халықты маса болып шағып оятса, М.Дулатов «Оян, қазақ!» деген жар салды. «Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болуды» мақсат еткен Сұлтанмахмұт болса, жер-жерден қазақ балалары үшін мектеп ашуды көздеген Ыбырай еді.

Отарлау саясаты кезінде қиналған халықтың көз жасын тыям деп, атқа мінген Исатай мен Махамбет болса, азаттық үшін алысқан Тұрар, Әлихан, Амангелді сияқты аталарымыз ел тәуелсіздігі үшін өз өмірлерін құрбан етті. Осындай азапты да ауыр күндерді басынан кешкен қазақ халқына екінші дүниежүзілік соғыс та оңай тимеді. 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы 5 жылға созылды. Осы уақыт аралығында халық басына төнген қара бұлтты серпу үшін, асыл азаматтарымыз майданға аттанды. Ол соғыс талай шаңырақты шайқалтты. 1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыстағы жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіз елдің бүгінгі ұрпағы үшін бейбіт те жарқын өмір сыйлаған азаматтарымыздың өшпес ерлігін ешқашанда ұмытпаймыз.

Ұлы Отан соғысына қаруымен де қаламымен де жауға қарсы аттанған ақын С.Мәуленов:

Мың қолдар сау болсын деп,-
Мен бір қолымды бердім,
Мың жолдар жалғансын деп,-
Мен бір жолымды бердім,- десе,
«Түбірлер» өлеңінде ақын:

Көрінеді
Түбірлер

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Орманнан
Мүгедек солдат секілді
Түбірлер
Түбірлер
Айырылған
«Соғыс ше?
Бұтақ қолдардан
Менен біліңдер»
Деп тұрғандай түбірлер.

Түбір арқылы ақын соғыс апатын, оның адамға әкелген алапатын көзімізге елестетеді.

Жеңіс өздігінен келген жоқ. Біз бұл жеңіске талай құрбандықтың, еліміздің адал перзенттерінің төгілген қанының, бүкіл халықтың қажырлы да қайратты еңбегінің, ынтымақ-бірлігінің арқасында жеттік. «Етігімен су кешкен, ауыздықпен су ішкен» сұрапыл соғыста қаншама отбасы азаматынан, сүйген жарынан, асқар тауы әкесінен, бауыр еті баласынан айырылды. Ұлы Отан соғысының батырлары Б.Момышұлы, Қ.Қайсенов, Т.Бигелдинов, Р.Қошқарбаев, Т.Тоқтаров, Ә. Молдағұлова, М.Мәметова сынды аяулы ұл-қыздарымыз бүгінгі тәуелсіздік үшін жанын берді.

Ежелден ер тілегі – ел тірегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.
Қол жайып, шын ниетпен берген бата,
Шаршаған жауынгерге – бел тірегі,

- деген Бауыржан атамыз бейбіт күнді, бақытты ұрпақтарды көзімен көрді.

Бауыржан атамыздың қазіргі кезде айтылып жүрген, қанатты сөздері сол бір сұрапыл соғыстың айнасы іспетті.

«Ел атағын ер шығарар», «Опасызда Отан жоқ», «белдескеннің белін сындыр, тірескеннің тізесін бүктірі», «Ердің аты – намыс», - деген Б.Момышұлы ерліктің, адамзаттың символы.

Осындай айбынды азаматтарымыздың арқасында бейбіт заманға қол жеткіздік. Бүкіл ел «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, аянбай еңбек етті. Ауылда қалған аналар мен балалар таңның атысы мен күннің батысына дейін еңбек етті.

Ақиық ақын М.Мақатаев «Біздің балалық шағымызды соғыс ұрлап кетті, біз бала болып ойнаған жоқпыз», - деп еске алады. Бұл сол кездегі балалардың өмірі еді. Қарны тойып нан жеген жоқ. Иығы жылтырап, киім киген жоқ. Бала болып маужырап жылы төсекте ұйықтаған жоқ. Соғысқа кеткен әкелері мен ағаларын сағынып, сарғайып сүреңсіз өмір сүріп жатты.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Міне, осындай қанқұйлы заманның сұрапыл соғысы 5 жылға созылды. Отан үшін отқа түскен азаматтарымыз өз өмірлерін қия отырып, жеңіске қол жеткізді. Ол 1945 жылдың мамыр айы еді. Берлиндегі Рейхстагқа ту тіккен қаракөз қазақтың ұлы Р.Қошқарбаев еді. Халықтың қуанышында шек болмады. Бір кездері қайғыдан жыласа, енді қуаныштан жылады. Қуаныштан төбелері көкке бір елі жетпеді.

Міне, содан бері 71 жыл өтіпті. Тәуелсіздік үшін қаншама ата-бабаларымыз өмірлерін қиды. Олар біздің болашағымыз үшін түн ұйқысын төрт бөлді. Сол тәуелсіздікке 1991жылы қол жеткізідік. Тәуелсіз Қазақстанның туы желбіреді, әнұраны шырқалды, елтаңбасы ілінді, Елбасымыз сайланды. Халықтың жағдайы күннен күнге жақсара берді. Асанқайғы бабамыз армандаған қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды. Елдің еңсесі көтеріліп, өз жеріне, еліне, қазба байлықтарына қолдары жетті.

Кешегі ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміз бейбіт заманды көздерімен көрді. Осы тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалауға да атсалысты. Олар екі ғасырдың куәсі болды. «Сендер, тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсындар» - деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы тәуелсіздікті бізге аманат етті. Тәуелсіздіктің туын желбірету, ата-бабаларымыздың қанымен келген бейбіт заманның тыныштығын нығайту-мына біздердің қолымызда.

Зұлым соғыс, жүрекке жара салғансың
Ұмыт болмай, кеудеде мәңгі қалғансың
Қантөгіспен, жауыздықпен қаншама
Миллиондаған өмірлерді алғансың
Өлім құшты талай адам баласы,
Жараланған көп қой адам баласы,
Бауыр еті баласынан айырылып,
Қан жұтып жүр жылап, өксіп анасы
Жеңіс үшін талай жүрек тоқтады,
Қаншама жан туыстарын жоқтады,
Сұрауы бар әрбір тамшы жастың да.
Сөнген жүрек қайта енді соқпады.
Жеңіс күні қуанышты тойлайтын,
Жеңіс туы аспанымда самғайтын
Жетпіс бір жыл уақыт талай өтсе де,
Ұлылығын ол ешқашан жоймайтын,

- деп өз өлеңіммен аяқтаймын.

Қосан Сәния

10 сынып оқушысы М.Қазыбеков атындағы жалпы орта мектебі
ОҚО, Түркістан қаласы Құшата ауылы
Жетекшісі: Сағындықова К.

Ұлы жеңіске 71 жыл

«Айда аяқ жоқ, жылда жілік жоқ», - дегендей, желдей есіп, «Ұлы Жеңістің 71 жылдығына» да аяқ бастық. Ұлы Жеңіс күнін жанқиярлық ерліктерімен, қорқыныш сезімі билемей жақындатқан, Отаны үшін жан қиған жауынгер ата-апаларымызбен мақтанамын. Иә, Ұлы Жеңістің бізге оңайлықпен келмегенін тарих беттеріне салған соғыстың бедерлі-іздерінен айқын да анық байқауға болады.

1941 жылдың 22 маусымының мамыражай күні фашистік Германия шырт ұйқыда жатқан елімізге тұтқиылдан өзінің жасаған жоспарымен шабуыл жасады. Бұл соғыс ешкімді де елеңдетпей қоймады. Жауға тойтарыс беру үшін Республиканың түкпір-түкпірінен жауынгерлер «Өліспей, беріспейміз!», «Отан үшін қаныңды төксең де, арыңды төкпе», - деген ұранмен соғысқа аттанды. Отанды қорғау үшін Кеңес Армиясының қатарына үстіне сұр шинелін киген қаншама қаракөз боздақтарымыз да майдан даласындағы оққа кеудесін тосты.

Бұл жауынгерлер әр отбасының тірегі: бірінің сүйген жары, бірінің қимас бауыры, бірінің бауыр еті баласы, енді бірінің асқар тау әкесі еді. Арқа сүйер азаматтарын соғысқа аттандырарда сол ата-апаларымыз осылардан қаралы хат келеді-ау,- деп ойлады ма екен? Жоқ, олай ойлай қоймаған шығар. Қайта жігерлендіріп, сенім білдіріп, аман-есен елге жеңіспен оралуын жандарын шүберекке түйіп, тілеген болар.

Ел басына осылай күн туған шақта тылда қалған апа-аналарымыз белді бекем буып, білек сыбанып қара жұмысқа кіріскені, бейнетпен иығы иіле жүріп, майдандағы ер-азаматтың тілегін тілеп, сұрапыл жаудың бетін қайтарып отырған әскерлерді киіндірген де, азықпен, тіпті, оқ-дәрімен қамтамасыз еткеніне өзіміз оқыған көркем шығармалар мен ардагер ата-әжелеріміз айтқан естеліктері дәлел. Елде қалған шал-кемпір, қатын-қалаш та бір кісідей жұмылып, «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін!» - деп, тыным таппай күні-түні еңбек етті. Бұрын үйден шықпаған аналарымыз соқамен жер жыртты, өгіз айдады, трактор рөліне отырды. Жұмыс таңдамай, ауыр бейнетпен күн кешті. «Басқа түссе, баспақшыл», - демекші басқа салғанын көріп, жеңісті жақындатуға олардың да үлес қосқандарын Несібелі әжейдің естелігінен білеміз.

Сұрапыл соғысқа, балалық шағы, оқ борап, от шашқан сол уақытпен тұспа-тұс келген жастайынан, бұғанасы қатпай шаруаға араласқан балалар тойып тамақ жемей, аш-жалаңаш болса да майдангерлердің жеңісті

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жақындатуына өз үлестерін қосқаны сөзсіз. Олар жаутандап, көңілдеріндегі зор үмітпен әкесін, ағасын тағатсыздана күтті. Қазіргі таңда Қ.Әбдірайымов, Ә.Ануаров, Б.Тайбеков, Т.Қасымбеков, М.Жұмабаев, А.Шүленбаева, Қ.Бекбергенова ата-апаларымыз тыл ардагерлері аталып, бақытты ғұмыр кешуде.

Соғыстың алғашқы жылы-ақ елді дәрменсіз күйге ұшыратып, майдан шебінен келген «қара қағаз» талай аналарды, қыз-келіншектерді, жаутандаған балаларды күйретті. Сонда да өздері дүниеден өткенше боздақтарын күтумен, үмітпен күндерін өткізді.

Сол күнгі және келешектегі кемел өмірдің жайын ойлаған, күндіз-күлкі көрмей, түнде ұйқы көрмей жеңіске жету мақсатында қаруы мен қаламын қатар ұстаған қайталанбас, аттары аңызға айналған ержүрек батырлары, ерліктің толассыз қайнары, өшпес өнегесі тозбайтын асылдары: Б.Момышұлы, Б.Бұлқышев, Қ.Аманжолов, Ә.Сәрсенбаев, С.Мәуленов секілді т.б батырларға тағзым ету, өзім секілді кемел келешекті ойлайтын жастарға міндет деп білемін.

Төбе шашынды тік тұрғызар сұмдықтарды көзімен көріп, жарымжан мүгедек болып елге оралған ардагерлерді көргенде, Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны, қарағым» өлеңі еріксіз ойға оралады.

Соғыс атаулының оңғаны жоқ. Соғыс – мықтының әлсізге үстемдігінен, не саясаттың сатпағынан болатын қырғын. Ең өкініштісі, мұндай алапатта көбінде қарапайым халық зардап шегіп, әлсіздіктен тілі байланып титықтап жүріп жер құшады.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», - демекші көретін жарығы бар, елге оралу бақыты жазылған жауынгерлер елге оралып, ел дамуына өз үлестерін косып, түрлі қызметтер атқарды. Тіпті, біздің шағын ғана ауылымызда Рақымжанов Тәжібек, Жұматаев Әжентай, Кадиров Махмұт аталарымыз елге оралған соң, ұстаздық қызмет етіп, талай шәкіртке білім берді. Ал Тұйғынбеков Сұңқарбек, Оралбаев Оқап, Сәрсенбаев Жұмабек, Қалдыбаев Жамалбек аталар зейнеткерлікке шыққанша, колхоздың өркендеуіне өзіндік үлес қосты. Жанымызды қынжылтатыны ауылымызда осы ардагер аталарымыздың бірі де қалмауы. Естеліктерді өздерінің аузынан естуші едік, енді барлығын тек мұрағаттағы бейнежазбалардан ғана көре аламыз.

Соғыста ет жақындарынан айырылған отбасылардың, жесір қалған аналар мен жетім қалған балалардың қасіретке душар болғанын ұмытпаған жөн. Бейбіт күн үшін айқасып, ерлік көрсеткен батыр бабаларымыздың төккен қаны мен қыршынынан қиылған жаны да санамызда сақталады. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қара түнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі», деген даналық сөзді жадымызда сақтап, қар жастанып, мұз төсеніп, Отанын қорғаған батыр аталарымызды мәңгі ұмытпаймыз. Керісінше,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

еліміздегі Отан үшін от кешкендерге арналған тарихи ескерткіштерге барып, тебіреніспен еске алатын боламыз. Қайсар рухты батырлардың ұрпағы болғанымызды мақтан тұтып, елімізді әлемге паш етіп, кешегі жанын қиған ата-бабаларымыздың асыл арманының орындалуына өз үлесімізді қосамыз деген сенімдемін. Шығармамды жүректен шыққан өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Жеңіс оты мәңгі өшпесін лауласын,
Ел данасыз, бала анасыз қалмасын.
Ешқашанда соғыс өрті шалмасын,
Бейбітшілік мәңгілікке орнасын.
Келер ұрпақ соғыс сөзін білмесін,
Батырлардың даңқы мәңгі өшпесін.
Боздақтарға арнап жаққан алауым,
Мәңгі бақи лаулап тұрсын сөнбесін!

Құрманғазыұлы Әшірхан

10-сынып, «Шеңгелді» шағын жинақты жалпы орта мектебі
Оңтүстік Қазақстан обл, Отырар ауданы,
Жетекшісі: Аманжол Айша Сырлыбайқызы

**Сарғайса да тарихтың ақ парағы,
Ол күндер мәңгі есте сақталады**

Ұмыт болған , ұмыт қалған жоқ ешкім,
Ешбір адам ұмытпайтын мәңгі есім.
Ұрпақ үшін тозбайтұғын ,бітпейтін,
Ардагерлер-естелігі соғыстың

Соғыс атты суық сөздің аты өшіп, бейбіт өмір кешіп отырғанымызға 71 жыл толады. Ел басына күн туып, етігімен қан кешкен сол бір сұрапыл жылдарда мыңдаған қазақстандық майданға кеудесін от пен оққа төсеп, отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады. Қаншама боздақ азаттық үшін жандарын пидә етті. Өмір мен өлім белдескен алапат айқаста халқымыздың Отанға қажымас қайраты мен жарасты ынтымағының арқасында Ұлы Жеңіс келді.

Осыдан 71 жыл бұрын, бұл күні адамзат тарихындағы ең сұрапыл, жойқын соғысы Ұлы Отан соғысы аяқталды. Екінші дүниежүзілік соғыс, біз үшін Ұлы Отан соғысына 6 материктің сол кездегі әлемнің дербес 60 астам елі қатысқан болатын. Айбынды білек, жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен кешегі жігіттер бүгінгі, өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 мамыр күні Ұлы мейрам – жаудың жеңіліп, соғысты жеңіспен аяқтадық!

... Майданда жауға атылған әр он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалды. Белі бүгілген қария, жас ана, қартаң әйел, буыны бекімеген бала-бәрі де азаматтардың тылда өлшеусіз еңбек етті. Олар мал бақты, шөп шапты, жер жыртты, егін салды, көмір қазды, мұнай өндіріп, қару-жарақ жасады, азық-түлік шығарды. Халқымыз майдан қамын ойлап, Жеңісті жақындату үшін аянбады. Соғыстың алғашқы күндерінде Қазақстанда әскери бөлімдер жасақталып, бір миллион екі жүз мыңдай адам майданға аттанды. 1941 жылы Алматыда 316-атқыштар дивизиясы жасақталып, Мәскеу қаласын қорғауда өшпес даңқа бөленді. Ал қазақ ақын-жазушыларының 60 пайызы өз еріктерімен майданға аттанып, жауға қарсы қарумен майданға аттанып, жауға қарсы қарумен де, қаламмен де күресті. Қаламгерлердің отты өлең-жырлары, байыпты мақалалары, әңгімелері жауынгерлердің бойына намыс пен жігер, қажыр мен қайрат, табандылық пен ерлік рухын дарыта алды. Жамбыл бабамыздың жалынды жырлары, Қасым ақынның өршіл өлеңдері, Б.Бұлқышевтің

жігерлі сөздері, «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, қайрат көрсетіп өлген артық» - деген сияқты Б.Момышұлының намысқа толы нақылдары халықты батырлыққа бастап ертең-ақ жетер азат күнге деген сенімін жоғалтпауға көмектесті. «ерлік елдің асқақ әні, жалынды жыры, күмбірлеген күйі боп шалқуда. «Ерлік елге-мұра, ұрпаққа ұран» деп халқымыз бекер айтпаған. Сондай ерлігі елге мұра, ұрпаққа ұран боп қалған Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, Н.Әбдіров, С.Баймағамбетов, Т.Бигельдинов, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова, Х.Доспанова сияқты батырлар халық жүрегінен орын алды.

Біздің туған аулымыз Отырар ауданы Шеңгелді аулында соғыс ардагерлеріне зерттеу жүргізудің арқасында мынадай мәліметтер таптық. 2006 жылы ауылда «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды» атты ескерткішінің ашылуында майдан даласынан оралмағандардың саны - 39, майдан даласынан оралғандардың саны - 30 екендігін байқадық. Ендеше, бейбіт көк аспанды кейінгі ұрпақ үшін киелі болсын деп қан-майданға аттанған жауынгер аталарымыздың екі-үшеуіне тоқталып кетейін.

Қантбеков Қали 1921 жылы Қоғамда туылған. 1941 жылы 20 қаңтарда соғысқа аттанып 3 айдан кейін Челябинск қаласындағы айлық әскери жаттығудан өткеннен кейін Белоруссиядағы соғысқа қатысып, сол жерден пленге түсіп, Германияға жеткізілген. Соғыс аяқталғаннан кейін Франция арқылы елімізге қайтарылған. Соғыстан келегеннен кейін қоғамда жұмыс жасайды. 1958 жылдан бастап совхозының екінші фермасында жұмыс жасайды. Онан соң еңбек демалысына шығып, 1996 жылы дүниеден өтті.

Аянбаев Пернебек хатқа түскен дерек көздерінің бірі 6 мамыр 2006 жылы «Отырар алқабы» газетіне шыққан Аянбаев Пернебектің 1942 жылы жазған майдан даласынан «Елге хат» деген өлеңі жарияланады.

Қазақ топырағынан Ұлы Отан соғысына бір миллионан астам ержүрек жауынгерлер қан майданға аттанған. Олардың көпшілігіне Вермахттың сақадай сай әскери күштеріне қарсы тұруға тура келді. Аудан тұрғыны Сейділләхан Елбасиевтің Елбасиевтің ұзақ жылдар сақтаған сарғайған парағының бірі еді.

Пернебек Аянбаев:

Туған туыс көз көргенім,
Ақылдың білдім әсте өзгергенін.
Хат жаздым жалпыңызға қалпыңызға,
Білдіріп оздық жедел теделгенін.

Халдарың қалай туған-туыс бауырларым,
Сойылып соғып намыс қабырғаның.
Ақтыққа ниет етіп жүрсіндер ме?
Тірліктің ханет етіп табылғанын.

Колхоздың халы қалай жаңаша ма?
Көркемдеп көркем сурет тамаша ма?
Кезінде отан соғыс демеу болып,
Атағын әйгілі етіп қосқан жырға...

Пернебек те 1923 жылы Шеңгелдіде туылған. Алғаш білімді де «Қоғам» орта мектебінде тәмамдады. Мектеп бітірген соң екі жылдық пединститутқа қабылданады. 1942 жылы Алматы қаласында әскери дайындықтан өтіп, соғыс майданына аттанады. Ел үшін жан алып, жан беріскен шайқаста қаза табады.

Әуелбек Иманбердие - 1921 жылы 14 шілдеде Отырар ауданы Шеңгелді ауылында туылған. 1934-1937 жылға дейін Шеңгелді бастауыш мектебінің 4 сыныбын бітірген. 1939-1940 жылдары Түркістандағы №19 темір жол қазақ орта мектебінің 7-сыныбын бітірген. 1942 жылы 10-шы наурызда майданға аттанып, Украинаның Светогорск, Барвенкова, Запорожья, Николаев, Раздельная қалаларының бағыттарында кескілескен ұрыстарға қатысып, жеңіске өз үлесін қосқан. 1946 жылы 18 мамырда Болгарияның астанасы – Софьядан елге оралады. Одан соң Түркістанда, шілікте, туған жері Шеңгелдіде жұмыс істеп құрметті демалысқа шықты. Бос уақытында өлең жазумен қатар жыршылығымен көзге түскен адам. Ауылда кешқұрым жастардың басын қосып ғибратты әңгімелер мен қоса дастандарды жатқа оқып түннен таңға дейін тоқтамай айтатын білімді адам болған. Оның өлеңдері: «Салақ шәкіртке», «Жеңіс күні», «Туған жерге арнау», «Аналарға тағзым», «Майданнан хат», т.б көптеген өлеңдері бір дәптер болып сарғайып мектептің мұражайында жатқан жайы бар.

Майданға аттандырған халқым сеніп,
Қолыма автоматтай қару беріп.
Батысқа отан үшін шектім сапар,
Дұшпаннан кек алмасқа қанын төгіп-деген шумақтарнан отанға
деген құрмет пен сағыныштың бар екенін айтып өтеді.
Әлем-дархан, саяландар, бәріңе де орын бар.
Қорған емес, салтанатты сәнді сарай соғыңдар.
Ей, адамдар, сендер тату, сендер тату болыңдар!

Бұл ақиық ақын М.Мақатаевтың сөзі. Жеңіс-біздер үшін кейінгі ұрпаққа ұлықтайтын шежіре болмақ. Аға-апаларымызға деген құрмет үнемі тарихтың ақ парағында сарғайғанмен, ол күндер мәңгі есте сақталады.

Ұлы Жеңістің 71 жылдығында Қазақстан атты алып Отанымның тұтас өмірінің, барлық саласының жетістіктері мен жеңістеріне жалғаса берсін!

Мәрімбай Ақниет

6 сынып № 5 Абай атындағы ЖОМ

ОҚО Кентау қаласы

Жетекшісі: Туребекова Анаркуль Зархановна

Ер есімі – ел есінде

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені, бір ғана Екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, үлкен тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Өйткені, ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын - соңды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Өткен ғасырдың басында он бес одақтас республикадан құралған «мызғымас» одақ едік. Оны бәрімізге ортақ Отан дедік. Қазығын Германияда қаққан фашизм тұтқиылдан шабуыл жасағанда, қиырдағы Қазақстан жұртшылығы да сол Отанды қорғауға өре түрегелді. Мәскеудегі басшылар мұны Ұлы Отан соғысы деп жар салды. Тарих беттеріне солай деп жазылды. Коммунистік идеология «Әділет біздің жақта біз жеңеміз!» деп ұрандатып, қан майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбеккерлерді жігерлендірді. Иә, ауыр азапты бес жылдан соң біз жеңдік. Бірақ, қандай шығынмен десеңізші?! Қаншама жас қыршын кетті?! Тіптен, бір отбасынан 4-5 жанды майданға аттандырғанда, кейін солардың тым болмаса бірі елге дін аман оралмаса, не дейсіз?! Қаншама шаңырақ қаңырап, күйреп ортасына түсті?! Ана жесір, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі ұзын жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын, жылдарын зарыға күтумен өткізді. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілдері суығанша үміттерін үзбеді.

Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардағы жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ, соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені, ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандарға, мына тап осы өздері секілді кешегі гүлдей құлпырған жап-жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай

қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтара алмады. Ал, соғыс, ол-қасірет. Басқа төнген қасіреттен олардың көбі қайтып оралмады. Қайта оралғандары соғыстан кейін өмірдің қызығын, жан рахатын да шындап сезініп, тата алмады. Себебі, жүрекке түскен жара, тәнге қадалған оқ табы әлсін-әлі мазалайды. Сөйтіп, уақыт өткен сайын олардың қатары азайып барады. Енді, міне, қазір қарасаң, саусақпен санарлықтай қалған олардың әрқайсысы-бір-бір кітап жазуға тұрарлық лайықты жандар.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей жаңарған, жаңғырған заман тұрғысынан кешегі сұрапыл қырғынның қияпатына көз тігіп, осы соғыстың біздің ұлтымыздың тарихындағы, тағдырындағы орны қандай екенін бағамдайтын уақыт жеткендей. Қабырғасы қираған Кеңес империясының санамызға сіңірген идеологиялық сандықтарын қайта қарап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап, ақиқатты бүркемелей айтқанымыз жөн. Тәуелсіздікке қол жеткізгенше дүниенің ақ-қарасын аңдамайтын соқыр адамдай болып келдік. Соғыстың да, басқа дәуірлеріміздің де толық шындығы бізге жетпеді. Өз халқына шындықты айтпайтын өкіметтің тұсында өмір сүргендіктен тек белгілі бір ойлау қалыптарының, идеологиялық құрсаулардың шеңберінде қалдық. Соңғы ашылған мұрағаттық деректер мен құжаттар өткен соғыстың көп көлеңкелі, қанқұйлы тұстарын да ашып отыр.

1988-1989 жылдар КСРО Қарулы күштерінің Бас штабында 1941-1945 жылғы кеңес әскерінің жеке құрамы мен қару-жарақтың, соғыс техникасының шығынын анықтау жөнінде екі комиссия жұмыс істейді. Оның қорытындысы қаралып, бекітілді. «Майданда қаза тапқан, жоғалып кеткен, тұтқынға түсіп, одан қайта оралмаған, жарақат алып немесе кездейсоқ оқиғаға ұшырап өлгендер - Қиыр Шығыстағы науқанды қосып есептегенде 8 млн 668 мың 400 адам» - деп жазды. Бас штаб бастығы, армия генералы Момсеев. Осыдан кейін соғыс ары қарай жалғаса берді.

Тыңдаңыз, Қарт,
Ұлдарыңыздың үнін
Әкеміз Жамбыл, алыстан,
Ғасырды көрген данышпан,
Тыңдап, құлақ салыңыз.
Ұлдарыңның майданнан
Жауынгерлік сәлемін
Қабыл көріп алыңыз.
Ұлынды батыр сансыз мың,
Желіндей желпіп жеңістің
Жетті сіздің хатыңыз.
Жолдаған сәлем жүректен,
Жолынды, жақсы тілекпен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Күш берді қарт атыңыз.

Уа, қадірлі атажан,
Ұлы жолға аттанған
Ұлдарыңа сеніңіз.
Жауды аяусыз қырамыз,
Тұрғысбастай ұрамыз
Тазарғанша еліміз!
Көкорай шалғын көліміз!
Асуы асқар беліміз!
Босағанша жеріміз
Тоқтамаймыз бір минут
Таусылмаса деміміз!

Фашист деген зұлым жау
Ойнамайды, күлмейді,
Адамның тілін білмейді.
Кісі өлтіру, қан ішу-
Өзгені көзге ілмейді.
Сөйлесу керек олармен
Қызыл оттың тілімен,
Көк зеңбірек үнімен.
Ұшқыр оттың сөзімен,
Егеулі найза өзімен,
Болат қанжар жүзімен!

Қазақстандықтар 1941 жылғы 22 маусымда басталған соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ ерлік көрсетті. Сол күндерде біздің елімізде жерлестеріміздің ерлігі аңызға айналып жататын. Олардың есімдері ауыздан түспейтін. Жүздеген мың қазақстандықтар майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға өтініштерін берді. Сол кезде республика бүкіл елдің әскерге шақыру орталығына айналды десек, артық айтқандық болмас. Олар барлық майданда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңіс қуанышын да татты. Қазақстанда құрылған әскери құрамалар мен бөлімдер тамаша ерлік үлгісін көрсетті.

Қазақстандық ұлттық құрамалар соғыстың басынан аяғына дейін өзге бауырлас халықтармен бірге соғыс жылдарының тар жол тайғақ кешуінен өтіп, жеңіс туын асқақ желбіретті. Қазақ дейтін сөз Кеңес Одағының достас, бауырлас халықтарының арасында ғана емес, одан жырақ шалғайларда да лайықты құрметпен ауызға алынатын болды. Мылтық ұстаған қазақ сұрапыл соғыста қара көбейтіп қана жүрген жоқ. Жауынгерлік парызын адал атқарды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

«Ерді намыс өлтіреді», «Арым- жанымның садағасы» деп сүйегіне өсиет сіңіріп, өткен қыр баласы ата-баба өсиетінен айныған емес.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтар өзінің ерлігінің, жауынгерлік және қолбасшылық өнерінің арқасында Одақ бойынша ең жоғары мемлекеттік награда алғандардың алдыңғы қатарына кіріп, Қазақстан мен қазақтарды бүкіл Одақ пен әлемге танытты.

«Ұлы Отан соғысы – біздің халқымыздың барша ұлт өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыз биік рухын, ерлігі мен қазақылығын бүкіл әлемге танытқан соғыс. Осы Ұлы соғыс- ата- бабаларымыздың Ұлы ерлігін мәңгілік еткен, ел тыныштығын сақтаудағы ең қастерлі мереке. Егер сіздердің соғыс уақытындағы осы жеңістеріңіз болмаса, бүгінде жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан жеңістің 71 жылдық мерекесі қарсаңында мен жеңісті жақындатқан барша ардагер аға-аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымды иіп, айтулы мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Жеңіс мерекесі-бейбітшіліксүйгіш бүкіл адамзат қауымының мерекесі.

Жеңіс мерекесі-әрбір төртінші азаматтың соғысқа аттандырған бүкіл қазақстандықтардың мерекесі.

Жеңіс мерекесі-жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі.

Бұл – біздің ең қасиетті де қастерлі мерекеміз. Біз аға буынның алдында шексіз қарыздармыз және сіздерді әрдайым мақтан етеміз!

Сондықтан аға буынға қамқорлық – біздің ең абзал борышымыз.

Мәркібай Жанерке

6 сынып № 5 Абай атындағы ЖОМ

ОҚО Кентау қаласы

Жетекшісі: Туребекова Анаркуль Зархановна

Ер есімі – ел есінде

Сан қилы саяси және әлеуметтік қайшылықтар мен дүрбелең үстінде өткен XX ғасыр адамзат санасында жойқын соғыстарымен де сақталары сөзсіз. Өйткені, бір ғана Екінші дүниежүзілік соғыстың өзі қаншама ұрпақты қайғы-қасіретке душар етіп, өмірін өксітті. Жалпы, үлкен тарих тұрғысынан алғанда азғантай мерзім болғанымен ұзақтығы жағынан төрт жылға жуық, нақтылап айтқанда бір мың төрт жүз он сегіз күнге созылған Ұлы Отан соғысы өзінің ауқымы мен қилы-қилы оқиғаларға қанықтылығымен тұтас бір дәуірге тең. Өйткені, ол сан миллион адамдардың өмірін қиған, жер бетінде бұрын - соңды болмаған ең зардапты, әрі қантөгісті зор соғыстың бірі болған еді.

Өткен ғасырдың басында он бес одақтас республикадан құралған «мызғымас» одақ едік. Оны бәрімізге ортақ Отан дедік. Қазығын Германияда қаққан фашизм тұтқиылдан шабуыл жасағанда, қиырдағы Қазақстан жұртшылығы да сол Отанды қорғауға өре түрегелді. Мәскеудегі басшылар мұны Ұлы Отан соғысы деп жар салды. Тарих беттеріне солай деп жазылды. Коммунистік идеология «Әділет біздің жақта біз жеңеміз!» деп ұрандатып, қан майдандағы жауынгерлерді, тылдағы еңбеккерлерді жігерлендірді. Иә, ауыр азапты бес жылдан соң біз жеңдік. Бірақ, қандай шығынмен десеңізші?! Қаншама жас қыршын кетті?! Тіптен, бір отбасынан 4-5 жанды майданға аттандырғанда, кейін солардың тым болмаса бірі елге дін аман оралмаса, не дейсіз?! Қаншама шаңырақ қаңырап, күйреп ортасына түсті?! Ана жесір, бала жетім қалды. Олар отағасы қапияда кетті дегенге сенбеді. Үнемі ұзын жолдың бойына телміре қарап, күндерін, айларын, жылдарын зарыға күтумен өткізді. Қашан оның қабірін көздерімен көріп, көңілдері суығанша үміттерін үзбеді.

Араға жылдар салып, сол бір сұрапыл соғыс алыстаған сайын бомбалардағы жарылысы, танкілердің үні, ауаны тілгілеген оқтардың ысқырығы тарих қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ, соғыс салған зардап жойылар емес. Өйткені, ол ұмытылмайды. Сондықтан да мұны, Ұлы Отан соғысынан кейін дүние есігін ашқандарға, мына тап осы өздері секілді кешегі гүлдей құлпырған жап-жас қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, бар қызықтан бас тартқанын түсіну қиын. Олар Отан үшін қолдарына қару алып, сапқа тұрды. Сарбаз киімін киіп, қандай қиындықты бастан кешпесін, ешбір ауыртпалық алған бағыттарынан қайтара алмады. Ал, соғыс, ол-қасірет. Басқа төнген қасіреттен олардың көбі қайтып

оралмады. Қайта оралғандары соғыстан кейін өмірдің қызығын, жан рахатын да шындап сезініп, тата алмады. Себебі, жүрекке түскен жара, тәнге қадалған оқ табы әлсін-әлі мазалайды. Сөйтіп, уақыт өткен сайын олардың қатары азайып барады. Енді, міне, қазір қарасаң, саусақпен санарлықтай қалған олардың әрқайсысы-бір-бір кітап жазуға тұрарлық лайықты жандар.

«Елу жылда ел жаңа» дегендей жаңарған, жаңғырған заман тұрғысынан кешегі сұрапыл қырғынның қияпатына көз тігіп, осы соғыстың біздің ұлтымыздың тарихындағы, тағдырындағы орны қандай екенін бағамдайтын уақыт жеткендей. Қабырғасы қираған Кеңес империясының санамызға сіңірген идеологиялық сандықтарын қайта қарап, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін анықтап, ақиқатты бүркемелей айтқанымыз жөн. Тәуелсіздікке қол жеткізгенше дүниенің ақ-қарасын аңдамайтын соқыр адамдай болып келдік. Соғыстың да, басқа дәуірлеріміздің де толық шындығы бізге жетпеді. Өз халқына шындықты айтпайтын өкіметтің тұсында өмір сүргендіктен тек белгілі бір ойлау қалыптарының, идеологиялық құрсаулардың шеңберінде қалдық. Соңғы ашылған мұрағаттық деректер мен құжаттар өткен соғыстың көп көлеңкелі, қанқұйлы тұстарын да ашып отыр.

1988-1989 жылдар КСРО Қарулы күштерінің Бас штабында 1941-1945 жылғы кеңес әскерінің жеке құрамы мен қару-жарақтың, соғыс техникасының шығынын анықтау жөнінде екі комиссия жұмыс істейді. Оның қорытындысы қаралып, бекітілді. «Майданда қаза тапқан, жоғалып кеткен, тұтқынға түсіп, одан қайта оралмаған, жарақат алып немесе кездейсоқ оқиғаға ұшырап өлгендер-Қиыр Шығыстағы науқанды қосып есептегенде 8 млн 668 мың 400 адам» - деп жазды. Бас штаб бастығы, армия генералы Момсеев. Осыдан кейін соғыс ары қарай жалғаса берді.

Тыңдаңыз, Қарт,
Ұлдарыңыздың үнін
Әкеміз Жамбыл, алыстан,
Ғасырды көрген данышпан,
Тыңдап, құлақ салыңыз.
Ұлдарыңның майданнан
Жауынгерлік сәлемін
Қабыл көріп алыңыз.
Ұлынды батыр сансыз мың,
Желіндей желпіп жеңістің
Жетті сіздің хатыңыз.
Жолдаған сәлем жүректен,
Жолыңды, жақсы тілекпен
Күш берді қарт атыңыз.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Уа, қадірлі атажан,
Ұлы жолға аттанған
Ұлдарыңа сеніңіз.
Жауды аяусыз қырамыз,
Тұрғысбастай ұрамыз
Тазарғанша еліміз!
Көкорай шалғын көліміз!
Асуы асқар беліміз!
Босағанша жеріміз
Тоқтамаймыз бір минут
Таусылмаса деміміз!

Фашист деген зұлым жау
Ойнамайды, күлмейді,
Адамның тілін білмейді.
Кісі өлтіру, қан ішу-
Өзгені көзге ілмейді.
Сөйлесу керек олармен
Қызыл оттың тілімен,
Көк зеңбірек үнімен.
Ұшқыр оттың сөзімен,
Егеулі найза өзімен,
Болат қанжар жүзімен!

Қазақстандықтар 1941 жылғы 22 маусымда басталған соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ ерлік көрсетті. Сол күндерде біздің елімізде жерлестеріміздің ерлігі аңызға айналып жататын. Олардың есімдері ауыздан түспейтін. Жүздеген мың қазақстандықтар майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға өтініштерін берді. Сол кезде республика бүкіл елдің әскерге шақыру орталығына айналды десек, артық айтқандық болмас. Олар барлық майданда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңіс қуанышын да татты. Қазақстанда құрылған әскери құрамалар мен бөлімдер тамаша ерлік үлгісін көрсетті.

Қазақстандық ұлттық құрамалар соғыстың басынан аяғына дейін өзге бауырлас халықтармен бірге соғыс жылдарының тар жол тайғақ кешуінен өтіп, жеңіс туын асқақ желбіретті. Қазақ дейтін сөз Кеңес Одағының достас, бауырлас халықтарының арасында ғана емес, одан жырақ шалғайларда да лайықты құрметпен ауызға алынатын болды. Мылтық ұстаған қазақ сұрапыл соғыста қара көбейтіп қана жүрген жоқ. Жауынгерлік парызын адал атқарды. «Ерді намыс өлтіреді», «Арым- жанымның садағасы» деп сүйегіне өсиет сіңіріп, өткен қыр баласы ата-баба өсиетінен айныған емес.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтар өзінің ерлігінің, жауынгерлік және қолбасшылық өнерінің арқасында Одақ бойынша ең жоғары мемлекеттік награда алғандардың алдыңғы қатарына кіріп, Қазақстан мен қазақтарды бүкіл Одақ пен әлемге танытты.

«Ұлы Отан соғысы – біздің халқымыздың барша ұлт өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыз биік рухын, ерлігі мен қазақылығын бүкіл әлемге танытқан соғыс. Осы Ұлы соғыс- ата- бабаларымыздың Ұлы ерлігін мәңгілік еткен, ел тыныштығын сақтаудағы ең қастерлі мереке. Егер сіздердің соғыс уақытындағы осы жеңістеріңіз болмаса, бүгінде жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді. Сондықтан жеңістің 71 жылдық мерекесі қарсаңында мен жеңісті жақындатқан барша ардагер аға-аналарымыздың алдында бүгінгі ұрпақ атынан басымды иіп, айтулы мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын.

Жеңіс мерекесі-бейбітшіліксүйгіш бүкіл адамзат қауымының мерекесі.

Жеңіс мерекесі-әрбір төртінші азаматтың соғысқа аттандырған бүкіл қазақстандықтардың мерекесі.

Жеңіс мерекесі-жеңімпаз әкелер мен аға буынның және сол ағалар ісін алға апаратын жас буынның мерекесі.

Бұл – біздің ең қасиетті де қастерлі мерекеміз. Біз аға буынның алдында шексіз қарыздармыз және сіздерді әрдайым мақтан етеміз!

Сондықтан аға буынға қамқорлық – біздің ең абзал борышымыз.

Мәулен Ақниет

А.Үсенов атындағы жалпы орта мектебінің 10-сынып оқушысы
Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы
Жетекшісі: Қияқова Гүлсара

Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс!

Жеңіс! Қандай құдіретті сөз еді бұл! Осы бір сөзге төрт жылдай теңселген дүниенің қайғы қасіреті, ащы азабы, тәтті арманы, ой-қиялы сыйып жатыр.

Жеңіс! Кімде болса жеңіс туған сәтті өз өмірінің ең бақытты күніне санайды.

Жеңіс! Сенің жолыңда қаншама қанды лайсаң қалды, сенің жолыңда қаншама қаһармандар қалды. Сол обаларда отыздап, қырықтап жауынгерлер жатыр. Сол обаларда жанып тұрған жұлдыздар - ер ұлдар мен қыздардың жүрек қандары емес пе!? Сол обалар етегінде оттай жанып тұрған гүлдер мәңгі өшпес ел махаббатының белгісі емес пе?

Майдан кешкен окопта сан түнеген,
Батыр туған бабалар салтыменен.
Қаруластар ел үшін ұрандаған,
Намыс болып шайқаста алаулаған

От пен жалынға оранған 1418 күн мен түн... Оның әр минуты, әр сағаты қауіп-қатерге толы болғанын сол жылдары қолына қару алып, Отан қорғауға аттанған майдангер ағаларымыз бен апаларымыз жақсы біледі.

Жеңіс оңай келген жоқ. Жұдырықтай жұмылып, анталаған жауға қарсы тұра білудің арқасында ғана мүмкін болды. Асқан ерлік көрсетіп, Жеңіс күнін жақындатқандардың ішінде қазақстандықтар да көп еді.

Олардың арасында соғыс техникалары мен құралдарын ұршықша үйіріп, жете меңгерген жандар да көптеп шықты. Оған ұшқыш, танкист, артиллерист, барлаушы, байланысшы, партизан, мерген сияқты сан түрлі мамандықтарды игеріп, жаудың бетін қайтарған ер-азаматтардың ерлігі куә бола алады.

Ерлік пен қаһармандықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткендердің алдыңғы шебінде ұшқыштар жүреді. Жалпы бұл соғыста жаужүрек 2420 ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Тарихи ақиқатқа сүйенсек, 500-дей солдат пен офицер, оның ішінде 101 қазақ Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атаққа ие болды. Солардың қатарында мұндай айрықша атақты екі рет алған ұшқыштар Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда, бір мәрте ие болған Нүркен Әбдіров пен Михаил Янко,

араға ұзақ жылдар салып барып ұлы ерлігі мойындалған Бақтыораз Бейсекбаев пен Хиуаз Доспановалар бар.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ даласының батыры Қажымұқан Мұңайтпасовтың жеке қаржысына әскери ұшақ жасалып, ол ұшақ 701-авиаполктің ұшқышы Қажытай Шалабаевқа тапсырылғанын жұртшылық жақсы біледі. Қажытай сол ұшақпен екі жылда 217 рет, оның ішінде 120 рет түнде ұшып, жау нысандарын бомбалап қайтқан.

1941 жылдың 16 маусымы күні қазақ ұшқышы, Алматы облысы Балқаш ауданының түлегі Бақтыораз Бейсекбаев жанып бара жатқан ұшағын жау техникасы шоғырланған жерге бағыттап қайтыс болады. Тарихи әділеттілік тек 56 жыл өткенде орнап, Бақтыораз Бейсекбаевқа Кеңес Одағының Батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы беріледі.

Қыран тектес болмыс. Иығына планшет асып, басына шлем киген ұшқыштардың ұшағына отырар кезде бір мезет жымия күліп, қол бұлғағанының өзін олар жақсы ырымға балайды екен.

Соғыс өрті күйіп-жанып тұрғанда, қиян-кескі шайқасқа кірісер алдында ұшқыштар ең қымбат жәдігер затын өздерімен бірге алып ұшатын болған. Қазақтар «сын сағатты жеңілдетеді» деп туған жердің топырағын мойнына бойтұмар қылып тағып немесе жан қалтасына салып ұшқан деседі. Бірақ оны ешқайсысы тіс жарып айтпаған. Қайталанбас қаһармандықтың мұзбалағы – ұшқыштар да сенім деген қасиетке бас иген ғой.

Жоқ, болмайды, мен өлмен,
Өшпес менде өмір бар.
Өліммен өмір күресте,
Өлімді өмір жеңе алар.
Біз алмастай қамал жоқ,
Дүлей дауыл соқса да.
Жеңбестей еш күш жоқ,
Алысса да, атса да,

- деп жырлаған батыр да ақын ағамыз Баубек Бұлқышев осы қанды соғыстың құрбаны болды.

Қанды майдан даласында қазақ қаламгерлері де қару мен қаламды қатар ұстап, сұрапыл жорық жолдарынан өтті. Амангелді секілді халық батыры атанған Бауыржан Момышұлы, ерлігі Алтын жұлдыз болып жарқыраған Мәлік Ғабдуллин бар еді.

Жалында жанып өлген Абдолла Жұмағалиев, қамал бұзар қаһарлы сөзімен халық жадында қалған Баубек Бұлқышевтарды біз қадір тұтып, әр уақыт рухтарына бас иеміз. Олардың рухы жеңіс салюттерінің оттарымен бірге жүзеді. Жерде гүл болып жайқалады. Әдебиетте жарқ етіп көрініп,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

жұлдыздай тез сөнген Баубек Бұлқышев ағамыз небәрі 28 жыл ғана өмір сүрді.

Ол 1916 жылы Ұлытаудың бауырында, Қарағанды облысында дүниеге келді. Ауыл мектебінен білім алды. Оның өмірі нағыз жас адамның жалындаған өмірін елестетеді. Баубек жасынан алғыр, өжет болып өсті. 1932 жылы Қарсақбай зауытындағы фабрика – зауыт училищесінде оқыды. Нақ осы жылы әкесі мен шешесі қайтыс болады. 1935 жылы оқу іздеп Алматыға келеді. 1938 жылы есеп-экономика техникумының ІІ курсың бітіріп, қазақтың мемлекеттік баспасында іс басқарушы болып уақытша жұмыс істейді. Осында жүріп «Айсұлу» деп аталатын ұзақ поэмасын аяқтайды. Майдан даласында жүріп өзінің ызасы мен кегін өлең жолдары арқылы қардай боратты.

«Комсомолская правда» газетіне майданның алғы шебінен жіберілген көсемсөз туындылары - «Шығыс ұлына хат», «Өмір мен өлім туралы», «Өмір сүргім келеді», «Жауыздық пен махаббат», «Қымбатты украин қызы» кеңес адамдарының жан жүрегін тебіrentті. Солардың бірі украин қызы Евдокия Дубина авторға былай деп жазды: «Сен қазақсың мен украин қызымын. Мен сені шексіз сүйемін, өйткені сен өнерді сүйе білдің, әрі композитор болуды армандадың. Елін сүйген құрметті қазақ жауынгері, аман бол. Бар күш–жігеріңмен фашист жендеттерін талқанда. Ал егер сен қатардан шығып қалсаң, сенің орныңа мен барамын, өзіңе ұқсап жауға ойран саламын».

Соғыс... сұрапыл соғыс қанша үйдің адамын ұрлады, қанша үйде оттар сөніп қалды, қанша аналар ұрыс даласынан келген қаралы қағазға сенбей ұлдарын күтумен өмірден өтті, қаншама арулар жесірленіп, сәбилер жетімдіктің зарын тартты. Солардың бірі біздің жерлесіміз Ұлы Отан соғысының батыры А.Үсенов болатын. Ол 1924 жылы Түркістан қаласының Теке ауылында дүниеге келіп, кейін Түркістан темір жол станциясында вагон жөндеу депосының цех механигі болып жұмыс істеді. Кейін арын жалау, жанын алау етіп жауға аттанып, Қызыл Армия қатарына шақырылды. 112-Рыльск-Коростень атқыштар дивизиясының құрамында Украина жерін жаудан азат ету үшін кескілескен шайқаста асқан ерлік көрсетті. Ол фашистің 8 танкісіне қарсы шығып, оны ілгері бастырмай, ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, қазіргі таңда туған жеріне, елдімекенге, мектепке, көшелерге оның есімі берілді. Біз оны әрдайым мақтан етеміз!

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңісіміз достықты шыңдаған, бірлікті жырлаған, ер намысы болып аталған, ел дауысы болып шақырған Жеңіс! Жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын көлін қорғады, өзі туған өңірін қорғады, ақ сүтін берген анасын қорғады, пәк күлкі шашқан баласын қорғады, парасатты данасын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қаншама десеңізші. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тіршілігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Міне, осынау қан майданның төрінде жаумен жанын қия айқасқан батыр ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас ие отырып, ол кісілердің бүгінгі ұрпақтарына қалдырған кең байтақ, азат елін, жерін қорғау, күту болашақ мына біздің қолымызда.

Еліміз үшін, жеріміз үшін құрбан болған батырларымызға мың тағзым!

Мұратбекова Сандуғаш

7 сынып № 5 Абай атындағы ЖОМ

ОҚО Кентау қаласы

Жетекшісі: Туребекова Анаркуль Зархановна

Ұлы Отан соғысы

Ұлы Отан соғысы талай адамның тағдыры олардың көз жасы мен бақытты шағын ұрлаған кез. Соғыс десе адам бойы дір етіп тітіркенеді. Себебі, сұм соғыс талай адамның өмірін, біреуінің бақытты балалық шағын, қуанышты сәттерін, қайта оралмас шақтарын ұрлаған.

Ұлы Отан соғысы дүние жүзіндегі ең ауыр соғыс деп есептеймін. Ол соғыста көздерінен от шашыраған небір жастар Отан үшін отқа түсіп, жандарын қиған. Ол ол емес, еңбектеген кішкентай балалар өздерінің туған әкесі мен бауырларын сағынған, ал еңкейген ата мен әжелер терезеге сарылып, өзінің баласының амандығын тілеп, бұл сұм соғыстың біткенін тілеген. Ұлы Отан соғысында әрбір шаңыраққа қаралы хабар келіп жатты. Әр отбасы Аллаға сиынып, қаралы хабардың өзінің шаңырағына келмеуін тілеген.

Тек қана соғыстағы жауынгерлер жеңіс тұғырына шығуға көмектескенімен, ауылдағы еңбектеген баладан, еңкейген кәрі шалға дейін тылда жұмыс істеген.

Соғыс алаңында неміс фашистеріне тойтарыс берген КСРО әскерлері ешқандай мойымаған. Аты өшкір Гитлер небір жауынгерлерді әйел, бала демей қырып сала берген. Ол кезде аштықта өтті, небір ұйқысыз түндер өтіп жатты. Түнде балалары ашқұрсақ жатқан кезде ана жүрегі бұл соғыстың не үшін болғанын, ешбір жан баласының басына бақыт әкелмейтінін түсінген.

Соғыс алаңында жүрген кезде кейбір адамдардың қасында жүрген құрбы-құрдасы көз алдында өміріндегі соңғы дем алып жатқан қандай сұм көрініс.

Ол кезде әскер ішіне қыз, ұл демей қабылдай берген. Отан үшін жанын беруге дайын қыздар мылтықты ұстай сала соғысқа аттанады. Қарап тұрсақ, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова қыршындай жасында көз жұмған. Соғыс кезінде снайпер, танклер дыбысы құлағыңа келгенде өзің шошыйсың.

Менің атамның ағасы-Қызарбек Алиманов. Ол соғыс кезінде қаза тапқандардың бірі. Ол соғысқа аттанар кезінде небәрі жиырма екі жаста болған. Менің атам соғыс кезінде өзінің жақсы қабілетімен танылған соң, оны командир етіп тағайындайды. Ол Днепр өзенінен өтіп бара жатқан кезінде оның үстіне бомба түсе кетеді. Міне, менің атам небәрі жиырма төрт жасында өмірден өтеді.

Германия кеңес одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер елін жаудан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды. Соғыстың тек майдан даласында ғана емес, тылда жүргені мәлім. Соғыс зардабы бүкіл жерді шарпыды. Оған қоса, күн сайын Қазақстанға жаралы жауынгерлер мен офицерлер тегін пойыздар ағылып жатты. Әскери горнизондарының көбісі Алматыдан құралды. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты, кейбіреулері хабарсыз кетті. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша адамзат тарихында бұл-ең зұламат соғыс еді.

Бастысы бұл сияқты соғыс қайталанбасын! Өкінгеннен не пайда?! Соғыс ардагерлерін сыйлайық! Себебі, сол жандардың арқасында осындай дәрежеге жеттік.

Мусаев Данияр

ОҚО, Кентау қаласы

№3 көп салалы мектеп гимназиясының 8 сынып оқушысы

Жетекшісі: Р.У.Асылбекова

Ұлы Жеңіске Кентаулықтардың қосқан үлесі

Адамзат баласы айрықша атап өтетін есте қаларлық тарихи даталар аз емес. Біз үшін мамырдың 9-ы солардың ішіндегі ең қымбаттысы, ең салтанаттысы, біреңгейі.

Күнтізбедегі бұл күн біздің әрқайсымыз үшін Ұлы Жеңіс мерекесі, қуаныш мерекесі, ұрыста қаза болғандарды аза тұтып, қабырғамыз қайысар күнді еске түсіреді.

Осыдан 71 жыл бұрын 1945 жылғы мамырдың 9-ында фашистік Германия тізе бүкті Рейхстагта Жеңіс туы желбіреді. Ұлы Отан Соғысы жеңіспен аяқталды.

Ұлы Отан Соғысы «ә» дегеннен бүкілхалықтық сипатқа ие болды. Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының барлық ұлттары мен ұлыстары фашизмге қарсы біркісідей көтерілді. Соғыстың сұрапыл жылдарында халықтар достығымен бірлігінің беріктігі сыннан өтті. Жау күшті еді. Тек жанқиярлықтың, рухани бірліктің, ұлтаралық достық пен өзара демеушіліктің арқасында ғана жеңіске жету мүмкін болды. Соғыс 25 миллионнан астам адамның өмірін қиды, ондаған миллион адам жарымжан, жетім болып қалды. Ұлы Отан Соғысы жылдары өзге де Қазақстандықтар қатарына Кентау, Ащысай, Хантағи, Байылдыр, Қарнақ елді мекендерінен аттанған жауынгерлер қолдарына қару алып, жаумен айқасып, ерлік көрсетіп, елді, жерді қорғады. Кентау қаласында 1975 жылы Ұлы Жеңістің 30 жылдық қорсаңында қала саяжайында азалы Анаға ескерткіш қойылып, соғыстан қайтпаған 78 боздақтардың есімі жазылған естелік тақта орнатылды. Жылда қала халқы олардың қаһармандық ерлігі, рухы алдында бас иіп, тағзым етеді. Олардың ерлігін Отан алдындағы перзенттік борышты қалтқысыз орыдаудың үлгісіне балайды. Соғыс аяқтала салысымен миллиондаған сарбаз Жаңа майданға-халық шаруашылығын қалпына келтіруге белсене араласты. Олар неміс фашизімінің туын жығып елге жеңіспен оралды, еңбек майданында алдыңғы лектен табылып, қаламыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлкен еңбек сіңірді. Ұлы Отан Соғысының ардагерлері бүгінде қаламыздың қоғамдық өмірінен қол үзген жоқ. Олар еліміздегі реформаларды жүзеге асыру, халықты бірлікке, татулыққа ынтымаққа шақырып, жас ұрпақтарды патриотизм рухында тәрбиелеуге, ат салысып, өз үлестерін қосып жүр.

Өкінішке қарай, олардың қатары азайып барады. Жеңістің 55 жылдығын қаламызда Ұлы Отан Соғысының 360 ардагері қарсы алса, 60 жылдығын 175

жауынгер жерлестеріміз қарсы алмақ. Оларға құрмет көрсетіп, қамқорлық жасау-біздер үшін парыз да қарыз. Қаламызда осы мақсатта соғыс ардагерлері үшін бірсыпыра жеңілдіктер жасалуда.

Әйелдердің соғыс жылдарындығы ерлігі жайында біз терең ризашылық сезіммен айта аламыз, олар кескілескен ұрыстарда ерлермен бірдей, қоян қолтық шайқасса, соғыстан кейін еңбек майданында жанқиярлық, абыройлы еңбектің үлгісін көрсетіп, алдыңғы лектен табылды. Біз майдангер аналардың алдында бас иіп, тағзым етеміз, құрметтейміз.

Еңбеккер-ананың ортақ жеңіске қосқан орасан зор үлесін, тылдағы шексіз ерлігін атап айтпай болмайды. Олар майданға кеткен ерлерінің орнын жоқтатпай, жер жыртып, егін екті төрт түлікті түлетті, өндірісті өркендетті, ошағының отын сөндірмей, ұрпағын өрбітті

Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіс шын мәнінде бүкілодақтық ерлік болды. Майданға нан да, ет те, басқа да азық-түлік те, киім-кешек, қару жарақ та керек болатын. Жеңіс Үшін халық қолдан келгенінің бәрін жасады. Қарттар мен әйелдер, буыны қатпаған балалар қайыспай еңбек етті. Соғыстағы Жеңіс Отан үшін мерт болған ерлеріміздің қанымен тылдағылардың маңдай терімен, қажыр-қайратымен, халықтың ынтымақ-бірлігімен келді.

Биыл Ұлы Отан Соғысындағы жеңістің 71 жылдығы. Ұлы Отан Соғысындағы Жеңіс-достықты шындаған, бірлікті жырлаған, ер намысы болып аталған, ел дауысы болып, шақырған Ұлы Жеңіс. Арын жалау етіп, жанын алау етіп, жауға аттанған ұландарымыздың ерлігі, еліміздің болашағы үшін қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалғандардың ерлігі, аналарымыздың рухани ерлігі, Бүкілхалықтың ерлік ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұрпақтар жадында жасай береді. Біздің мемлекетіміз егемендік алғалы көптеген жетістіктерге жетіп алғадамып келеді, соның айғағы Елбасымыздың биылғы Қазақстан Халқына арнаған Жолдауы. Бұл Жолдауда қарттарға, әсіресе Ұлы Отан Соғысының ардагерлеріне ерекше көңіл бөлінген.

Сөз соңында айтарым, бүгінгі жастар ардагер ағаларымыздың көрген тауқыметінің бірде-біреуін көрген жоқ. Міне, сондықтан да ардагерлер ісін өнеге тұтып, сол кісілердей қиындықтарға төзіп, ел құрметіне бөлену жас ұрпақтың абзал парызы, азаматтық борышы деп білеміз

Надирова Оғилжан

9-сынып оқушысы “Шаш-төбе” жалпы орта мектебі
Оңтүстік Қазақстан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы
Жетекшісі: Хасанов Розибай Омарович

**Болашаққа ұмтылсаң,
Тарихқа назар аудар**

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Уақыт көндіргісіз зымырап барады. Уақыт өте әлем де өзгереді, бірақ естелік мәңгі... Біз – қазіргі буын, өз тарихымызды жасай отырып, өз халқымыздың өткеніне әсер ете алмаймыз, бірақ есте сақтауға міндеттіміз. Ғасырлық тәжірибені, ғасырлық мәдениетті, тарихи шекараларды, өткенді жаңа уақыттың призмасы арқылы қарастыра отырып, пайдалана келе, біз сабақ алдық. Ал естелік сезімтал болуға мүмкіндік береді. Ұлы Отан соғысы еліміздің барлық халықтары үшін қатал сынағы болды. Жеңіске жету үшін қаншама құрбандық болды. Алайда, ол адами сананың, еркіндік сүюдің нағыз салтанаты болды, жоғары ерлік пен өзін-өзі құрбандыққа әкелу үлгісін көрсетті.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толғалы отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыста – 1418 күн мен түндерде, бүкіл жігерімен Жеңіске ұмтылған...

Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлинтегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарманмен жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс.

Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі. Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелейді. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

Соғыста біздің әкелеріміз ежелден еркіндік аңсаған ер қазақтың өршіл рухын, батырлығын әлемге паш етті. Қазақ ұлты ұландарының антқа адалдығын көрсетті. Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм

концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Әлем 1941 жылы соғыста кім бастап, оған адамзат тарихында бұрын-соңды болып көрмеген қандай қатер төніп тұрғанын бірден сезді. Бүгінгі ұрпаққа Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағы мен оның халықтарының жеңісінің факторлары туралы айту парыз. Оны біз жас ұрпақ білуіміз керек. Қазақстанның Ұлы Жеңіске үлесі айрықша болды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Биылғы жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толып отыр. Соңғы мәліметтер бойынша, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллиондай адамын жалмаған сұрапыл соғыста Қазақстаннан 1 миллион 600 мыңдай жауынгер жауларға қарсы жан аямай шайқасты. Одақ бойынша 12 мыңнан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы атақ – Кеңес Одағының Батыр атағын иеленеді. Солардың қатарында осы үлкен атаққа қазақ ұлтының 103 азаматы ие болыпты. Бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бұл сан бірде 97, бірде 98 болып беріліп келген болатын.

Қазақсан Ұлы Отан соғысына біртұтас елдің құрамдас елдің құрамдас бөлігі ретінде кірісті. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1941 жылғы қаулысымен Қазақстан және Орта Азия, Кавказ Республикаларында ұлттық әскери құрамалар жасақтала бастады. Сол жылы қазақ жерінде жеті атқыштар дивизиясы, үш атты әскер дивизиясы, үш атқыштар бригадасы құрылды.

Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының (командирі генерал – майор И.В.Панфилов) бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының тегеурінді шабуылын тойтарып, жанқиярлық ерліктің жарқын үлгісін көрсетті. Волоколамск тас жолындағы Дубосеково бекетін қорғаған атақты 28 –ші панфиловшылар сапында Н.Есболатов, Ә. Қосаев, А.Қожабергенов, М.Сеңгірбаев сынды қазақ жауынгерлері қаһармандықпен шайқасты. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. 1942 жылы Бородино селосының маңындағы қиян-кескі ұрыста қазақ жауынгері Т.Тоқтаров ішін оқ тіліп, ішек-қарны ақтарылып түссе де атысты тоқтатпады. Арыстанша алысып жүріп, 49 фашисті жер жастандырған Төлегеннің ерлігін асқақтатқан «Жас қазақ» әні бүкіл майдан даласына жайылды. Тарихқа «Сталинград шайқасы» деген атпен енген алапат ұрыс 6.5 айға (1942 жылдың шілдесінен -1943 жылдың ақпанына дейін) созылып, ақырында, неміс басқыншыларының бетін қайтарып, меселін басқан бетбұрысты кезеңге айналды. 1943 жылы Невель қаласы үшін ұрыста пулеметші Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты. Оған Кеңес одағының

Батыр атағы берілді. 1944 жылы жойқын шабуылға шыққан Кеңес әскерлері 900 күн жау құрсауында қалып, адамзат тарихы білмеген азапты күндерді бастан өткеріп жатқан Ленинград қаласын азат етті. «Ленинградтық өренім» деген жыр жолдап, аштық пен жалаңаштықтан қиналған қала тұрғындарының жігерін жанып, рухтарын көтере білді. 1941-1945 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысында біздің, яғни Қарнақ ауылынан 629 жауынгерлер жауға қарсы күрескен. 470 жауынгер жауға қарсы күресте қаза тапқан. Ауылымызда Ұлы Отан соғысы құрбандарына арнап ескерткіш орнатылған.

Ұлы Жеңіс әкелген құндылықтар туралы айтқанда ойға ең алдымен сол бір кантөгіс, жиһангерлік соғыстан аман қайтқан ағаларымыз бен апаларымыздың соғыстан кейінгі қоғамдық өмірдің әр саласында атқарған адамгершілік, тәрбиелік, отансүйгіштік, жас ұрпаққа қамқорлық, әділеттілік пен тазалықтық қорғаушысы болған ерекше миссиясы туралы айту парыз. Иә, майдангерлер қай салада да үлгі болды. 1945 жылдан бері көп оқиға болды. Бірнеше ұрпақ ауысты. Елімізде түрлі күрделі оқиғалар болды. Әлемнің саяси картасында Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті берік орын тепті. Кеңес жауынгерлерін өз туының астына топтастырған коммунистік идеология мұрағатқа кетті. Соғыстың қорытындысында қалыптасқан социалистік лагерь, әлем саяси дамуының бағытын анықтаған Ялта бейбітшілік шарты, Варшава шарты ыдырады. Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы ерлігі әлемді таңқалдырып, мойындатты. Оған қазақстандықтар мен қазақтар қосқан қасиетті де қаһармандық ерлік үлес – ерлікті біз мақтан тұтамыз. Аға ұрпақтың ерлігі мен әскери даңқы жас ұрпақты Отанымыздың болашағы үшін азаматтық жауапкершілікке, елін қорғауға әзір болу рухын сіңіреді. Олардың ерлігі алдында тағзым етіп бас ию тірілерге қажет.

Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Біз өз аталарымызды мақтан тұтамыз өйткені, олар біз үшін Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге жеңіс сыйлады. Бұл жеңістің басты себебі, әрине, халқымыздың Отанға деген сүйіспеншілігі, қайтпас қайсар ерлігі, сын сағаттағы отаншылдық қасиеті. Екіншіден, ортақ жауға қарсы күрестегі көп ұлтты КСРО халықтарының ынтымағы мен достығы еді.

Бұл соғыста Кеңес Одағын мекендеген барлық халық бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып отанын қорғады. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» - дей келе Ұлы Отан соғысының 71 жылдығына орай ата-бабаларымыздың рухына тағзым ретінде олардың ерен ерліктерін, жер, Отан, біздердің жарқын болашағымыз үшін жасаған ерліктерін мәңгілікке есте сақтап, жадымызда ұстаймыз. Қанша жылдар өтседе, бұл соғыста ерлікпен қаза тапқан әрбір батырларымыздың тарих төрінен орын алатыны және ұрпақтары мәңгі жеңіс алауын сөндірмей, Отан үшін от кешкендерді әрқашанда жүрек түпкірімізде ұстаймыз.

Ниязбеков Асқарбек

Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы,
№123 ЖОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

«Әріптес» үкіметтік емес ұйымының
Алматылық Конфедерациясының
басшысы профессор Л.С.Ахметоваға

Аудандағы барлық мектептерде оқушылар арасында Ұлы Жеңістің 71 жылдығы мен Ұлы Отан соғысының басталуының 75 жылдығына арналған патриоттық тақырыпта шығарма жұмыстары бойынша байқау ұйымдастырылды.

Қазақ тілінде жазылған үздік шығарма жұмыстарын өзіңізге жолдап отырмыз. Бөлім басшысының міндетін атқарушы қолы бар Қ.Сыдықов

Ахметова Ләйла Сейсембекқызына!

Жаңа күн жақсылыққа жаны құмар,
Тірлікке нұр сыйлайтын танымы бар.
Бүгінде өзіңізбен әріптес боп,
Сәт туды тілек арнап табыс қылар.
Әрбір сәт әркім үшін түрлі белес,
Өткенмен өмір жолы қылса кеңес.
Қашан да құшақ жайып әріптеске,
Жат көріп, бөтенсіреу болған емес.
Өткізіп шығарманың шың-бәйгесін,
Талантын жұртқа мәлім қылғай есім.
Жеңісті дәріптеуге үлес қостық
Жалғаумен жауһар болған жырлар көшін.
Бар талай ел ішінде талант тағы,
Баршаны үлгісіне қаратады.
Осындай өрендерге қолдау болған
Бастама Сіз көтерген қуантады.
Қамқор боп әріптесің баршасына,
Гүл еккен сыйластықтың бақшасына,
Бәріміз мамандықтың сырын ұқтық
Ұстаздың өзіңіздей арқасында.
Жақсының ісіне ешкім таласпайды,
Күдік те, күмән да оған жанаспайды.
Аналар мейрамына бірер тілек

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Айтпасақ тағы бүгін жараспайды.
Нұрлы сәт арай күнге құшақ ашып,
Бақыттың баянымен сыр алысып,
Жүріңіз бал-бұл жанған дидарыңыз
Қуаныш шаттығымен қаумаласып.
Танымды тіршілікпен салғастырып,
Тәлімді уақытпенен алмастырып,
Ұстаздық ұлағатын шаршап-талмай
Жүріңіз келешекпен жалғастарып.
Өмірдің өрге сүйреп баспалдағы,
Әрбір күн жаңа арманмен басталады.
Қашан да үйіңізде құт қонақтап,
Шаттықтың жиылмасын дастарханы.

Равшанбекова Парвина

9-сынып, №7 Бабыр атындағы жалпы орта мектебі
ОҚО, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы
Мұғалімі: Қорғанова Гулнора

«Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек
отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп
жібере алады. Біздің үрейді жеңетін ең күшті
қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік»
Бауыржан Момышұлы

Соғыс - атауы құлаққа жағымсыз тіршілікті қан жылататын, асты қайғы – қасіретке толы қаралы сөз. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған - туысқандарына, жақын - жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде - бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай - ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үніліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді.

Ұзын бойлы, қара сұр Момыштың ұлы Бауыржан сол кезде отыздың үстіндегі жас жігіт еді. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам – опасыз, оңбаған адам», - деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінің айқын дәлелі болса керек.

Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. «Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», - дейді батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржанның еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата бір естелігінде: «Мен – өзге ұлттарды құрметтеуші, өз ұлтын сүйуші адаммын», - дейді. Батырдың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де ұлтын сүйгендігінен шығар.

Бауыржан Момышұлының тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында, мұнартып қалықтаған ақиық, мұзбалақ қыран болып елестейді. 1941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316 - атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды. Жеңістің 65 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандығы мен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан - ғайыр, ұзын көше, зәулім мектепке батыр атамыздың есімі берілді. Бұл Бауыржан ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына деген құрмет еді. Оның «Ежелден ер тілегі – ел тілегі, Адал ұл ер боп туса – ел тірегі» деген өсиетінің өмірде орындалғанын көріп қуандық.

Ержүрек батырдың кітаптарын оқып отырып, терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», т.б. шығармаларын оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып - білудегі сезімталдығына таң қаладым. Шығармаларында әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі-өнеге алуымыз керек. Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан ғасырға жетер мұралары үшін біздер мәңгілік қарыздармыз. Бақытты болашақ, тәуелсіз ел - аңсаған арманы еді. «Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде, Деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде. Ұрпақ атар 80 мен жүздігімді, Тарихтың түкпіріне сөз келгенде», – деп өзі айтқандай, 1990 жылы кеш те болса Бауыржан Момышұлына «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді.

Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары – майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз!

Ғаламтордағы мәліметтер мен үлкен кісілердің айтуынша, соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941 жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты.

Осы соғысқа анамның атасы, менің атам да қатысқан екен. Ол кісі 1943 жылы шақырылыпты. Оларды Петропавл қаласынан таң ата батысқа қарай алып жөнеліпті. Эшелон тоқтаған әрбір станцияларда бұларға жергілікті халық қолдарында бар тамақтарын беріп, ақ ниеттерін көрсетіп отырған. Межелі жерге жеткен кезде атамдар бірден ұрысқа кіріскен. Менің атам қан майданда отыз жеті ай болыпты. Өйткені, атам елге соғыс біте сала оралмапты. Біз мұны атамның соғыс кезінде жазған күнделігінен оқыдық. Күнделік атамның қызында сақталған екен. Мен атаммен мақтанамын!

Жеңіс туы- желбіресін мәңгілік,
Жеңіс жыры- асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырларымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар, өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз!

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау! Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет.

Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін!

Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

Рахман Мереке

10-сынып, №20 С.Сейфуллин атындағы мектеп-гимназиясы
ОҚО, Сайрам ауданы, Ақсукеңт ауылы
Жетекшісі: Дермисалиева Эльмира

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Мұқағали атамның айтқаны рас,
Көптеген аталардың қайтқаны рас.
Азайып бара жатыр ардагерлер,
Қан кешіп Отан қорғап, жайған құлаш.

Жылына бір рет айтып, есіркейміз,
Оған да шүкір айтып, көнгендейміз.
Осылай тағы 10 жыл жүрер болсақ,
Аталарды шарқ ұрып, емге іздейміз.

Жазайық, айтпайықшы, ұмытпайық,
Жыламасын аруақтар ұмыт қалып.
Болашаққа тұмар етіп ап жүрелік
Көтеріп, көкке қарай ұран салып...
Автордан

Көздің жасы, маңдай тер, аққан қан. Осындай алапат күшпен келген Жеңіс біздің бойымызға қуат беріп, Отан ананың қадірін асқақтата түседі. Себебі осы соғысқа аттанған әрбір ер азаматтар «Анамды қорғаймын, жау қолына бермеймін!» - деп аттанып еді. Сол аталарымыздың қатары жылдар өткен сайын сиреп барады. Әрине, өте өкінішті. Бұл соғысты көзіміз көрмесе де, жүрегімізде үлкен орын алады. Осындай азат әрі еркіндікті ту еткен елде өмір сүріп жатқаным үшін Ұлы Отан соғысында жер құшқан азаматтарға, Жеңісті алып келген ата-әжелерімізге алғысым шексіз.

Мен де қалыс қалмаспын, елім үшін соғысқа аттанбасам да, елімнің дамуы мен өркендеуі жолында терімді төксем, бұл менің жеңісім болмақ. Жеңіске деген құрмет пен шығармамды осылай бастасам артық етпес.

1941 жыл. Жаз айы. Мектеп бітіруші түлектердің мектеп қабырғасы мен қоштасу кештері өтуде. Шалғын шөбін орып, қыстың қамын ойлап жүрген бейбіт өмір. Жоғары оқу орындарына түсіп, студент атанамыз деп алдарына үлкен мақсат қойған жастардың армандары кенет су сепкендей ғайып болды.

1941 жылдың 22 маусымында таңғы сағат 4-те халық ауыр жаңалықтан хабар алды. Бүкіл Кеңес Одағы радиодан Левитанның дауысын естіп, елдің басына күн туғанын білді. 1939 жылы «Бейбітшілік» келісіміне қол қойған

Фашистік Германияның қолбасшысы Адольф Шикельгруб (Гитлер) бүкіл әлемді жаулап алу мақсатымен ешбір ескертусіз соғыс ашты. Соғыс кенеттен басталғанымен Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы секілді алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Кіндік қаны тамған Отанын қорғауға кәрі де, жас та, бала да атсалысты. Елдің амандығы үшін көптеген аналар от майданға жалғыз ұрпақтарын да аттандырды. Көзі мен жүрегін қан түмшалаған айдаһардың бетін қайтару үшін аталарымыз бен апаларымыз да аянған жоқ. Соғысқа сақадай сай дайындалып келген жау бірлігі бекем бейбіт өмір сүріп жатқан елді жаулап ала алмады. Қара ниетті жаудың жоспары іске аспай, тізе бүкті.

1945 жылдың 9 мамырында Фашистік Германияның Рейхстағына Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын тікті. Жеңіс! Жеңіс! Жеңіс! – деп көздеріне жас толған жауынгерлердің қуанышты хабарын естіген ел теңселіп, қобалжып, қуаныштарында шек болмады. 5 жыл бойы алапат соғыстың суық пен аштығына душар болған жауынгерлер мен бейбіт күнді аңсаған аналардың арманы орындалды.

Жүректері Отаным деп соққан әрбір жауынгердің аты тарихымызда алтын әріппен жазылып, жас ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталуда. Қазақтың әрбір ұлы мен қызы Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сынды есімдерді жадында сақтап үлгі тұтады.

Жер шарының жартысына жуық жерді жаулаған Ұлы Отан соғысының Жеңісіне биыл 71 жыл толғалы тұр. Өткен жылы осы сұм соғыстан зардап шегіп, азаптанған ел абыроймен Ұлы Жеңістің 70 жылдығын кең көлемде атап өтті. Бұл Жеңіс бүгінгі ұрпақтың бақытына оңай жолмен келмегені анық. Ата-бабаларымыздың қаны төгіліп, аналар мен нәрестелер еш жазықсыз құрбан болды.

Ұлы Жеңіске жету жолында біздің Сайрам ауданынан 20 мың 195 ер-азаматтар қатысқан. Олардың 8 мың 115 – і майдан даласында мәңгіге көз жұмды. Біздің ауданнан 4 Кеңес Одағының батыры шыққан, яғни Ұлы Отан соғысының батыры атанған. Олар: Ботабай Садықов, Таштемір Рүстемов, Зиямат Хусанов, Владимир Вишневецкий. Біз, бүгінгі бейбіт елдің жастары, Тәуелсіз елдің болашағы, майдан даласында Ұлы Жеңіс жолында жан аямай шайқасқан жауынгерлердің рухтарына басымызды иеміз, тағзым етіп, мақтан тұтамыз.

Менің жауқазындай жас жыр шумақтарымды қабыл алыңыздар, Сайрамдық боздақтар!

Сайрам жері салтанат жәннатындай,
Бір кездері өмір сүрді қайғы болмай.
Ұлы Жібек жолының керуені,
Қайтпаушы еді біздерден шайға қанбай.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Мың түрлі жеміс өскен жер жұмағы,
Егінімен жайқалған кең алабы.
Жер жәннаты, ырысы ынтымағы,
Бір күнде келіп еді тамұқ шамы.

Жиырма мың жүз тоқсан бес ер аттанды,
Сегіз мың жүзден асық көзін жұмды.
Бала қалды бесікте іңгәлаған,
Ана қалды жігері болып құмды.

О, боздақтар, рухтарың биік болғай,
Жыр жазамыз сіздерге толғай-толғай.
Одақтың батырлары арада жүр

Жылынып жырымызбен мүлде тоңбай.

Мақтаймыз, мақтанамыз, мадақтаймыз,
Жадымызда мәңгілікке сақтаймыз.
Сайрамнан аттанған боздақтарға,
Мың тағзым, жүректерде гүл шоғымыз.

Өттең, жылдар өткен сайын ардақты ардагерлеріміздің қатары сиреп бара жатыр. Бүгінде соғыс жылдарында тылда еңбек етіп, майданның қажеттілігін, яғни тамағын, киімін, қаруларын дайындап жеткізіп беріп тұрған тыл еңбеккерлері Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңеліп отыр. Бұл оларға деген үлкен құрмет деп білеміз.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.
М.Мақатаев

Ер есімі - ел есінде мәңгі сақталады. Ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Тәуелсіз Қазақстан елі өз боздақтарын қастерлеп, қасиеттейді! Бейбіт өмірді әкелген ардагерлеріміз әрқашан аман болғай!

Ұлы Жеңістің туы-көк аспанымызда шарықтай бер, желбірей бер!

Садық Алуа

7-сынып оқушысы Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданы «А.Дәрібаев атындағы жалпы орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Жетекшісі: Дәуренбек Ұлбала

Менің отбасымның тарихы Шытты ауылы

Осыдан жетпіс жыл бұрын Фашистік Германия Кеңестер Одағына соғыс ашты. Көз алдыңызға алаңсыз бейбіт күнді елестетіп көріңізші. Сол бейбіт күннің бір сәтте тас-талқаны шықты. «Соғыс» деген сөз дүниені дүр сілкіндірді, жан түршікті. Қазір сол күндер бізден қанша алыстаса да, қасіретті күннің жаңғырығы санамызда жаңғырып, ауыр ойдан жүрегіміз сыздайды.

«Ер басына күн туса, етігімен су ішер, ат басына күн туса, ауыздықпен су ішер», - дегендей елдің амандығы үшін ерлер майданға аттанды. Мұздай қаруланған фашистік Германия шабуылы өте жойқын болды. Жау біздің әскерлерге әуеден құтырына шабуыл жасады, майдандардың түйіскен жерлеріне қуатты танк топтарын төкті. Солтүстік-Батыс, Оңтүстік-Батыс майдандарда жау әскеріне қарсы тұру қажыр-қайратты, күшті талап етті. Неміс-фашистері Ленинградты қоршап, Киев маңындағы әскерлерімізді қиратып, содан кейін Москваны аламыз деп жоспарлады. Фашистер Ленинградты қоршауға алды. Бірақ, Ленинград майданының құрамы, Қызыл Тулы Балтық флоты және қаланың тұрғындары революция бесігін жау қолына бермеуге ант етті. Олар анттарын абыроймен орындады. Ленинградқа қарай қаптаған немістердің танк тобы қатты соққыға ұшырап, едәуір әлсіреді. Мұның өзі ұрыстың бұдан кейінгі дамуына айтарлықтай ықпал етті, өйткені жау Ленинградты алысымен танктерді Москваға қарай қаптатпақ еді.

Ия, 1941 жыл өте ауыр жыл болды. Ленинградты қоршаған жау Москваға да қауіп төндірді. Москва түбегіндегі қанды шайқаста Қазақстанның 316-атқыштар дивизиясының теңдесі жоқ ерлігі бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. 316-атқыштар дивизиясының батальон командирі аға лейтенант Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды. Қазақ халқының ұлттық батырына айналды.

Соғыстың алғашқы айларында болған оқиғалар, әсіресе, Москва үшін болған шайқаста жеңіске жету ел басына күн туған қиын сәттерде бүкіл халық Отан қорғау ісіне жұмыла алатын күш-қайраттың иесі екенін көрсетті.

Соғыста бүкіл кеңес адамдары, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ерлік көрсетті десек артық айтпаған болармыз. Олар ерлік жасамаса, жан

беріп, жан алыспаса Ұлы Жеңіс болар ма еді?! Ұлы Жеңіске менің кішкентай ғана ауылым да зор үлес қосты.

Мен 7-сыныпта оқимын. Менің атам Ұлы Отан соғысы жауынгерінің ұлы. Атамның әкесі майданға аттанғанда небәрі екі жаста ғана екен. «Мен есімді білмегендіктен әкемнің қалай майданға аттанғаны есімде жоқ. Соғыс басталғанда қандай кішкентай болсам, соғыс аяқталғанда соншалық естияр бала болдық. 1945 жылы әкемнен қаралы қағаз келген күн күні бүгінге дейін көз алдымда» дейтін еді.

Ия, сұрапыл соғыс кімдерге қайғы-қасірет әкелмеді десеңізші. 1941 жылы Фашистік Германия Кеңестер Одағына соғыс ашқанда осы азғантай ғана ауылдың барлық ер азаматтары әскер қатарына шақырылды. Сонда біздің отбасымыздан үш бірдей ағалы-інілі жігіттер соғысқа аттанады.

Олар: атам Оразәлі Сұлтанұлы, інілері Бегалы Сұлтанұлы, Қалмұрат Сұлтанұлы майданға аттанады. Атам Оразәлі Кенигсберг түбіндегі майданға қатысып, сол қала үшін болған шайқастарға ерлікпен қатысады. Майдандағы атамнан хаттар келіп тұрған. Бір хатында: «Ауыл-аймақ аман ба? Ауылда не жаңалық? Балалар аман ба? Қазір соғыс аяқталып қалды. Аяғыма оқ тиіп, жараланып госпитальда жатырмын. Жағдайым жақсы. Қарындасым Құндыздың жағдайы қалай? Жақында соғыс аяқталып амандық болса, ауылға қайтатын шығармыз. Аман болыңыздар!»-депті. Осы жарақатынан жазылған атам, қайта соғысқа кіреді. 1945 жылдың көктемінде ұрыс даласында оқ тиіп, алты қабырғасын жарақаттайды. Операция жасайды. Атам жеңісті госпитальда қарсы алады. Бірақ жарақаты ауыр болғандықтан атам елге жете алмады, өзі қан кешіп, мұз жастанып, бес жыл зарыға күткен жеңістің қызығын көре алмады. Госпитальда қайтыс болады. Ауыр жарақатынан есін жинағанда қасындағы өзбек қаруласына өзінің амандығын білдіретін хат жазып жіберткен екен.

Ия, менің атам соғыс басталғаннан, аяқталғанша Отан үшін от кешті. Атам соғыста болған Кенигсберг қаласы қазіргі Калининград атымен танымал. Менің де атам соғыста көрсеткен ерліктері үшін талай марапаттар алған да шығар, бірақ олардан бізге жеткені азғантай ғана. Олай дейтінім, атамнан қаралы хабарды жеткізген тілдей қағазда «майданда ерлікпен қаза тапты» деген суық сөздер ғана болған екен.

Бойымды өртеп барады тигендей от
Қимылдауға апырай дәрменім жоқ,
Ып-ыстық қан кеудемді жуып жатыр,
Қақыратып кеткен бе, қорғасын оқ.

Мақтаушы еді ұлыңды ақ берен деп,
Кім ойлаған соғысқа тап келем деп.
Гитлердің балтасы кіршілдейді,

Дүниенің діңгегін қақ бөлем,

- деп Әселхан ақын жырлаған өлең жолдары есіме түседі.

Менің де атам денесіне түскен ауыр жарақатты жеңе алмады-ау, қорғасын оқ қабырғасын сөкті-ау деген ой көзіме жас келтіреді. Майдан даласы қандай сұрапыл болса, ауылда қалғандар үшін де оңай болған жоқ. Бүкіл ел аяғынан тік тұрды. Бұғанасы қатпаған бүлдіршін мен еңкейген қарттарға дейін еңбек майданынан табылды. Сол аласапыран зұлматты тойтарып, Жеңісті жақындатуға қазақтың құтты даласы қосқан үлес пен күш ересен. Азық-түлік, жылы киім-кешекпен бірге соғысқа қажетті жабдықтар эшелондармен үздіксіз тасылып жатты.

Сол кездерде атамның анасы Асылбекқызы Фатима тылда еңбек атқарды. Күндіз-түні тыным таппай, ер кісілердің жұмысын атқарды. Жалғыз өзі екі қыз, бір ұлды тәрбиелеп, балаларын жастайынан еңбекке баулып өсірді. Осындайда көзімнің алдына Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» әңгімесі есіме түседі. Әкесі соғыстан қайтпаған кішкентай Аяның өксігі, әйелдер, жас балалардың күні-түні жұмыс істеуі, аштыққа, суыққа қарамауы көзге елестейді.

Менің атамның әкесі соғыстан оралмай қалған кейіпкер Аян секілді әке алақанының жылуын сезінбей өсті. Бес-алты жасынан анасы Фатиманың қолғанаты болса, он үш жасынан бастап қой шаруашылығында көмекші шопан, 1958 жылдан бастап жеке өз алдына аға шопан міндетін мойнына алды. Осы жылдардан бастап еңбек жолында жақсы игілікті істермен, табыстарымен көзге көріне бастады. Сол ерен еңбегінің арқасында қой шаруашылығын өркендетуге және оның өнімділігін арттыруда қол жеткен табыстары үшін 1963 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Советі Президумының Құрмет Грамотасымен марапатталып, сол жылы Мәскеу қаласында өткен жас шопандар слетіне қатысты. Сондай-ақ, бұдан кейін де Алматы қаласында болған Қазақстан жас шопандарының 1-слетіне қатысқан Садық Оразәлиев «Волга» жеңіл автокөлігін сыйға алды және Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1964-1967 жылдары КСРО Халық Шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырған ерен еңбектері үшін Садық Оразәлиевтің есімі Қазақстан Республикасының Құрметті Алтын кітабына жазылды. 1966 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің, 1967 жылы Облыстың Кәсіподақ кеңесінің Құрмет грамотасымен, 1968 жылы Бүкілодақтық Ленин комсомолы Орталық Комитетінің медалімен марапатталып, 1973 жылы Социалистік жарыстың жеңімпазы белгісін омырауына тақты.

Садық Оразәліұлы 1975-1985 жылдар аралығында аудандық мал бордақылау кешенінде аға маман, ал 1992-1995 жылдары аудандық мал бордақылау комплекісінде аға басқарушы, 1992-1995 жылдары Ленин атындағы бөлімшенің басқарушысы болды. Жоғарыда айтып өткенімдей

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Садық атам КСРО-ның Алтын кітабына енген болатын. Ол жастайынан еңбек еткен қайраткер.

Міне, атамның да дүниеден өткеніне де төрт жылға жуық уақыт болыпты. Шүкір, өнегелі жолын жалғастырушы ұлдары Сәбденбек, Сәдібек, Сейсенбек, Мейірбек және немерелері мен қыздары атасы мен әке жолын үлгі етеді.

Ел үшін еңбек етсен халқың сүймек,
Біз үшін отқа, суға түсіп жүр деп
Ер өлсе де, еңбегін ел өлтірмес.
Неше мың жыл өтседе тарих білмек,

- деп жырлағандай мен екі атамның да елі үшін жасаған еңбектерімен мақтанамын.

Міне, биыл Ұлы Жеңісімізге де жетпіс бір жыл толады. Соғыс жылдарында біздің бейбіт өмір сүруімізге, еліміздің тыныштығын сақтауда ата-бабаларымыз өз өмірлерін қиды. Олардың әрқайсысы бірін-бірі қайталамайтын ерлік жасады. Содан бері жұмыр жердің бетінде, туған елімізде талай өзгерістер болды. Қазақстан дербес тәуелсіз мемлекет болды. Жігерлі, даңқты жауынгерлердің бүгінгі ұрпағы елдің Тәуелсіздігін баянды ету жолында аянбай еңбектеніп жатыр. Біз болашақ еліміздің өркендеуіне, дамуына, Тәуелсіз еліміздің мәңгілік ел болуына өз үлесімізді қосамыз.

Салыбаева Маржан

А.Үсенов атындағы жалпы орта
Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы
Жетекшісі: Қияқова Гүлсара

Аты – аңызға, сөзі – нақылға айналған ауыржан ата

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі орын алатын күн. Бұл - біздің елімізге төнген үлкен қауіп әрі сын еді! Отанымызды қорғауға еңбектеген жас та, еңкейген кәрі де аттанды. Соның бірі – Бауыржан Момышұлы. Қазақ халқының «Ақын – елдің еркесі, Батыр - елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар. Бауыржан атамызда осы екі ұлы қасиеттің екеуі де бар.

Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Мәскеу түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігі мен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші,
Бауыржан дүниеге келгенде:

- О, Момыш баланың бауы берік болсын»
- Ақменттей бабасындай батыр болсын!
- Бәйдібек батырдың аруағы қолдасын!
- Домалақ анамыз жар болсын! десіпті ел – жұрт. Арты шілдеhana тойға ұласыпты. Той соңында Имаш ата былай деп бата берген екен:
 - Алатаудың қыраны мол еді-
 - Қырағы болсын, құлыным.
 - Қойнауы суға мол еді-
 - Бұлағы болсын, құлыным.
 - Елінің тілегі зор еді-
 - Шырағы болсын, құлыным.
 - Бұл жер батырлар төрі еді,
 - Сыңары болсын, құлыным!

Б.Момышұлы 1910 жылы Жамбыл облысы, Жуалы ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі - Момыш, шешесі – Рәзия. Әкесі- жаны-жомарт, көзі ашық, көкірегі ояу кісі. Отбасында 4 қыздан кейін, әкесі Момыш 50-ді еңсерген шағында, Бауыржан дүниеге келген еді. Тәуіржан деген інісі жас кезінде қайтыс боп кеткен. Әкесінен аздап хат таныған Бауыржан Жамбыл қаласына келіпті. Аса интернатында мектепті бітіреді. 1921 жылы Шымкенттегі жеті жылдық мектепке түсіп, 1928 жылы

аяқтайды. Жиырма жастан сәл асқан кезде ол міндетті әскери қызметке шақырылып, өзінің бүкіл болашағын Қызыл Армиямен мәңгілікке байланыстырады.

Бүкіл еліміз үшін мазасыз сол бір Мәскеу үшін шайқаста Б.Момышұлы басқарған бөлімшелердің жау шабуылын талай қайтарып, көрсеткен ерліктері аз емес. Оның батырлығымен көзге түскені де – осы тұс.

Ол 25 жыл өмірін әскер қатарында өткізді. Фашистермен 207 рет қанды шайқасқа кіріп, 5 рет өлімнің құрсауында қалды, 2 рет ауыр жараланды. Солдат шинелін киіп, бар халықтың өкілдерімен бірге қан майданды кешіп жүріп, 1943 жылы «Красная звезда» газетіне «өз халқын құрметтеп, сүймеген адам - оңбаған, опасыз адам» деп жазды.

Бауыржан ата мәңгі бақи осылай ақиқаттың ақ семсерін сермеп кеткен... Ешкімнің бет-жүзіне қараған емес! Бұл – жан мен тәнге ата нәсілімен, ана сүтімен түгел еніп, ұрпақтан еменнің иір бұтағындай боп қайқиып шыққан қайсар мінез. Бұл жан-ұлан ғайыр Алатау мен Қаратаудың қойнауы – құт топырағы береке болған Мыңбұлағында туған перзенттің өрт мінез-үміті.

Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысында аға лейтенант шенінде дивизия командирі болып аяқтады. Яғни, Ұлы Отан соғысынан 9-гвардиялық дивизияның командирі болып оралды. Сонымен қатар, Б.Момышұлы – соғыстан кейін, 1946 жылы Мәскеудегі әскери академияны бітірген тұңғыш қазақ. Ұлы Отан соғысы кезінде ерен ерліктері үшін Қазақстандық 497 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оның ішінде бұл атаққа 1990 жыдың желтоқсанында Б.Момышұлы да кешеуілдеп барып ие болды.

Бұл 1941 жыл еді. Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен 1941 жылы 15 шілдеде Алматы облысы, Талғар қазақ станциясында Қазақстан мен Қырғызстан ұлдарынан 1073 атқыштар полкі жасақталды. Генерал Панфилов басқа полктардан ерекшелеп, «Талғар полкі» деп ат қойды. Полк осы атымен Отан тағдыры қыл үстінде тұрғанда неміс басқыншыларына қарсы әділетті ұрысқа кірісті.

Қазақ халқының үлкен дарын иесі, даңқты қолбасшы, патриот жазушысы Б.Момышұлының шабандоз, ат бапкері болғандығын бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Халқымыздың салт-дәстүріне сусындап өскен Бауыржан Қамбар атаның тұлпарын қалай жан-жүрегімен түсінді десеңші! «Лоторея берілген көп жылқының ішінен сүттей аппақ, сүйріктей жіңішке, екі құлағы тас төбесіне шаншылған, қаракөз атты таңдап алды».

Бауыржан халқымыздың және Қызыл Армияның ат спортының шабандозы және Толыбай мен Абайдай ат сыншысы және нағыз үздік ат бапкері болды. Б.Момышұлы тек атақ-даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр, соғыс тақырыбында қалам тербеген талантты, дарынды жазушы.

Б.Момышұлының қаламынан шыққан шығармалар көп. Солардың бірегейін атасақ: «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін

шайқас», «Менің отбасым», «Майдандас достарым», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Адам қайраты», «Артымызда – Москва» батыр бабамыздың өзі туралы жазған А.Бектің «Арпалыс», «Волоколом тас жолы», Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармалары дәлел.

«Жаным-арымның садағасы» деген сияқты ерекше мағынасы бар халық мақалы, орыстың кемеңгер қолбасшысы А.В.Суворовтың: «Әскери машықта азаптансаң, ұрыста қиналмайсың» деген тамаша қағидасы, Панфиловтың «Солдат жаумен шайқасқанда өлу үшін емес, өмір сүру үшін шайқасады.» деген нақыл сөзі бабамыздың күнделікті іс-әрекетіне бұлжымас ереже, жетекші нұсқау болды.

Б.Момышұлы соғыс жылдарында қатал әскери бастық болып қана қоймай, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, дарынды да талантты сардар бола білді. Жауынгерлерді қан майданда халықтың қасиетті тапсырмасын, сүйікті Отанымыздың абзал аманатын абыроймен адал орындайтын жалынды патриоттар етіп тәрбиелеу үшін Б.Момышұлы халықтың даналығынан туған, өсиеттер мен қағидаларын кеңінен пайдаланып отырды. Бауыржан атамыздың мына қанатты сөздері: «Опасызда отан жоқ», «Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды», «Командир – аға, солдат іні» сөздері осыған дәлел. Қиян кескі арпалыс тұсында Бауыржанның өзі де сол дәуір дөп келетін көптеген нақыл сөздерді тудырып еді. Солардың біразын мысалға келтірейін. «Әділсіздік – әлсіздік, ептілікте - ерлік», «Қара бет болып қашқанша, қайрат көрсетіп өлген артық», «Өжеттіліктен не пайда, ерлігі мен ақылы көпті батыр етпесе», «Жігіт болсаң жігеріңді жасытпа, қайратыңа қайта мін», «Хас батыр ұрпағы бардың арманы жоқ». Осындай сөздеріне қарап: «Б.Момышұлы тек атақ-даңқы шыққан батыр ғана емес, терең ойлы, өзіндік пікір толғанысы бар, алғыр да тапқыр азамат» - деп бағалаған қазақ халқының заңғар жазушысы М.Әуезов.

Соғыс тәжірибелері «Әділсіздік-әлсіздік, ептілікте-ерлік» екеніне көзімді жеткізді. Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруы тиіс. Тарихымыздағы даңқты қазақ жігіттері Исатай, Махамбет, Амангелді және тағы басқа ерлік істері біздің қазіргі заманғы жігіттеріміздің дәстүріне айналуы керек. Жастарымыздың оларды нашар білетіні қандай өкінішті десеңші.

Қазақстанда қазақ тілі заңының әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына төрге шығарып отырғызып, бұрынғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тезден қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде асырылуы тиіс. Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін тіл жөнінен тәртіптеуден бастап барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп қолға алынуы жөн. Барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы міндетті сабақ болуы керек, - деп жазды

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықов жолдасқа гвардия полковнигі Б.Момышұлынан 1944 жылы 15 ақпан.

Халқының төрдегі басын есікке сүйреген 1986 жылғы желтоқсанның топалаңын ол көрген жоқ... Қоғамымыздағы 70 жылдан соң болған қопарылысты көруді Қазақстанның Халық Қаһарманы Б.Момышұлына жазбапты. Ол өзіне елінің «Халық қаһарманы» деген атағын бергенін де білмеді... Батыр бәлкім, мұны білгенде мен ешкімнен атақ-даңқты сұраған жоқпын деп жұртты қақ жарып жүре берерме еді? Өмірдің көшінен осыншама адамның арын тазалап, азаматтың тәуелсіздігін ту етіп алып шығар еді. Бірақ... ол мұның бәрін өзінен кейінгі Бауыржандарға – кейінгі лектің ішінде келе жатқан халықтың асыл ұл-қыздарына тастады да кетті! Бауыржан ата аңызға айналған аты туған ауылына, ірі қалалардың көшелері, мектептеріне берілді. Туған жерінен мұражай ашылған. Жер-жерлерде Бауыржан атаға ескерткіштер ашылды. «Ер қадірін ел білер» деген осы.

Сартбай Қарақат

3-сынып оқушысы, Оңтүстік Қазақстан облысы
Отырар ауданы А.Дәрібаев атындағы жалпы орта мектебі
Жетекшісі: Тамен Бақыткүл

**Мен атаммен мақтанам
“Ұлы Жеңіс – Ұрпаққа аманат”**

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы да жақындап келеді. Уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары- майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз!

Ғаламтордағы мәліметтер мен үлкен кісілердің айтуынша, соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық шекарашылар болды. Олардың біразы 1941 жылы Брест гарнизонында қызмет етіп, кейін тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағының өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен соғысқа қатысты.

Бұл - біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қорғауға еңбектенген жас та, еңкейген кәрі де аттанды. Осы соғысқа атамның атасы, менің атам да қатысқан екен. Ол кісі 1943 жылы шақырылыпты. Олар Петропавл қаласынан таң ата батысқа қарай алып жөнеліпті. Эшелон тоқтаған әрбір станция бұларға жергілікті халық қолдарында бар тамақтарын беріп, ақ ниеттерін көрсетіп отырған. Межелі жерге жеткен кезде атамдар бірден ұрысқа кіріскен. Ұлы атам қан майданда отыз жеті ай болыпты. Өйткені, атам елге соғыс біте сала оралмапты. Біз мұны атамның соғыс кезіндегі жазған күнделігінен оқыдық. Күнделік атамның қызында сақталған екен. Мен атаммен мақтанамын!

Менің үлкен атам –Құрмансейіт соғыс басталғанда ер азаматтармен бірге соғысқа аттанған екен. Соғыс біткен жылы жапондарға қарсы соғысқа кетіп бара жатқанын ауылдас досы көрген. Сол соғыстан менің ержүрек атам қайтпады. Ол кісінің соғыстан кейін тірі қалғаны, қалмағаны белгісіз. Ол туралы хабарсызбыз.

Менің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін. Ол да батыр! Өйткені, жыл бойына тыныш, бейбіт заманда өмір сүрудеміз.

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл болды! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмтылмастай ізін қалдырды.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Жеңіс туы желбіре
Жеңіс туы,
Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім- салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім- береке, бақ, дәулет!

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз. Қазір қазақ елдімекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар - біздің мақтанышымыз!

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне 71 жыл толуына орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

Әрқашан күн сөнбесін!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінекей, 71 жыл толды! Яғни, біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан ержүрек те, батыл аталарымыз бен апаларымыз: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтаров біздің жерімізді, елімізді басқыншы жаудан қорғап қалған.

Осы Алматының көптеген саябақтарында, көшелерінде олардың ескерткіштері қойылған. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қаншама жанның өмірін қиды, қаншама отбасы ер жігіттерінен айырылып,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қара жамылды. Сол соғыс қаншама бүлдіршінді жетім қалдырды. Елді жоқшылық, аштық жайлады. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тыңбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Соғыс адамзат баласын біріктірді. Олар бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күресті.

Бүгінде соғысқа қатысқан ардагерлер азайып бара жатыр. Соғыс туралы әңгімелер ертегі сияқты. Көп қасірет әкелген соғыс енді қайталанбаса екен деп тілейміз. 9 мамыр- жеңіс күні ерлердің ерлігіне тағзым етеміз, ортамыздағы ардагерлерге құрмет көрсетеміз.

Әр баланың жүрегі
Әрқашан күн сөнбесін!
Аспаннан бұлт төнбесін!
Қасымда болсын Анам!
Болайын мен де аман!

- деп әндетеді.

Серікбай Үміт

8-сынып, №6 Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназия
Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы Жетісай қаласы
Жетекшісі: Егембердиева Бақтыгүл Сапарқызы

**Ұлы Отан соғысы майданындағы қазақстандықтардың
жанқиярлық ерліктері**

Рас, қайғы-қасіреті бар қаптаған,
Ғұмырлар бар батқан және батпаған.
Әкелгенмен әр адамға бір қайғы,
Сол жылдарға қарғыс айту жат маған.
Жанды-жансыз бар табиғат түнерген,
Әр кеудеде бір шер барын білсем мен.
Қан майданда ерлік етсе біреулер,
Қарсы жауға біз де шықтық түренмен.
М.Мақатаев

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия өзара шабуыл жасаспау жөніндегі шартты бұзып, неміс армиясы соғыс жарияламастан КСРО аумағына баса көктеп кірді. Жер бетінде болып өткен соғыстардың ішіндегі ең қатал әрі ең ауыр соғыс басталды. И.В.Сталин 1941 жылдың 3 шілдесінде радио арқылы үндеу жариялады. Оны бүкіл ел тыңдады. Қазақстан халқы соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ өздерінің борышын өтеп, майдандағы армияның қатарын толықтырды. Тарихи әдебиетте бұл соғыс "Ұлы Отан соғысы" деген атқа ие болды.

Ұлы Отан соғысы жағдайында Қазақстанның майданды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етудегі рөлі мен маңызы өсті. Соғыс жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылығы елге, соғысқа дейінгі соңғы бес жылда өндірілген өнімнен артық өнім тапсырды. Малшылар да аянбай еңбек етті. Қазақстан елдің шығысындағы негізгі мал шаруашылығы базасына айналды. Соғыс жағдайында техниканың жоқтығы миллиондаған бас малды жем - шөппен, әсіресе қысқы жемшөптің қосымша қорларымен қамтамасыз ету аса қиын міндет болды. Тамақ өнеркәсібі жоғарғы қарқынмен өсті. Экономикадағы бұл күмәнсіз табыстарға қажырлы еңбектің арқасында қол жеткізді. Еңбекке жарамды ер азаматтардың көпшілігі майданға аттанды. Еңбек тәртібі қатайып, жұмыс күні ұзартылды.

Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап барлық майдандарда фашистік басқыншыларға қарсы, аянбай қиян-кескі шайқастар жүргізді.

Қоршауда қалған қала халқымен қатар бұлар да адам баласы төзбейтін ашаршылықты, қасіретті көрді, шыдады, басқа шара болмады. Үш жылдан

астам уақытқа созылған Ленинград үшін шайқас елдің бүкіл солтүстік-батыс бөлігін қамтыды. Барлық ұлттардың жауынгерлерімен бірге қазақ жауынгерлері де Ленинградты табан тіреп қорғады. Жаудың қоршауында қалған қалаға Қазақстаннан азық-түлік, қару-жарақ пен әскери құрал жабдықтар тиелген көптеген эшелондар жіберілді.

Соғыс өртіне «күймеген», оранбаған жан қалмады. Олар сонда да ажалға бетпе-бет келіп, соғыстың ауыртпашылығын өз иықтарымен жанталаса көтерді. Осындай майдангерлердің рухын көтеретін керемет нәрсе елден келген, кестелі орамал, жылы аяқ киім және хаттар. Хат елден хабар беріп қана қоймай, жүректі дір еткізерлік еді...

Содан бір үзінді келтірсем,

«Амансың ба, С...!

Жағдайың жақсы ма? Немістерді Берлинге қуып барады деп естіп жатырмыз. Жігіттік намысты қолдан берме. Елдегі ағайын-туыстарың сені Жеңіспен оралады деген үмітте.

Хатпен бірге мына райхан гүлін жіберіп отырмын. Бұл гүді иіскеп, туып- өскен жерің, туған ауылыңның қырындағы гүлдердің танау қытықтар жұпар иісін, белуардан келер көкорай шалғынын көз алдыға елестетіп, содан күш-қуат алып, осынау сұлулықты аяққа таптағалы жүрген жауды жайпай түсіндер. Елге аман-есен оралуыңа тілектеспін.» деп аяқтаған екен. Міне, хаттар қаншама майдангер азаматтардың жүрек тұсындағы қалтасында сақталып кетті екен...

Иә, бірі Отанына, бірі отбасына аман-есен оралса, енді бірі ерлігі үшін орденін де ала алмай жер қойнауына мәңгілікке кетті. Олардың санын шамамен 350 мыңнан бастап 410 мыңға дейінгі деңгейді меңзейді. Бірақ мұнда республикадан тыс жерлерден майданға аттанған қазақтар, еңбек армиясынан оралмай қалғандар, майданда алған жарақаттан қаза тапқандар еніп отырған жоқ. 1930-1937 жылдардағы қуғын-сүргіннен аман қалған зиялылар өкілдерін майданға аттандырған қазақ халқының ең талантты азаматтарынан айырылғаны даусыз факт еді. КСРО-ның тарапынан соғыс әділетті, қорғаныстық сипатта болды. Германия болса әділетсіз, басқыншылық соғыс жүргізді. Фашистік агрессияға қарама-қарсы тұрған елдердің ішінде Қазақстан өзінің лайықты орнын алды. Бұл факт - кеңес мемлекеті тарихының, оның құрамында болған Қазақстан тарихының, яғни дүниежүзілік тарихтың игілігі. Фашистік Германияны жеңу дүниежүзілік дамудың одан арғы барысына орасан зор ықпал еткен бүкіл дүниежүзілік тарихи оқиғаға айналды. Фашизмнің талқандалуы бүкіл адамзат тағдырындағы елеулі тарихи кезең болды.

Ұлы Отан соғысының аяқталып, Қазақ халқының бейбіт болашақта өмір сүріп келе жатқанына биыл 71 жыл болды. Бұл - бүкіл қазақстандықтар үшін айтулы мереке!

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Орнатындар ескерткіш асыл ерге,
Жүрді оларды жарлары тосып елде.
Оралмай қалғандарды еске алындар,
Қастерлеп атын жазып туған жерге!

Жеңістің сүйіншісін жырлап өткен,
Бір белгі орнатындар сөнбес отпен.
Аттары жүректерден өшпей тұрсын,
Жазылғандай кітапқа бас әріппен.

Жатыр ғой олар мәңгі ұйқысында,
Ел қорғап құрбан болған ауыр жылда,
Олардың ерлігінен күш аламыз,
Бүгінгі қиындау ел тұрмысында.

Келешек ұрпақ үшін басын қиған,
Олардан орындалмай қалды мың ән.
Солардың қымбат қаны төгілмесе
Біздерге келмес еді алтын заман

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншама адам мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңіске ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына берген Жолдауында: «Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік. Еліңді, жеріңді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткен табыстарымызды сақтап қалу үшін де ол сондай қажет» яғни бірлік бар жерде тірлік бар деген сөз.

Бүгінгі таңда қазақ елдімекендерінде көптеген көшелерге, ғимараттарға, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдерімен берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар, өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Себебі: олар - біздің мақтанышымыз!

Сиддикова Нилуфар

11-сынып оқушысы, №11 «Манкент» жалпы орта мектебі,
ОҚО, Сайрам ауданы, Манкент ауылы
Жетекшісі: Айтқұлова Меруерт

Мәңгі есте қалатын күн

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын қасірет. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радио, телехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта отырып бізге жеткізді.

Ұлы Жеңіске биыл 71 жыл толып отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9 мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты... Кеңес Одағының тұрғындары 5 жыл бойы күндей күркіреген соғыстың күн мен түндерінде бүкіл жігерімен жеңіске ұмтылған... Миллиондаған адамдар мерт болды. Миллиондаған адамдар мүгедек болып қалды. Миллиондаған адамдар бет алдына босып кетті. Бірақ бәрібір Берлиндегі рейхстаг үстінде жеңіс туы желбірей көтерілді. Осы жеңісте Қазақстаннан шыққан қаһарман жауынгерлердің қанымен, жанымен мына жарық өмір үшін аянбай ұмтылған зор үлестері бар еді. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерлерге қарыздармыз.

Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс! Бұл екі сөз бірін-бірі толықтыра түседі.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдесіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр.

Ұлы Отан соғысынан аман оралған аталарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп,

тауын шағып, туын жалғап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл- Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Қазақ – батыр халық. Ол еңкейгенге еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкейсе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдай ірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыздың қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пидә етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көрінді.

Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Гитлер және оның төңірегіндегі дүлейлер Кеңес елін «тұтқиыл» шабуылмен талқандап, совет адамдарын құлға айналдыруды, Кеңес елін Герман империализмінің отарына айналдыруды ойлады. Бірақ, халқымыз міз бақпай, анталап келген жауға айбындылықпен қарсы тұрды. Отанын қорғауға батыл бел буып шықты, әділетті азаттық соғысқа жұп жазбай тұтаса көтерілді, бұрын болып көрмеген табандылық пен қайсарлық танытты. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегеніңді істеуге тиістісің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс істетулерге қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Осынау қиын күндерді қазір 90 жасқа келген әжемнің айтқан әңгімелерінен де естіп, заманның сыры мен үнін көз алдыма елестетемін.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Атам да соғысқа қатысып, оқ тиген ақсақ аяғымен үйіне оралыпты. Қазір өкініштісі, атам арамызда жоқ. Бес жыл бұрын дүние салды.

Тек қана сыймай кетеді жалын ішке, - деп ыңылдап ән салған әжем «Құлыным-ау, Құдай сендердің бастарыңа бұл күндерді бермесін!» деп сол кезді тебірене еске алады.

Осындай сұрапыл жылдардың кезінде де қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтып қоймады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өздерінің баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер. Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себепшісі.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез-келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат берді.

Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талай жанның өмірін үзді. Ал енді бүгін, 9 мамыр күні, бұл мейрамды бүгінгі майдангерлер –соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгілерін көрсеткендер, ал бүгінде бейбіт еңбекке араласып жүрген Ұлы Отан соғысының мүгедектері тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбектерімен жеңісті шындаған шаруалар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен аналар мен қыздар тойлайды. Осынау Ұлы Жеңіс күнінде Отанымыз үшін өзінің жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, тамыр-таныстарына қайтып оралмай қалған қаһарман ерлерді ел болып еске түсіреміз.

9 мамыр – фашизмді жеңген қаһарман халқымыздың мереке күні. Осынау қуаныш үшін өмірлерін қиғандарды еске алу күні. Бұл күні аналар мен жесірлердің жүрегі осыдан 71 жыл бұрынғыдай сыздайды. Бүгін жеңімпаздардың, олардың балаларының, немерелерінің жүрегі мақтаныш сезіммен лүпілдей соғады!

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырларымыз сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік.

Қазір Республикамыздың дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы - тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да ұтымды бағытының, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз! Ұлы Жеңістің 71 жылдығы құтты болсын!

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен-жексен еткен ерім.
Қуан, қуан, күлші сақ-сақ
Шын жеңіске жеткен елім

Сыбанбай Дәурен

10-сынып «Жаңа жол» жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, «Ақжол» ауылы
Жетекшісі: Абубакирова Сауле Нурбергеновна

Өмір мен өлім айқасы

Арпалысып жүріп алған абырой –
өмірдің ең шырын рақаты.
Б. Момышұлы

Арпалыс. 1941 жылы бастау алған сұрапыл соғыс, шынында да, ұлы арпалыспен өткен еді. Бірақ, ол кезде соғыста жанын қиғандардың ешбірі абырой үшін, атақ үшін жан қиған жоқ, керісінше «Отан үшін», «ел үшін» деп, қарша бораған оққа көкірегін тосып, өлсе де оған өкінбей, Отан үшін өмірін қиып тұрып алған абыройын өмірдің ең шырын рақаты деп білді.

Қазақтың аты аңызға айналған ғазиз ұлдарының бірі – Бауыржан Момышұлы тағы бірде:

Ежелден ер тілегі – ел тілегі,
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі,
– дейді.

Соғыс жылдарында ерлік көрсеткен азаматтарымыздың ел тілегін тілеген, елге тірек бола білген, адал ұл болғанына ешкім күмән келтірмес.

Біздің елдің өзінен ғана жиырма миллион адам қаза тапқан Ұлы Отан соғысының аяқталғанына да жетпіс жыл толып отыр. Бомбалар мен снарядтар қопарып, окоптар айғыздаған жер жарасы жазылғалы қашан. Содан бері жомарт табиғат жер бетіне жетпіс рет жасыл кілемін жайната жауып, жетпіс рет жинап алды. Жеңіс жылы туған баланың өзі жігіт ағасының жасына жетіп, самайын қырау шалды. Сол алапат соғысқа қатысып, от пен оқ өтінде жүріп, солдат етігімен Берлинге жеткендер қазір ат төбеліндей ғана. Қаһармандар қатары селдіреп барады. Емші уақыт талай қаралы көңіл мен жаралы жүрек дертіне дәру болып, қайғы-қасірет ұмытылып бара ма, қалай?

Елдің елдігі, ердің ерлігі сынға түскен екі талай қиын кезде, көк темірмен құрсаңған қатыгез жаудан Отан мен халқының бостандығын, тәуелсіздігін сақтап қалған жаужүрек батырлар жөніндегі аңыз -әңгімелер, өлең-жырлар қашан, қай халықты мезі етіп еді. Тіпті, ежелгі дәуірге сапар шекпей-ақ, ұлы орыс халқының басын қосуға ұйытқы болған жыр-дастан (орыс әдебиеті пәнінен өткен) – «Игорь полкі туралы сөз», грузиндердің «Жолбарыс терілі жиһангезі», біздің Қобыланды батыр мен Ер Тарғынымыз,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қамбар батыр мен Алпамысымыз сөз болғанда, елең етіп, құлақ түре қалмайтын жан бар ма? Елдік, ерлік жайлы хикая ешқашанда ескіріп көрген емес. Өйткені, халық әрқашан да батыр ұл-қыздарын қастерлеп, қадірлеп өткен ғой.

1941 жыл. Осы жылы таң алдында, тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды. Сол күні жау тәтті ұйқыңды ғана бұзған жоқ. Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты. Қырда қойшы қойын тастады, қолындағы таяғын винтовкаға айырбастады. Ойда диханшы трактордан түсіп, танкіге отырды. Ол кезде бүкіл ел солдат болды. Сол жылдардың бозбала, бойжеткендері ақын болуды, инженер болуды, оқымысты болуды армандаған еді.

Соғыс жалмап аға - іні бауырды,
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Жалғзынан айырыпты ананы,
Әкесінен айырыпты баланы,

– деп ақындар жырлағандай, соғыс – адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз.

Ұлы Отан соғысы – халық қаһармандарының отты шежіресі. Оның ақыл-ойының, ар-намысының, сенім-нанымының шежіресі, адам басына келген қайғы-мұң.

1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста миллиондаған адамның өмірі қиылды. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. Аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы атамыз, батыр қыздар Мәншүк пен Әлия, Рейхстагқа жеңіс туын тіккен Рахымжан Қошқарбаев, ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін неге ұмытамыз?! Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш! Өйткені, соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағытталған. Адам адам болғалы осылай. Талай рет үстемдік, байлық үшін адам қаны суша аққан. Арыға бармай-ақ, елу миллионнан астам өмірді жалмаған соңғы соғысты алайық. Кімге қажет болып, не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте, соғысты әділетсіздік, жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағынетті. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Ұлы Отан соғысы тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыруға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екенін байқар еді. Осы бір аяқ астынан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан екі миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Майдан даласынан үш жүз тоқсан төрт мың қазақ боздағы қайтпай қалды. Бұл соғыс қайғы-қасірет

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

әкелмеген бірде-бір отбасы болмады... Бірінің әкесі, бірінің ағасы қаза тапты. Қаншама жас боздақтардың қыршын жасы қиылды... Қауызын ашпай көктей қырқылған сол жастардың ішінде ақыны да, әншісі де бар еді.

Сонау қасіретті жылдарда жанын құрбан еткен ата-бабаларымыз сыйлаған бақытты өмірімізді қорғау – әрбір саналы азаматтың, біздердің борышымыз.

Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, ешуақытта естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғысты, оның сұмдықтарын, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Осы орайда, Елбасымыздың «Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы жеңіс мерекесі аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке» – деген сөзі еске түседі, аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата-анамыз әрқашан қасымызда болсын. Елбасымыз айтқандай, әрқашан тек қана жеңіс күнін тойлауды жазсын деп тілеймін.

Тораханов Т.

8- сынып оқушысы Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы
Жетекшісі: Р.Асылбекова

Отан үшін от кешкендер

Соғыс, соғыс! 1941 жылы 22 маусым таңғы сағат 4-те неміс басқыншылары тұтқиылдан біздің елімізге баса көктеп кірді. Анасы, әйелі ер азаматын соғысқа аттандырды. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ұлы оқиға. Оның қасіреті мен қасиеті жаныңды түршіктіреді, әрі ерліктерге басыңды идіріп таңқалдырады. Соғыс жаратылысының ғаламат құпияларының шексіздігін көрсетті. Ел басына күн туған кезеңдерде Рух пен намыстың мықтылығы сыналды. Тірі пендеге бір келетін ажалды жанын кірлетпей, сары алтындай сабырмен кірпік қақпай қарсы алды. Қанға боялған даласы, аңыраған анасы, жетім қалған баласы үшін кектенді.

Ел басына төнген соғыс нәубеті қаншама отбасын иесіз, аналарды жесір, балаларды жетім етті. Мыңдаған жауынгерлердің денесі майдан қойнауында қалып қойса, Жеңіс туын желбіретіп елге оралған сарбаздардың өзі бүгінде саусақпен санарлықтай ғана. Ұлы Отан соғысын ой елегінен өткізгенде, көз алдыңа елестейтін бір көрініс - партизандар әрекеттері: тұтқиылдан шабуыл, берекесі кеткен жау, асығыс-үсігіс қимылдар, көкке ұшқан көпірлер, күйген пойыз, аударылған вагондар, әйтеуір астан-кестен дүние.

Ұлы Отан соғысы...

Ол біздің ақ шашты аталарымыз бен әкелеріміздің ерлік пен қаһармандыққа толы биік рухын әлемге танытқан сындарлылық символы болса, 9 мамыр - Жеңіс күні аға ұрпақтың сол жанқиярлық ісіне ел жадында мәңгіге сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Иә, 1941-1945 жылдардағы алапат от кешу туралы зерде – қасиетті ел- жұртымыздың жалпы тарихының бір бөлігі. Өйткені, аға ұрпақтың сол сұрапыл сындағы төзімділігі мен табандылығы, қайраты мен қаһармандығы болмаса, бүгінгі жарқын болашаққа батыл қадам жасаған тәуелсіз Қазақстан да болмас еді.

Біз бүгін осының бәрін ой елегінен өткізе отырып, Ұлы Жеңісті жақындатқан ардагерлер алдында басымызды иеміз.

Тарих жылнамасында екінші дүние жүзілік соғыс деген атпен қалған Ұлы Отан соғысы аяқталғанына биыл 71 жыл толады. Миллиондаған жазықсыз жандардың жанын қиып кеткен сол сұрапылда барша қазақстандықтар жауға қарсы «Ел үшін, жер үшін!» деген ұранмен қасық қандары қалғанша соғысты. Небір боздақтар хабар- ошарсыз кетті. Жыл өткен сайын, сол бұрын-соңды болмаған алапат соғысты көзімен көріп, белуардан қан кешкен ержүрек жауынгерлер де азайып барады. Қалай болғанда да Жеңіс күнін жақындатқандар солар екенінде дау жоқ. Ұлы Отан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді... Жер бетіндегі барша адам баласын қатты алаңдатқан өткен ғасырдың ең қайғылы оқиғасы ретінде тарихқа кірген Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен ардагерлерге деген құрметіміз шексіз.

От, саз кешіп бес жылдай толарсақтан,
Тіршіліктің шырағын солар жаққан,
Жанын қиса сан есіл алғы шепте,
Қалғандары ауылға нұрын шашқан.

Бұл Жеңіссіз жер жүзінде қазіргі бейбіт заман болмас па еді? Бүгін егемен еліміз тәуелсіздігіне қол жеткізе алмай қалар ма еді? Жасы үлкен ағалар, соғыс пен тыл ардагерлері, бұрынғы Одақ кезінде туып, есейген ұрпақ ол Жеңістің қадірін, Жеңіс мейрамының басқа күндерден ерекше екенін жан жүрегімен сезінері анық.

Сол сұрапыл соғыс жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық намысын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап, Берлинге дейін барды. Яғни, Жеңіске жету жолында қазақ халқы да лайықты үлесін қосты. Қазіргі таңда қаламызда Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ардагерлеріміздің 21-і арамызда аман-есен жүр.

Жоғарыда атап көрсеткенімдей, биыл екінші дүниежүзілік соғыстың Жеңіспен аяқталғанына 71 жыл толады. Ізгі ниетті адамзат үшін бұл күн – ерекше мереке. Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіс халық жадында, ел тарихында айрықша орын алады. Кеңес Одағының миллиондаған халқымен бірге, Қазақстан да бұл сұрапыл соғыстағы Жеңіске өзінің үлкен үлесін қосты.

Қарты бар елдің - қазынасы бар» дейді, - дана халық. Отан үшін от кешіп, жанын пид аеткен ардақты жандардың ешқайсысыда ұмыт қалмақ емес. Ұлы Жеңістің анық бағасы мен маңызы біздің жадымызда мәңгі орын алған деуге болады. Сындарлы уақыттың сынақ мерзімінде қайыспай, талмай еңбек етіп, басымызға орнатқан Ұлы Теңдік, Ерлік күні сол ардагерлеріміздің арқасында! Батыр қарттарымыз бар ел тұғырлы!

Соғыс жалмап аға, іні, бауырды.
Зар жылатты тыныш жатқан ауылды.
Бірақ біздер өздеріннің арқаңда
Көрген жоқпыз сол бір қырғын дауылды.
Қаймықпаған қиындықтың жүгінен
Өздеріңе сыйлап қырдың гүлінен,
Бүгінгі ұрпақ - бақытты ұрпақ атынан

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Құттықтаймыз Ұлы Жеңіс күнімен!

Ел бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында» деп батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер – Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымыз бен әкелерімізді, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, сонысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер- қайратымен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Жалпы тарих үшін бұл аз ғана уақыт болса, адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Қан майдан, сұрапыл соғыс жылдарында «Отан үшін отқа түс, күймесің», деген ұранмен шайқасқан, бүгінгі күні санаулы қалған ардагерлеріміздің ерліктеріне бас иіп, құрмет көрсету – бүгінгі ұрпақтың өтелмес парызы.

Жеңіс деген – жақсылықтың сыңары,
Жігерленген құштарлықтың құралы.
Күрескердің арманы мен ұраны,
Қуаныш пен мерекенің бұлағы.

Бізге бейбіт өмірді сыйлаған ардагерлерімізге басымызды иіп, мәңгі тағзым етеміз.

Төлеген Жанпейіс

9 сынып М.Қазыбеков атындағы жалпы орта мектебі

ОҚО, Түркістан қаласы

Жетекшісі: Жайкова Даметкен

**Ұлы Жеңіске 71 жыл!
Күркіреп күндей өтті ғой соғыс ...**

71 жыл! Бұл бір адамның тұтас өмірі. Қарт кісінің ғұмыр жасы. Соғыстың біткеніне, Жеңіс таңы атқанына, жұртшылықтың бейбіт өмірдің дәнін егіп, дәмін татқанына тура 71 жыл.

Ел басына күн туды. Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішті. Бейбіт күннің бұқарасы белін буып сапқа тұрды. Он сегізге енді толған өрімдей жас пен елуге жеткен егде еркек қолына қару алып, Отанды қорғау үшін майданға аттанды. Бой түзеп, қыз дәуірін қызықтайтын бойжеткендер беліне қару асынып, ер- азамат басын тіге бермейтін батырлық көрсеткені қаншама? Шығыстың қос шынары - Әлия мен Мәншүк қазақтың қыран қызы Хиуаз Доспановалар ерлігі елге белгілі. Соғыс сан миллион адамның өмірін қиды. Жас балаларды жетім, әйелдерді жесір атандырды. Адам қолымен тұрғызылған әсем қалаларды тау-тау үйіндіге айналдырды. Ел ішінде аштық орнап, сан мыңдаған жауынгер тұтқынға түсті. Адам баласының басына келмеген зұлымдықтардың, азат пен айуандықтың неше түрін көрсетті. Адамдардың тағдыры аяқ астына тапталды. Шаңырақтар құлады. Тұтас ауыл күлге айналып, бүтін қалалардың қабырғасы күйреді. Бұғанасы бекімеген бала ересек атанды. Бесік тербетіп бала жұбатып отыратын ана қолына кетпен, күрек ұстап, егін егіп, дән суырды, құрық алып мал бақты. Арық қазды, шөп шапты. Жұмыстан қолдары қалт еткенде майдандағы жауынгерлерге жылы киім тігіп, шұлық тоқып, байпақ басты. Жасөспірім балалардың өзі сабақ арасында солдаттың бір күндік тамағын табуға қарекет жасап, балық аулады, шаруаға араласты.

Тылдағылар «Бәрі де майдан үшін» деген ұранмен ұйқысыз түндерді, күлкісіз күндерді бастан өткізді. Майдандағы қызыл армия қатарына 1200000-ға жуық қазақстандық аттанды. Түн ұйқысын төрт бөліп, жанынан түңіліп жаумен айқасты. «Отан үшін!» деп ұрандап, жаумен шайқасты. Жан алып, жан беріскен ұрыстың қақ ортасында «Біздің ісіміз әділ, біз жеңеміз!» деген сеніммен шайқасты. Дұшпан оғы қарша борады. Жүрек жұтқан ерлер кеудесін оққа төседі.

Кеңестер одағының халқы Отанымыздың жүрегі деп санаған Москва үшін шайқаста қазақстандықтардың үлесі көп болды. Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфилов пен комиссар А.С.Егоров басқарған 31 атқыштар дивизиясының аты аңызға айналды. Бұл дивизияның политругы

В.Г.Клочковтың: «Россия – кең-байтақ, бірақ шегінерге жол жоқ, артымызда – Москва», - деген сөзі ақтық сертте естілді. Сертінде тұрған қырандар Москва түбінде қасық қаны қалғанша шайқасты. Бірақ бір сүйем жерді жауға берген жоқ. Осы қиян кесті ұрыста Б.Момышұлы басқарған батальон жаумен болған шайқаста ерліктің тамаша үлгісін көрсетті. Москва облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп немістердің көзін жойған Төлеген Тоқтаровқа Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді. Автоматшылар тобын басқарған Мәлік Ғабдуллин ерекше ерлігі үшін Кеңестер Одағының батыры атағын алды. Бородино селосының түбінде Амангелді батыр Имановтың ұлы Рамазан Амангелдиев 13 фашистің көзін жойды. Батыр атағын алғандардың қатарында маңғастаулық Мәди Бегенов, Жұмағали Қалдықараев, Біләл Қалиев пен жауынгерлік «Даңқ» орденінің толық иегері Кемел Оңғалбаев бар. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасты. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам «Даңқ» орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар Талғат Бегелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Маметова бар.

Біздің Құшата ауылының ұстаз ардагерлері Кадиров Махмуд, Шүленбаев Ыдырыс Байкенжеұлы, Айтурсев Әбілқасым, Рақымжанов Тәжібан, Жұматаев Әужентай, Түркістандық батырларымыз Расул Исетов, Файзулла Юлдашев, Құрманбай Ырысбеков, Абдулла Үсенов отан қорғауға өз үлестерін қосты.

Соғыс кенеттен басталғанмен Қазақстан бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Сол соғыста қыршыннан қиылған боздақтардың алдында бүгінгі ұрпақ мәңгіге борыштар! Сол борышты өтеу үшін соғыста қаза тапқан батырларымыздың ерлігін, кейінгі ұрпаққа жасаған жақсылығын ұмытпай, жадымызда мәңгі сақтауымыз керек.

Оқ пен оттан тірі шыққан асыл сүйекті ардагерлеріміздің қатары күн өткен сайын азайып келеді. Оларға үкіметіміз бен жергілікті басшылар тарапынан жасалып жатқан жақсылықтар аз емес. Әрбір майдан және тыл ардагерлеріне қанша құрмет көрсетсекте көптік етпейді. Қазіргі таңда атамекенге оралып жатқан ардагерлеріміз де баршылық. Осындай қариялар мемлекет қамқорлығына алынып, жайлы үймен, жақсы жағдаймен қамтылып, бақуат тіршілік етіп жатыр. Отан алдындағы борышын артығымен өтеген ақсақалдар өмірі мен өнегесі жас ұрпаққа тағылым болары сөзсіз. Жеңістің 71 жылдығына әзірлік барысында түрлі шаралар қолға алынуда. Себебі, ерлік пен еңбектің өтеуі - елдік құрмет! Ұлы Жеңіске байланысты өз өлең жолдарымды арнағым келеді.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Күркіреп күндей өтті ғой соғыс..

Құтты болсын жеңіс күні ағайын,
Көптен күткен ұлы күнде жар салайын!
Ата-баба аңсап күткен бұл күнде,
қалаймыз,
Бейбіт күн жарқырасын ағайын.
санаймыз.
Жеңіс күнін қарсы алайық бәріміз
Ән саламыз жасымыз да кәріміз.
елде!

Осындай бейбіт өмір сыйлаған,
Ағалар мен апаларға мың алғыс.
Біз балалар бейбіт өмір

Қазақтарды қыран құс деп

Тек бейбіт күн жасасын әлемде,
Тәуелсіздік таңы атсын бар

Тұрлыбек Жазира

10-сынып, «Шеңгелді» шағын жинақты жалпы орта мектебі

Оңтүстік Қазақстан обл, Отырар ауданы

Жетекшісі: Аманжол Айша Сырлыбайқызы

Бәрі де майдан үшін, Жеңіс үшін!

Жер бетін тып-типыл етуге ұмтылған, аранын ашып, әлемге алақұйын жалын шашып, жан біткенді жалмауға жанталасқан заһарлы зұлмат - екінші дүниежүзілік соғыс туралы шығарма жазуды бастағанымда, бұл тақырыпты он бетке болсын, жүз бетке болсын сыйғызудың мүмкін еместігіне көзім жетті. Себебі, соғыс - уақытқа тәуелсіз, ешқашан өзгермейтін, ешқандай сынға берілмейтін азап.

Өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып су кешіп жүріп дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда, олардың тірі қалғандары, арамызда жүріп Жеңістің тәтті дәмін татып жүргендері саусақпен санарлықтай.

Бұл тақырыпты шын мәнінде ашу үшін сол сұрапыл соғысты өз көзімен көрген Шеңгелді ауылының құрметті Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылдың сүйікті қариясы бола білген Иманбердиев Әуелбек атамyzдың соңғы 2004 жылғы оқушылармен бірге кездескен естелігін алып отырмыз.

Иманбердиев Әуелбек 1921 жылы 14-июльде Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шеңгелді ауылында туылған. Жанұямыз ол кезде дихан-шаруа-колхозшы. 1934 жылдан 1937 жылға дейін Шеңгелді бастауыш мектебінің 4-класын бітірген. 1938 жылдан 1939-40 оқу жылында Түркістандағы №19 темір жол қазақ орта мектебінің 7-класын бітірген. 1940-41 жылдардағы Түркістан қалалық өрттен қорғау бөлімінде істеген. 1942 жылдық 4-ші қантарда Совет армиясының қатарына алынып Ленгер, Қазалы қалаларында әскери дайындықтан өткеннен кейін, 1942 жылғы 10-шы мартта майданға қарай аттанып, майданда Украинаның Светогорск, Барвенкова, Запарожья, Николаев, Раздельная қалаларының бағыттарында кескілескен ұрыстарға қатысып, жеңіске үлкен үлес қосқан. III-Украина майданында 57-армияның қармағындағы 244-Запарожья дивизиясының 907-стрелковой полктың 3-баталенында, 3-рота, 3-взводында болып, Молдава Республикасы, Бессаравия, Румыния, Болгария жерлері жаудан азат етілді. 1944 жылы сентябрьден бастап Болгарияда Казанлик қаласында, кейінгі жылдарда Софьядағы Барна полкына (1120 стрелковой полкке) снайпер болғанымыз үшін екі жолдасымен үшеуін ауыстырды. 1946 жылы 18 майда Болгарияның астанасы Софьядан елге оралдық. Армиядан келген соң еңбек майданына араласқан. Кентау қаласы салынғанда Мырғалым – сай тресінің

Түркістандағы базасында 18 жыл десятичник болып істеді. 1949 жылдан 1967 жылға дейінгі уақыттар 1968 жылы Шілік совхозында ет дайындаушы болған. 1969 жылдан 1978 жылға дейін Арыс лесхозында қарапайым жұмысшы болған. 1978 жылдың сентябрінен 1987 жылға дейін Шеңгелді бөлімшесінде егісте сушы, звеновод болып істеп жүріп, құрметті демалысқа шыққан. Соғыс, еңбек ардагері, зейнеткер болып, үлкен жанұя басшысы болып 2004 жылы дүниеден өткен.

Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен соғыс куәгері болған Ә.Иманбердиев пен оқушылар арасындағы кездесуден үзінді берсек...

Кездесуде:

- Ата, соғыста аяушылық дегенді білдіңіз бе? Фронтқа алғаш жіберілгеніңізде қандай сезімде болдыңыз, қорықтыңыз ба? - деген оқушылардың сұрақтарына Әуелбек атамыз:

- Шайқасқа алғаш кіргенімде, мен өте қатты қорқып кеттім: жау ұшақтары аяусыз атып жатты, танктер үздіксіз ағылып жатты. Біздің әскеріміз минут сайын сирей берді, аяусыз қырыла берді. Әрі қорқасың, әрі аяушылық атты сезім бар, Отан атты ұлы сөзге келгенде намысты жоғары қойып «менің де өліп жатқандардан қай жерім кем» деп жан берісіп-жан алысасың.

- Әуелбек ата, ал соғыс аяқталар кезде қай жерде болдыңыз?

- 1944 жылы сентябрьден бастап Болгарияда Казанлик қаласында, кейінгі жылдарда Софьядағы Барна полкына (1120 атқыштар полкіне) снайпер болғанымыз үшін екі жолдасымен үшеуін ауыстырды. 1946 жылы 18 майда Болгарияның астанасы Софьядан елге оралдық.

Осы сұхбаттан кейін-ақ көл ұзамай Әуелбек атамыз дүниеден өтті. Халқы үшін, Отаны үшін еңбегін жан аямай сарп еткен атамыздың бейнесі әрқашан есімізде сақталады.

Міне, адамзат жүрегіне айықпас жара салған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян.

Қанша үйдің ұрлап адамын, қанша үйде сөніп қалды оттар, - деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс бір жыл өтсе де әлі жазылып қойған жоқ.

«Адал адам Отанын сүйеді. Адал, ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу - қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдеп айтып берді. Сондай-ақ, ауылдағы тыл еңбеккерлерінің бүгінгі күні соғыс ардагерлеріне теңестірілуі де көпке игі іс болды.

Ауылдағы тыл еңбеккерлерінің куәгерлері болған: Ұ.Төлегенова, З.Көпжасарова есімді апаларымыздың Отан үшін жасаған іс әрекеттерінің өзі бір тарих. Енді сол апаларымыздың көзі тірісіндегі деректерге сүйенсек: Ұ.Төлегенова апамыз 1923 жылы ашаршылық, зұлмат жылдарды бастан кешірген. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен Ұмсын апа өмірін еске түсіргенде: «Қолымызда кетпен, күрек және жалғыз тракторымыз бар. Сырдариядан канал қазып, су тарттық. Канал қазатын тек әйелдер, кемпір-шалдар мен жас балалар. Күндіз жұмыс істеп, түнде майданға киім кешек жөнелтеміз...» - деді. Жұбайым Жаппармен 18 жасымда отасып, 7 ұл, 2 қыз дүниеге келді. Жығылғанға жұдырық дегендей өмір қиындап кетті. Осы қиыншылық жылдары дүниеге келген балаларым бірінен соң бірі шетінеп кете берді. Әрине аштықтың кесірінен анада денсаулық болмаған соң, бала қайдан оқысын. Шырағым қазір ұлым Пернебай мен қызым Жайсан бар. Екі қол қанатыма құдай амандық берсін. Тоғыздан қалған екеуі" деп еске алады. Бұл 2006 жылғы Н.Оспанованың «Отырар алқабы» газетіне берген Ұмсын апамен болған сұхбат еді. 2006 жылы Шеңгелді ауылында дүниеден өтті.

Көпжасарова апамыз 1927 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданы 8-наурыз ауылында дүниеге келген. 1941 жылы жары Төлекті майданға шығарып салады. Тылда еңбек еткен. 4 ұл, 1 қыздың анасы болған. 2009 жылы дүниеден өтті.

Екеуі де Шеңгелді ауылында дүниеден өтерінде үкіметтің «ҚР-ның Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. Қазақ деген-батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанда шалқаяды. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйенеді, еңкей қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек данадай шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, айтыса қалса, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қолынан қиыстырып жол табар Абылайдай тірілігі бар ел. Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ мемлекет болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті десеңші! Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бар ұлылығымен көріне білген аға-апаларымызды әрқашан есте сақтап, құрметтейік!

Тұрсынбай Меруерт

11 сынып оқушысы, №121 жалпы орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтарал ауданы, Асықата кенті
Жетекшісі: Мырзанов Асқар

Ұлы Жеңіске 71 жыл

Соғыс... Міне, осы бір қаралы сөзді естігенде кез-келген адамның жан дүниесі аласапыран күй кешетіні сөзсіз. Дәл қазір біз еш соғыссыз бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Бірақ, осыдан жарты ғасыр бұрын 1941 жылдың 22 маусымында фашистік Германия тыныш жатқан бейбіт елге соғыс ашты. Бұл Кеңес халқы үшін күтпеген оқиға болды. Алайда, халықтың ержүрек ұлдары мен қыздары осы жағдайда артқа шегініп, тосырқап қалған жоқ.

Керісінше елін, жерін жау қолынан азат етуге бар күштерін салды. Олар «Отан үшін, Алға!» деген ұранды ту етті. Соғысты алғашқы қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының Батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандықтар болған екен. Соғыс Қазақстан үшін кенеттен басталса да, бүкіл Кеңес Одағындағы өзге елдердегідей қазақтар да бірінші күннен-ақ соғысқа аттанды.

Осындай қиын сәтте ел қорғаған сарбаздарға демеу керек болды. Және осыны халқымыз көрсете алды. Мәселен, соғысқа жарайтын жандар жас, кәрі демей майданға аттанса, үйде қалған аналары мен іні, қарындастары олардың тілеуін тілеп, бар күштерін салып еңбек етті. Тағы айта кететіні, соғыс жылдары аты аңызға айналған Жамбыл атамыз жауынгерлерге арнап «Ленинградтық өренім» деп аталатын өлеңін жазды. Осы өлеңнің сарбаздар жүрегіне әсер еткені сонша – бұл өлең олардың бойтұмарына айналған деседі.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін,

- деп жырлаған ақын өлеңдері жауынгерлердің рухын көтеріп, оларды отаншылдыққа баулыды. Соғыс кезінде өлеңді күн сайын радиодан жауынгерлерге тыңдатып отырған. Бұл өлең Жамбыл атамыздың өзі соғысқа бармағанмен, ел қорғаған сарбаздарға жасаған кішігірім болса да, жақсылығы деп есептеймін.

Сұрапыл соғыс жылдары Отан үшін от кешіп миллиондаған асыл азаматтар мерт болды. Жауымен жан аямай шайқасып, ерліктің ерен үлгілерін көрсетті. Ана жарын жоғалтып жесір, бала ата-анасын жоғалтып жетім

атанды. Ал, фашистердің лагерінде қаншама ана мен бала айуандықпен азапталып өлтірілді. Тылда қалған қарттар, аналар мен бесіктен белі шықпаған жас балалар соғыстың қайғы қасіретін арқалай тынбай еңбек етті. Бірақ ешкімнің сағы сынбады, жігері жасымады. Олардың бойындағы отаншылдық сезімі қолдарына қару алып, елін қорғауға деген құлшынысын арттырды. Соғыста өшпес ерлік көрсеткен батыр аталарымыз – Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Мәлік Ғабдуллин сынды қаһармандарымыз көпке үлгі көрсете білді. Бауыржан атамыз соғыста қолбасшы болып қана қоймай, соғыс жылдары майдан өмірінен сыр шертетін өлең-жырларымен де ерекшеленді.

Соғысқа тек ер азаматтар ғана емес, өз еркімен жазылған қыздар да болды. Солардың бірі – Мәншүк Мәметова. Ол «ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді майданға жіберуді өтінемін» деп сұранған екен. Бұл Мәншүк апамыздың батылдығының көрінісі. Сонымен қатар соғысқа өз еркімен сұранған Әлия Молдағұлова апамыз да болды. Оның «Жолдастар, отан үшін алға!» деген сөздері жауынгерлерді тек алға ұмтылуға, кері шегінбеуге үндеді. Қазір Мәншүк пен Әлия апамыз шығыстың қос шынарына айналған. Олардың жасаған әрекеті ешқашан өшпейді. Халқымыз Мәншүк пен Әлия апаларымызды – «Ерліктің қос қанаты» -деп бекер айтпаған.

«Ел басына күн туса – етегімен су кешер» деген сөз осы соғыста көрініс тапқан секілді. Себебі, Кеңес Одағында қаншама ұлт өкілдері тұрса да, соғыс басталғанда мен, сен деп бөлектенбей барлығы «Бір жағадан - бас, бір жеңнен - қол шығарып» барлығы да елін қорғау мақсатында соғысты. Қолдарына қару алып сапта тұрған көптеген ұлттардың тізе қосқан бірлігі мен ерлігі жеңісті жақындата түсті. Сөйтіп, 1945 жылы 9 мамырда Ұлы Отан соғысы аяқталды. Жеңістің туын тіккен - Рақымжан атамыздың ерлігі ешқашан қайталанбайды.

Қорыта айтқанда, жеңіс бізге оңайлықпен келе қойған жоқ. Көздің жасы, маңдайдың тері, аққан қанның арқасында жеткен жеңісімізді, біздің ерлік көрсеткен аталарымыз бен әжелеріміз аңсап өтті. Ал, бүгін, міне, азат әрі жеңісті күнге жетіп, сондай тыныш, бейбіт өмір кешіп жатырмыз. Бізге сол жеңісті әкелген жандардың бүгінде саны сиреп барады. Әрине, бұл өкінішті. Мен осындай азат әрі жеңістің туы желбіреген елде өмір сүріп жатқаным үшін Ұлы Отан соғысында жер құшқан, жеңісті әкелген жандарға шексіз алғысымды білдіремін. Мен де елім үшін соғысқа аттанбасам да, елімнің дамуы мен өркендеуі үшін бар күшімді саламын!

«Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» - дегендей, сіздердің жасаған ерліктеріңіз тарих сахнасында мәңгілікке қалады, - деп ойлаймын.

Тұрсынғали Гүлзат

6 сынып, № 23 жалпы орта мектеп КММ

ОҚО облысы, Түркістан қ.

Жетекшісі: Султанбекова Жәудір Еркінбекқызы

Әрқашан күн сөнбесін, аспаннан бұлт төнбесін!

Басы қатты, аяғы тәтті болған кез...

1941 жылғы 22 маусым - тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Осыдан жетпіс бес жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталды.

Ия, осы уақыттың сүйекке таңба салған жарасына, қайтпас қайсар бабаларымыз мойынсұнбай төтеп берді. Кешегі оқиға, бүгінгі тарих. Олай болса сол тарихты білу, келешекке үмітпен қарайтын мына біздерге парыз.

Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақытын адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекімей қолына қару алып, қасық қаны қалғанша күрескен аға ұрпақ сыйлады.

Соғыс салған зардап әлі күнге дейін толық жойылған жоқ. Олардың Отан үшін қан кешкен әрбір қадамы, жеңісті жақындата түскен әрбір күні ұмытылмайды. Өйткені, ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ. Биыл ТМД елдері осы соғыстағы ортақ ұлы Жеңістің 71 жылдығын мерекелеуде. Біз соғыстан кейін туған ұрпақ кешегі Ұлы Отан соғысы жылдарындағы аға ұрпақтың – қазақтар мен қазақстандықтардың жанкешті ерлігі туралы тек оқулықтардан, көркем әдебиеттен және кинотуындылардан ғана білеміз.

«Ерліктің қос қанаты деп білемін

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді», Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» деп Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қасарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігімен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген Қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған. Алайда, осы сұрапыл қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен қандастарымыз жөніндегі деректер өте аз, олардың көбісінің есімдері де белгісіз. Мұнымыз майдангер апаларымыз бен аталарымыздың алдында кешірілмес деп ойлаймын.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Ұлы Отан соғысы және Ұлы Жеңіс. Бұл екі сөз бір-бірінен толықтыра түседі.

Ұлы Отан соғысының дүрбелеңіне - 75 жыл, жеңістің туы желбірегеніне -71 жыл! Дәл қазір ашық аспан, бейбіт өмір аясында тіршілік кешудеміз. Алайда,

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп ақиық ақын Мұқағали атамыз айтса айтқандай екен. Жеңіске жеткенімізге 75 жыл деп қуанғанымызбен, сол жеңіске жеткізуде өз өмірлерін қыршын қиған ата-бабаларымыз қаншама...

Аман қалғанының өзі саусақпен санауға да қалды ма?

Ендігі жерде ата-баба аманатына қиянат жасамай, елдің туын жықпай әрқашан биікте ұстау бізге міндет деп білемін. Осы күніміз ұзағынан болса екен. Әрқашан күн сөнбесін, аспаннан бұлт төнбесін!

Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев атамыз айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық өз мүддесінен Отан мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді. Қасық қаны қалғанынша көзсіз ерлік жасаған ата – бабаларымыздың ерен еңбектерін мақтамаймын, сондай жаны таза, ары биік, өзгенің мүддесін өз мүддесінен жоғары қоятын ұлттың ұрпағы екендігіммен мақтанамын. Ата –баба рухына тағзым ете отырып, келешек ұрпақтың бойында да осындай елдік, ерлік қасиеттер сақталса екен деп тілеймін. Еліміздің ынтымағы артып, ауызбіршілігі нығайа түссе деп тілеймін...

Ұлмаханова Қымбат

5-сынып №16, Т.Бигелдинов атындағы жалпы орта мектеп
Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы
Жетекшісі: Елгонова Гулсим

Аталар ерлігі ұмытылмайды

1941 жыл. 22 маусым. Фашистік Германияның жер шарын қанға бояғысы келген қанқұйлы әскері КСРО-ның шекарасына баса көктеп кірді. Сол күннен бастап аты тарихта қанмен жазылған үлкен соғыс басталды. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол КСРО-ны қысқа мерзім ішінде жаулап алуға ұмтылды және әскерлері де мұздай қаруланған еді. Бүкіл Еуропаға қанды шеңгелін мықтап салды. Жалғанды жалпағынан басқан, өздеріндегі күшті еш нәрсеге теңгермеген, жауыздықтың шегіне жеткен фашистер талай қаланның маңын молаға толтырды, талай елді босытып, халықты аяусыз езгіледі. Талай мемлекетті балшықтай жаншып, шалшықтай шашып жіберді. Сол кезде алдарындағы басты мақсат – Совет Одағының уыздай ұйыған тыныштығын бұзып, қызын күң, ұлын күң ету болды.

Бүкіл Совет Одағының халқы соғысқа жұмылған жұдырықтай қарсы тұра алды. Әрине, сол кездегі жеңістің өзі батыр аталарымыз бен апаларымыздың өмірімен өлшеніп тұрды. Бұл соғысқа не үшін, кім үшін баратынын анық аңғарған совет жауынгерлері өлімге қасқайып қарсы тұра білді. Оның ішінде, қазақ халқының да үлесі ерекше болды. «Он оқтың тоғызы Қазақстанның үлесіне тиді» деген сөздің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Кәмлеттік жасқа толған қазақтың ұлдары мен қыздары өз еріктерімен соғысқа аттанып жатты. 1931-1932 жылдары 3 миллион қазақ қолдан істелген ашаршылықтан қырылса да, соғысқа 1 миллион 200 мың әскер қоса алды. Соғыс жылдары бірыңғай қазақ ұлтынан құрылған дивизия, полктер жасақталды. Олар фашистермен ерлікпен шайқасты. КСРО бойынша 11600 адам ерекше ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оның 497-сі қазақстандық болды. Әрине, төрелігін тура айтпай бұрмалаудың салдарынын көптеген қазақ ата-апаларымыз бұл атақтан қағыс қалды. Басқасын былай қойғанда ерлігін тек кеңес әскері ғана емес фашистердің өзі мойындаған Бауыржан атамыз да көзі тірісінде әділ бағасын алмай кетті.

Мен сол кездегі батырларды екіге бөліп қарар едім. Бірі – қолына қару алып, өліммен бетпе-бет келген батырлар. Бірі – сол батырлардың жанына өмір нұрын енгізген, қазақтың дархан даласының батырлығын бойына сеуіп, рухани күш – қуат берген батырлар дер едім. Бұл батырлар – фашистердің қанға суарған, күлге айналдырған жеріне қазақтың қырмызы қызғалдағын еккен бұлбұл апамыз Күлаш Байсейтова, «Ленинградтық өрендерім» деп атой салған Жамбыл Жабаев аталарымыз.

ҰОС-ның жалыны күйдірмеген қазақ отбасы болмады. Бір үйдің арқа сүйер әкесі, енді бір үйдің бауыр еті баласы мен қызы соғысқа кетіп жатты. Менің атам Ұлмаханов Оразгелді де сол кезде соғысқа өз еркімен аттанды. Соғыстан аман-есен оралған. Кейіннен басынан өткендерін балаларына яғни менің әкеме, әкем біздерге айтып отырады.

Атам 1942 жылы Сталинград түбіндегі болған шайқасқа қатысыпты. Алты сарбаз бір пулеметпен алдыңғы шепте, окопта жатып жауды өткізбей ұстап тұрыпты. Командирлері 200 метр жерден жаудың бір әскері де өтпесін деп бұйырған екен. Жаудың қарақұртша қаптаған әскерлері өлгендеріне де қарамай, оқ жаудыра отырып, алға ұмтыла береді. Бір кезде пулемет істен шығып, көмек шақыруға жүтірген сарбаз оққа ұшады. Атамдар жауға оқты мылтықпен атқылап жатқан кездерінде, жанына келіп жарылған гранатаның жарықшағы көзін ағызып түсіреді де, өзі есінен танып құлайды. Бір кезде есін жиса, екі румын әскері қолтықтап тұрғызып қойып он шақты метрге шегініп, артынан атқалы тұр екен. Аяғынан тұра алмай тұрған атам бір сәтте туған елімен қоштасып та үлгеріпті. Теңселіп барып құлап бара жатқанда атылған жау оғы атамның иық сүйегіне келіп тиеді. Жанына келіп теуіп, тірі екенін көрген соң, бір окопта болған басынан жараланған орыс жігітінің және қолына оқ тиіп қансыраған қазақ жігітінің қасына әкеліп тастапты. Сол кезде неміс офицері орыс жігітке келіп «русь» деп басына пистолетпен ұрып, одан сайын жарақаттайды. Жанындағы румынға қарап немісше бір нәрселерді айтады. Румын оны орысша аударып, атамдарды біраз неміс әскерін қырғаны үшін ертең қорлықпен өлтіретінін айтады. Сол күні таң ата Совет әскері Сталинград түбіндегі үлкен шабуылға шығып, неміс-румын әскерін талқандайды. Атам мен жанындағы серіктері өлімнен аман қалады. Атама өлді деп қара қағаз да келген екен. Бәрі жылап-сықтап қырқын, жүзін өткізеді. Ташкенттегі госпиталда 8 ай жатып, бір көзінен айрылып, бір иығындағы ойығымен атам үйіне оралады. Бұл күнде сол атадан 12 бала, немере, шөберелер бар.

Әжемнің әкесі Бегіш ата да сол жылдары Москвадан Германияға дейін он бес шабуылға қатысып, бір жерінен де жарақат алмай, көптеген қалаларды азат етуге қатысып, ерлік көрсеткен. Тек соңғы шабул кезінде снарядтың жарықшағы бес саусағын етігімен қоса жұлып әкетеді. Ет қызуымен оған қарамай, жаудың шебіне жетіп, сол ұрыста жеңіске өз үлесін қосады.

Екі атамның да орден, медальдары қазірге дейін сақтаулы. Артында қалған ұрпақтарына қазақ халқының қандай ауыр жолдан аман өтіп, мәңгілік ел болуға лайық екенін айтып тұрғандай. Шынында, аталарымның артынан қалған жәдігерлері бізді ерлік істерге бастап тұрғандай, көрген кезде үнемі ерекше сезімде боламын. Кең байтақ елімнің жас ұландарының камсыз ұйқысы үшін соғысқан аталар ерлігі ешқашан да ұмытылмақ емес. Жыл өткен сайын жаңғырып, ерлік істерге бастап тұрары хақ.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Қазір біз болашағы жарқын, бағыты айқын тәуелсіз елде өмір сүріп жатырмыз. Қазіргідей қаншама елдің бірлігі бұзылған уақытта тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан біздер шынымен де бақыттымыз. Ұланғайыр кең даламда мәңгілік тыныштық орнасын. Бұл, әрине, барлық адам баласының арман-тілегі. Бейбітшілік жасасын, бірлік жасасын!

Хасанова Жамила

6 сынып №3 «Қазақстанға 30 жыл» атындағы Мектеп-гимназиясы,
ОҚО, Кентау қаласы
Жетекшісі: Омарова Клара

Ерлік еш уақытта ұмытылмайды

Ерлік әр жерде емес, тар жерде
М.Өтемісұлы

Біздің туып-өскен жеріміз - Қазақстан Республикасы, көне заманнан басталатын тарихы бар аса бай ел. Көптеген ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз кең байтақ жерімізді сырттан төнген қауіптерден қорғап келеді. Қазақстанда соғыстың алдында 6,2 миллион халық тұратын еді. Осы жылдары республикамыздан 1 млн.196 мың 164 адам қару асығып, майданға аттанады.

Соғыс жылдары Қазақстандық бес әскери құрамаға гвардиялық деген құрметті атақ берілді. Соның ішінде 28 гвардиялық Панфилов дивизиясы бар. Оның құрамынан шыққан 28 батырдың батальон кейіннен дивизия командирі болған Б.Момышұлы, М.Ғабдуллиннің есімдері соғыс тарихынан мәңгілік орын алды.

Б.Момышұлы соғыстың алғашқы күнінен бастап-ақ генерал-майор Иван Василиевич Панфиловтың шақыруымен 316-атқыштар дивизиясын жасақтауға белсене қатысады, батальон басқарады.

Мәскеу түбіндегі шайқастарда көзге түсіп, ерлігі елге кең тарады. 5 рет жау қоршауында қалып, табан тірескен ұрыс жүргізе отырып дұшпан шебін бұзып шыққан бұл ержүрек батальонды генерал Панфилов ендігі жерде дивизия командирінің резерві етіп ұстауға ұйғарды.

Соғыста 5 рет жау қоршауын бұзған, 27 тактикалық әскери жаңалықты енгізген 117 рет шайқасқа кірген. Екінші дүниежүзілік соғыс батырдың ақыл парасатын, елдік-ерлік таным түсініктерін, бүкіл адами болмысын бар қырынан жарқырай көрсеткен күрделі кезең болатынды.

Халықтың асыл қасиеттерін бойына ана сүтімен әбден сіңірген Баукен өзіне дейінгі қазақ зиялыларының үлгісімен келесі кезеңдегі орыс оқуын соншама қомағайлана оқып, зейінін берсе де, дінін берген жоқ. Олардан ұлттық рух қалай есіп тұрса, интернационалистігі де ұлтжандылықпен әдемі үйлесіп тұратын.

Б.Момышұлының ұғымында бар болмысымен өз ұлтының өкілі бола білу керек. Бауыржан аға бұлт ішінде найзағайдай жалт еткен тұлға болды. Б.Момышұлы шыншыл, тік мінезді, ашық-жарқын жан.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Оның бар ісі халықтың аузында жүр, бар өмірі халықтың көз алдында өтіп жатыр. Ал екінші жағынан бұл тұлға жалпы адам жайлы, шартты түрде болса да қалыптасқан түсінік көлемінде дәл келе бермейтін сияқты.

Бұл соғыстың салған жарасы әлі күнге дейін барлық ұлттың жүрегінде, мұні ешкім ешқашанда ұмытпайды. Осы жарқын өмірді сыйлаған әке, аға, апкелеріміздің ерлігі мәңгі үлгі.

Ұлы Отан соғысы тұсында бар ұлттың батыры атанған Б. Момышұлы бар ұлттың жазушысы. Оның ерлігі шығармашылық қанатты сөздері батырлығы ұрпаққа үлгі болар үлкен тәрбие.

Бауыржан атамыз секілді батыр да ержүрек ұлтжанды, отаның шексіз сүйетін азамат болып өсейік.

Хасанов Суннатулла

8 сынып оқушысы, «Қазақстанға 30 жыл» атындағы №3 көп
салалы мектеп- гимназиясы ОҚО Кентау қаласы
Жетекшісі: Р.Асылбекова

Ұлы жеңіске 71 жыл

Осыдан 71 жыл бұрын, 22 маусым күні таң қылаң бере фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан-бүкіл Кеңес Одағы сияқты алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Біздің жерлестеріміз майдан даласында, ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың Қазақстандық медаль ордендерімен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам адам «Даңқ» орденінің толық иегері атанған.

Бұл біздің елімізге төнген үлкен қауіп, әрі сын еді. Отанымызды қарғауға жастан, еңкейген кәріге дейін аттанды. Осы соғысқа атамның ағалары да қатысқан екен. Осы соғыста қаншама адам қаза тауып қаншамасы мүгедек атанды, қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен әжелеріміз де көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды біздер ешқашан ұмытпаймыз. Ұлы Отан соғысы халық өмірімен, тағдырымен тығыз байланысты. Бұл оқиғаны біз жүрегімізден алып тастай алмаймыз. Отан қорғауға ерлер мен әйелдердің құқығы тең болған еді.

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнде соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер арамыздан азайып барады. 9-мамыр - «Ұлы Жеңіс күні». Елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске алады. «Ер есімі - ел есінде», - дегендей бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды! Солардың қасиетті рухы, бүгінгі бейбіт тіршілігімізге күн нұрындай мәңгі шуағын шашпақ!

Шаншархан Бейбарыс

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы,
«Болашақ» негізгі орта мектебінің 8-сынып оқушысы

Батыр бабаларға мың тағзым

Тарих беті үнемі жаңарып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескерілмей қалмайтын тарихи оқиғалар айтарлықтай көп. Соның бірі әлемді дүр сілкіндірген екінші дүние жүзілік соғыстың қасіреті мен ұлы жеңістің қасіретін арқалаған қадірлі, қасиетті батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Ұлы Отан соғысы халыққа көптеген қасірет әкелді. Ұлы Отан соғысына Қазақстандықтардан 1 млн 200 мың адам қатысты. Соғыста олардың 600 мыңы қайтыс болды. Гитлер КСРО-ны «Барбаросса» жоспарымен 3-4 айда басып аламыз деп есептеді. Бірақ, соғыс 1418 күнге созылды. Гитлер бастаған фашистер 1941 жылы 22 маусымда КСРО аумағына баса көктеп кірді. 1941 жылдың 16 қарашасында немістер Москваға Волоколамск бағытында ұрысқа шықты. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1075-ұлан атқыштар полкы жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Взвод жауынгерлері бар жоғы 28-панфиловшылардың ерлігі ешқашан естен кетпейді. Олар 4 сағат бойы жауға тойтарыс берді. Жаудың 14 танкісінің көзін жойып, 28 панфиловшылар алапат батылдық танытып, теңдессіз жау күшіне едәуір қарсылық көрсетіп, ерлікпен қаза тапты. Солардың 22-сі қазақстандықтар еді.

Москва облысының Бородина селосының түбінде неміс штабына басып кіріп, немістердің көзін жойған Төлеген Тоқтаровқа Кеңес одағының батыры атағы берілді. Автоматшылар тобын басқарған Мәлік Ғабдуллин ерекше ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағын зор марапатпен алды. Бородина селосының түбінде Рамазан Амангелдиев 13 фашистің көзін жойды. Кеңес Одағы батыры алғандардың қатарында Маңғыстаулық Мәди Бөгенов, Жұмағали Қалдықадыров, Біләл Қалиев пен жауынгерлік «Даңқ» орденінің иегері Кемел Оңғарбаев бар. Хиуаз Доспанова қазақстандықтардың тұңғыш әскери ұшқышы. Ол жауға 300 рет әуеден шабуыл жасаған. Ол халық қаһарманы атағын иеленген. Хиуаз Доспанов сияқты кеудесін оққа тосқан қазақ қыздарының қатарында Ә. Молдағұлова мен М. Мәметова да бар. Осы сұрапыл соғыстың қатыгездігі соншалық қазақ қыздарының да жүрегіне өшпенділік беріп, жауға қарсы шабуға ықпалын тигізді. Ә. Молдағұлова жолдастарын алты рет шайқасқа өзі бастап шықты. Оған Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Олардың жанқиярлық ерлігі әрбір кітапта және әрбір патриотты жандардың жадында мәңгі сақтаулы. Сол сұрапыл, қанды қызыл соғыс жүріп жатқан кезде Қазақстан «Жеңіс үшін» зор үлес қосты. Соғыс көптеген балаларды жетім, әйелдерді жесір етті. Елде қалған жас балалар,

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

қарттар, әйел адамдар барлығы жабылып жүріп тылда еңбек етіп, астық, киім-кешекті соғыстағы қандастарымызға жіберіп отырған.

Бүгінде Ұлы жеңіске 71 жыл толып отыр. Соған орай «Болашақ» негізгі орта мектебінде 9-мамыр күні қарсаңында көптеген іс-шаралар өткізеді. Былтыр да «Болашақ» негізгі орта мектебінің оқушылары Ұлы Жеңістің мерейтойына арнап жүректі тербететін өлең шумақтарын шығарды. Мектеп ұжымымен 9 сынып оқушылары ауыл қарияларын жинап, оларға ардагер Мырзаұлы Тәлібай атамыз туралы деректі фильмді көрсетті. Ең басты жаңалық мектеп директоры Саламат Ашированың бастауымен «Ұлы Жеңіс-ұрпаққа аманат» атты үлгі беруші, Ұлы Жеңісті насихаттаушы кітапты дайындады. Бұл жинақта сол Ақбұлақ ауылындағы соғыс ардагерлерінің еңбектері, тылда тынбай бейнет кешкендердің еңбектері жайлы насихатталған.

Мен осы батыр ата-апаларымыздың ерліктерін негізге ала отырып, өлең жаздым. Бұл өлең сол ұрыста қыршын кеткен батыр аталарыма арналады.

Бабаларға тағзым

Етігімен қан кешкен,
Баһадүр Ерлер.
Өшпейсіңдер мәңгі естен,
Ел бағы сендер!

Отаны үшін от кешкен,
Айбындыларым!
Ұғынып жанды оқ тескен,
Қайғырды жаным.

Ардақты ардагер бабалар,
Аяулы Еңбек Ері аналар!
Жеткізген баққа жан кернер,
Сіздерден аққан қан мен тер...

Қанмен келген тәуелсіздікті әрқашан сақтап өтейік. Ешқашан соғыс болмасын. Мен соғысты жек көремін. Ұлы Жеңіс жасасын.

Шаханова Мадина

9 сынып № 5 Абай атындағы ЖОМ

ОҚО Кентау қаласы

Жетекшісі: Туребекова Анаркуль Зархановна

Ұлы Жеңіске – 71 жыл!

Соғыс жаңғыры жылдан-жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. XX ғасырдың орта кезінде болған алапат соғыс Екінші дүниежүзілік болса, соның бөлшегі Кеңес Одағының тарихында Ұлы Отан соғысы болды. Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақ майданға аттанып, Отаным, туған жерім қазақ елім, отбасым деп жолға шықты.

Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның есінде орны өшпес қасірет болды. Мыңдаған отбасы, балалар жетім, жесір болып қалды. Ашаршылықтан көрген азап аздай, енді соғысты көрулеріне тура келді. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама кинофильмдер түсірілді, өлеңдер шығарылды, кітаптар жазылды.

Ерлікпен шайқасып лайықты бағасын, ордендер алғандар да бар. Ал кейбіреулері тіпті молаға да зар болып ормандар да жатып қайтыс болғандар, суға батқандар өте көп. Олардың кейбіреулерінің мазараттары айдала да, әр жерде қалғандарды ғалымдар, археологтар табуды жалғастырып жатыр. Соғыста болған аталарымыздың ішінде үшті күйлі жоқ болып кеткендер бар. Немесе фашистердің қолына түсіп, тұтқындалып олардың халқыны қаза болғаны жетіп артылады. Отан соғысының ізінде жиі ашылмай жатқан ақиқаттар, еленбей қалған ерліктер, елеусіз жатқан ерлер қаншама?...

Оны ашып анықтау, белгісіз болып жатқан тағдырларды тауып елге танытып, лайықты атаққа ие болғызу, біздің, яғни болашақ ұрпақтың парызы. Өйткені олар осы бейбіт мемлекетте өмір сүріп жатқандары үшін өзінің ата-бабаларына риза болулары керек.

Ашық аспан, бейбіт өмір. Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Мұндай еркіндік бақатты адамзат тарихындағы ең жойқын күресте бесіктен белі шықпай еңбекке араласып, бұғанасы бекінбей қолына қару алып жауға шапқан, соғыстан қаза болған ата-бабаларымыз. Олар еркіндікті, тыныштықты, азаттылықты арман еткен, бірақ оған қол жеткізіп өздері бұл өмірден өтті. «Ер есімі-ел есінде»- бұл мақалдың түпкі мағынасын қазіргі ұрпақ біреуі біліп, біреуі білмес.

Ұрыста болған Бауыржан Момышұлы асқан қайрат иегері еді. Оның ерліктері танымал болғаны сонша, оны адамдар естерінен еш уақытта шығармайды. Ұрыста тек ерлер ғана емес әйелдер де қатысқан. Тіпті қыз

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

бала 15-16 жастағы Әлия Молдағұлова асқан тәкәппарлығымен патриоттық сезімі қайнаған, оның бұл ерлігі еш уақытта ұмытылмайды.

Бір кітаптарда жазылған, Әлия Молдағұлова өзінің оқу орнынан қашып, үлкен бір талдың үстіне қайтпастан отырып алған екен. Оны мұғалімдері, сыныптастары зорға дегенде іздеп тауып бұл талда неге отырсың? - деп сұрағанда, ол мынадай деп жауап беріпті: мені соғысқа жібермесендер, мен мына талдан өлсем де түспеймін деп қадалған жерінен қан алмай тұрып алыпты.

Мәншүк Маметова ол- қазақ атынан шыққын алғашқы әйел жауынгер. Ол

21 жасында майдан даласында қаза тапты. Мәншүк Маметова 1922 жылы дүниеге келіп және 1943 жылы қайтыс болды.

Бұл батырлардың есімдері ешқашан сөнбейді. Олардың есімдері тарихта әріппенен басылады. Өйткені, болашақ келесі ұрпақ оларды ешқашан ұмытпасын, қазіргі ғалым, тарих танушы ағаларымыз қолдарынан келгенше тырысып бағуда.

Эргешова Шахсанам

10 сынып, №12 мектеп-гимназия,
Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы.
Жетекшісі: Абдулакимов Улугбек Юлдашбекович

Ер ерлігі – бізге үлгі

Адамзат баласы айрықша атап өтетін есте қаларлық тарихи даталар аз емес. Соның ішінде Мамырдың 9-ы ең шоқтығы биік жасампазы, ең салтанаттысы, бірегейі. Ұлы Жеңіс мерекесі - бір жағынан қуанып, бір жағынан ұрыста опат болғандарды аза тұтып, қабырғамыз қайысар күн ретінде атап өтіледі. 1941 жылы 22 маусымда таңғы сағат 4-те тыныш ұйқыда жатқан елді басып кіріп соғыс ашқан фашистік Германия 1945 жылғы мамырдың 9-ында тізе бүгіп, жеңіліске ұшырады. Рейхстагқа Жеңіс туын қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев 1945 жылдың 30 сәуірде тігіп желбіретті. Ұлы Отан соғысы Жеңіспен аяқталды! Жеңіс күні тарих қойнауына тереңдеген сайын халықтың сұрапыл соғыс жылдарындағы ерлігінің, мұқалмас қажыр- қайратының, ынтымақ-бірлігінің тарихи мәні мен маңызы арта береді. Ұлы Отан соғысы ә дегеннен бүкілхалықтық сипатқа ие болды. Бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының барлық ұлттары мен ұлыстары фашизмге біркісідей көтеріліп, елін жерін қорғап қалды. Соғыстың сұрапыл жылдарында халықтар достығы мен бірлігінің беріктігі сыннан өтті. Жау күшті еді, өшіге, өршелене шабуылдады. Біздің ел тек жанқиярлықтың, рухани бірліктің, ұлтаралық достық пен өзара демеушіліктің арқасында ғана жеңіске жетті.

Соғыс 25 миллионнан астам адамның өмірін қиды, ондаған миллион адам жарымжан, жетім болып қалды. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақстандықтар өзге де халықтармен бірге, қолына қару алып, жерін, елін қорғауға аттанды. Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін 96648 қазақстандық жауынгер ордендерімен, медальдармен марапатталды. Бұлардың ішінде 509 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алса, солардың ішінен облысымыздан 47 адам, ал ауданымыздан 4 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды. Олар Таштемір Рустемов, Ботабай Садықов, Зиямат Хусанов, Владимир Вишневецкий. Жерлестеріміз қанды шеңгел дұшпанмен ерлерше шайқасты. Ұлы Отан соғысы жылдары ауданымыздан 20195 адам майданға аттанып, соның 8115-і еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін сұрапыл соғыста қаза тапты. Олардың ерлігін Отан алдындағы перзенттік борышты қалтқысыз орындаудың үлгісіне балаймын. Соғыс жылдары сайрамдықтар осы парызды жанқиярлықпен орындаудың небір үлгісін танытты. Солардың ішінде мектебімізге есімі берілген Кеңес Одағының Батыры атағын алған аталарымыздың бірі Таштемір Рустемов. Оның Отан соғысындағы қаһармандық ерліктері мен

Отанымызды қорғаудағы жанкештілігі үшін мақтаныш тұтамыз. Таштемір Рустемов 1906 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Қарабұлақ ауылында дүниеге келді. Әскерге шақырылғанға дейін Қарабұлақ ауылында жұмыс істеді. Майданға алғашқылардың бірі болып аттанып, 312-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 1083-ші полкы құрамында шайқасқан. Ол қызмет ететін алтыншы атқыштар ротасына Смоленск облысының Борисовка деревнясын қайтару жөнінде бұйрық берілді. Қардай бораған миномет және пулемет оқтарының астында Таштемір Рустемов сым шарбаққа алғашқылардың бірі болып жетіп, неміс траншеясына секіріп түседі. Ол гранаталармен, автоматтың оғымен жаудың 19 солдатын, 1 офицерін жер жастандырады, осылайша 4 атыс нүктесін жойып жібереді. Біздің жауынгерлерімізге жол ашады. Оның ең соңғы ерлігі өзінің жерлесі Шымберлеевпен бірге жау окобынан 50 кездей жерде жатқанда жасалды. Біздің жаяу әскерлерді жау жағы пулеметтен атқылап, оқ нөсерінің астына алған. Сол кезде Таштемір иығымен алға жылжып: "Бәріміз бірдей оққа ұшпайық. Жақындау жылжып барып, граната тастайын!" - дейді. Сөйтіп алға қарай жөнеледі. Таштемір Рустемов жақындап қалғанда оқ атылады. Ол бірнеше қадам жасап барып, жау пулеметінің оқтығын кеудесімен жабады. Біздің жауынгерлер неміс траншеясына секіріп түседі. 1944 жылғы маусымның 3-інде Таштемір Рустемовке қаза тапқаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Оның ерлігін анасына жіберілген қара хаттан көруге болады.

Осындай ерлік жасаған әр бір ердің есімдері мен ерліктері ешқашан ұмытылмайды.

Соғыс аяқтала салысымен елге аман оралған сарбаздар жаңа майданға - еңбек майданына бел шеше араласты. Ауданымыздың экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлкен еңбек сіңірді. Бұл күндері ел басына күн туып, толарсақтан саз кешкен сол бір ауыр жылдары Отан үшін от кешкен Жеңістен кейін қиындықтарға да қабырғасы қайыспай, туған жерді түлеткен майдангер аталарымыз бен еңбек ардагерлерін әрдайым құрметтейміз, атақ-абыройын асқақтатып, мақтаныш етеміз. Жеңіс күнін бұл күндері ауылымызда жоғары деңгейде атап өтеді. Бұл күнге барлық жақсылық жарасады деп білемін. Бейбіт өмір үшін ардагер ата-әжелерге алғыс айтамыз, оларға өлең арнап ән шырқаймыз, мәңгілік алауға гүл шоқтарын қоямыз. Қанды қырғын қайта тумасын, ешқашан соғыс болмасын. Соғысты өз көзімізбен көрмесек те оның қаншалықты қайғы қасірет әкелетінін жас жүрегімізбен сезіп білеміз. Ұлы Жеңісті жақындатқан әрбір жауынгердің ерлігі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Олар өз өмірін жарқын болашақ үшін қиды. Бүгінгі жас ұрпақ, біздер, олардың сенімін жақсы білім алып, халыққа адал қызмет етіп, Отанымыздың көркейіп дамуына үлес қосу арқылы ақтаймыз. Осындай ерлері көп елде тұратынымды мақтан етемін!